ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫСЫМ – жеке адамның өз мінез-құлқын, көзқарасын және әдеттерін өзі мүше болып отырған шағын топтың (құрдастар, әріптестер немесе ұжымның) талаптарына сай етуге мәжбүрлейтін психологиялық ықпал ету күші.

ӘЛЕУМЕТТІК ОСАЛ ТОП – жасына, денсаулық және отбасы жағдайына немесе әлеуметтік-экономикалық мәртебесінің төмен болуына байланысты жағдайы нашарлаған, қоғамның қолдауы мен қорғауына мұқтаж азаматтар санаты.

ӘЛЕУМЕТТІК ШИЕЛЕНІС – әлеуметтің өзара әрекеттесу түрі, тараптардың мақсаттары, құндылықтары мен мүдделерінен туындайтын қарсы күрес формасы.

ӘМБЕБАП КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТ – барлық азаматтың тұрғылықты жеріне қатысты емес, қолайлы бағамен қолжетімді болатын минималды байланыс қызметтерінің жиынтығы.

ӘРЕКЕТКЕ ҚАБІЛЕТСІЗ АДАМНЫҢ ӨКІЛІ – сот шешімімен әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танылған азаматтың мүдделерін қорғайтын адам.

СОЦИАЛЬНЫЙ РИСК – возможность (вероятность) наступления неблагоприятных обстоятельств, в результате которых гражданин лишается средств к существованию и нуждается в социальной помощи от государства.

СОЦИАЛЬНОЕ ДАВЛЕНИЕ – сила психологического воздействия, вынуждающая личность приводить свое поведение, взгляды и привычки в соответствие с требованиями малой группы (сверстников, коллег или коллектива), в которой она состоит.

СОЦИАЛЬНО УЯЗВИМЫЕ ГРУППЫ – категория граждан, чье положение ухудшилось из-за возраста, состояния здоровья и семейного положения или низкого социально-экономического статуса, и которые нуждаются в поддержке и защите общества.

СОЦИАЛЬНЫЙ КОНФЛИКТ – тип социального взаимодействия, форма противоборства сторон, обусловленная противоречиями интересов, ценностей и целей.

УНИВЕРСАЛЬНАЯ УСЛУГА – минимальный набор услуг связи, который должен быть доступен всем гражданам, независимо от места проживания, по приемлемым ценам.

ПРЕДСТАВИТЕЛЬ НЕДЕЕСПОСОБНОГО ЛИЦА – лицо, которое защищает интересы гражданина, признанного судом недееспособным или ограниченно дееспособным.

ӘРЕКЕТКЕ ҚАБІЛЕТТІК — азаматтың заңмен танылған өз әрекеттерімен азаматтық құқықтарға ие болу, оларды жүзеге асыру, сондай-ақ азаматтық міндеттерін жасау және орындау қабілеті.

ӘРЕКЕТТІҢ ТҮПКІ МӘНІСІ — субъектінің белгілі бір әрекетті жүзеге асыру барысындағы негізгі идеясы, мақсаты мен ниеті, жасалатын әрекеттің ішкі негізі мен бағыт-бағдары.

ӘСКЕРГЕ ШАҚЫРЫЛУШЫ — заңда белгіленген тәртіппен мерзімді әскери қызметке шақырылатын азамат.

ӘСКЕРИ ЕСЕПКЕ АЛУ — әскерге шақырылушылар, әскери қызметшілер және жұмылдыру ресурстары туралы сандық және сапалық деректерді есепке алу мен талдау жүйесі.

ӘСКЕРИ ҚЫЛМЫС ҮШІН ЖАУАПТЫЛЫҚ — әскери қызметшінің әскери міндеттерін орындау ережелерін бұзғаны үшін Қылмыстық кодексте белгіленген жазаға тартылуы.

ӘСКЕРІЛЕНГЕН ҚҰРАЛЫМ — әскери ұйым қағидаттарына сәйкес құрылған, арнайы міндеттерді орындайтын және қару-жарақпен, әскери техникамен қамтамасыз етілген мемлекеттік орган немесе ұйым.

ДЕЕСПОСОБНОСТЬ — признанная законом способность гражданина своими действиями приобретать и осуществлять гражданские права, а также создавать и исполнять гражданские обязанности.

ЗАМЫСЕЛ ДЕЙСТВИЙ — основная идея, цель и намерение субъекта при осуществлении определённых действий, внутренняя основа и направленность совершаемого поступка.

ПРИЗЫВНИК — гражданин, подлежащий призыву на срочную военную службу в установленном законом порядке.

ВОИНСКИЙ УЧЕТ — система учета и анализа количественных и качественных данных о призываемых в армию (призывниках), военнослужащих и мобилизационных ресурсах.

ОТВЕТСТВЕННОСТЬ ЗА ВОИНСКОЕ ПРЕСТУПЛЕНИЕ — привлечение военнослужащего к наказанию, установленному Уголовным кодексом, за нарушение правил исполнения воинских обязанностей.

ВОЕНИЗИРОВАННОЕ ФОРМИРОВАНИЕ — государственный орган или организация, созданная в соответствии с принципами военной организации, предназначенная для выполнения специальных задач и обеспеченная вооружением, военной техникой.

ББ

БАҒА БЕЛГІЛЕНІМІ – сатушының немесе сатып алушының белгілі бір қаржы активін (акция, валюта) нақты бағаға сатуға немесе сатып алуға дайын екенін көрсететін нарықтағы құны.

БАҒА ҰСЫНЫСТАРЫНЫҢ СҰРАНЫМ ТӘСІЛІ – тапсырыс берушінің әлеуетті өнім берушілерден (орындаушылардан) тауар, жұмыс немесе көрсетілетін қызметке ұсынатын бағасын сұрату арқылы ең тиімді ұсынысты таңдау әдісі.

БАҒАЛАУ – объектінің сапасын, құндылығын, жай-күйін немесе өзге де сипаттамаларын анықтауға бағытталған талдау және қорытынды шығару үдерісі.

БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ЖАСАҚТАМА – компьютерлік жүйенің жұмыс істеуіне қажет бағдарламалар мен бағдарламалық кодтар, сонымен қатар оларды пайдалануға қажет техникалық құжаттамалар жиынтығы.

БАҒДАРЛАМАЛЫҚ САУДА – жарнама орындарды немесе қаржы активтерін сатып алу және сату үдерісін автоматты түрде жүзеге асыратын, арнайы бағдарламалық құралдар мен алгоритмдерді қолданатын сауда тәсілі.

БАҒЫНЫСТЫЛЫҚ – төменгі тұрған органның немесе тұлғаның жоғары тұрған басшының (органның) бұйрықтарын орындауға, оған есеп беруге және оның бақылауында болуын міндеттейтін

ЦЕНОВАЯ КОТИРОВКА – рыночная стоимость, которая показывает готовность продавца или покупателя продать или купить определенный финансовый актив (акцию, валюту) по конкретной цене.

СПОСОБ ЗАПРОСА ЦЕНОВЫХ ПРЕДЛОЖЕНИЙ – метод выбора наиболее выгодного предложения путем запроса заказчиком ценовых предложений у потенциальных поставщиков (исполнителей) на товары, работы или услуги.

ОЦЕНКА – процесс анализа и вынесения заключения, направленный на определение качества, ценности, состояния или иных характеристик объекта.

ПРОГРАММНОЕ ОБЕСПЕЧЕНИЕ – совокупность программ и программных кодов необходимых для функционирования компьютерной системы, а также технической документации, необходимой для их использования.

ПРОГРАММНАЯ ТОРГОВЛЯ – способ покупки и продажи рекламных мест или финансовых активов с использованием специализированных программных средств и алгоритмов в автоматическом режиме.

ПОДЧИНЕННОСТЬ – система организационно-правовых отношений, обязывающая нижестоящий орган или лицо исполнять приказы, отчитываться и находиться под контролем вышестоящего руководителя (органа).

ұйымдастыру-құқықтық қатынастар жүйесі.

БАЖ – қандай да бір қызмет көрсету немесе заңи маңызы бар құжаттарды беру кезінде мемлекеттік органдар алатын ақшалай алым.

БАЖСЫЗ САУДА – кеден баждарын, салықтар мен қосымша алымдарды төлемей, тауарларды сату және сатып алуды жүзеге асыратын сауда түрі.

БАЗАЛЫҚ ЕРЕЖЕ – қызметтің, жүйенің немесе үдерістің негізін құрайтын және барлық қалған ереже мен нормаға негіз болып, оларды реттейтін бастапқы әрі іргелі ережелер жиынтығы.

БАЗИСТІК БАҒА – экономикада белгілі бір уақытта немесе жағдайда тауарлар мен қызметтердің құнын анықтауға негіз ретінде алынатын, жоспарлау мен статистикалық есеп жүргізуге арналған, өндіріс қарқыны, өнімнің өзіндік құны мен экономикалық көрсеткіштердің өзгеруін салыстыруға мүмкіндік беретін шартты немесе бастапқы баға.

БАЗИСТІК ТӘУЕКЕЛ – фьючерстік келісімшарттар арқылы хедж жасау кезінде нақты нарықтық баға мен фьючерстік бағаның арасындағы айырмашылықтың (азистің) өзгеруінен туындайтын қаржылай шығынға ұшырау қатері.

БАЙҚАУ – белгілі бір объектінің, үдерістің немесе тұлғаның әрекеттерін жүйелі түрде қадағалау, олардың жағдайын, даму барысын және

ПОШЛИНА – денежная плата, взимаемая государственными органами за оказание определённых услуг или выдачу документов, имеющих юридическое значение.

БЕСПОШЛИННАЯ ТОРГОВЛЯ – вид торговли, при котором продажа и покупка товаров осуществляются без уплаты таможенных пошлин, налогов и дополнительных сборов.

БАЗОВЫЕ ПРАВИЛА – совокупность исходных и фундаментальных правил, составляющих основу деятельности, системы или процесса, которые служат фундаментом (основой) для всех остальных правил и норм и регулируют их.

БАЗИСНАЯ ЦЕНА – в экономике это условная или исходная цена, которая принимается за основу при определении стоимости товаров и услуг в определенное время или при определенных условиях, предназначенная для планирования и ведения статистического учета, а также позволяющая сравнивать темпы производства, себестоимость продукции и изменение экономических показателей.

БАЗИСНЫЙ РИСК – риск финансовых потерь, возникающий при хеджировании с использованием фьючерсных контрактов в результате изменения разницы (базиса) между фактической рыночной ценой и фьючерсной ценой.

НАБЛЮДЕНИЕ – действие, направленное на систематический контроль за деятельностью определенного объекта, процесса или лица,

заңнамалық талаптар мен ереже-
лердің орындалуын тексеру мақса-
тындағы әрекет.

***Ескертпе.** «Бақылау» сөзі «конт-
роль» болып аударылады. Анықта-
масы әліпби ретімен берілді.*

БАЙҚАУ БЕКЕТІ – аумақты толық
шолуға болатын жерге орналасты-
рылған, бақылау, байланыс құрал-
дарымен жабдықталған, белгілен-
ген мерзімге дейін үздіксіз барлау
жүргізіп, анықталған белгілерді
тіркеу және қолбасшылыққа хабар-
лау міндетін атқаратын әскери қыз-
метшілер тобы.

БАЙҚАУ ПУНКТИ – қоршаған ор-
таның метеорологиялық, агромете-
орологиялық және гидрологиялық
сипаттамаларын бақылайтын стаци-
онарлық немесе жылжымалы пункт.

БАЙҚАУШЫ – заңнамада белгілен-
ген тәртіппен сайлау үдерісінің, сот
отырысының, жиналыстың немесе
басқа да іс-шараның барысын қа-
дағалауға құқығы бар адам.

**БАЙЛАНЫСТЫҢ БӨЛЕКТЕЛГЕН
ЖЕЛІЛЕРІ** – кейбір мемлекеттік
органдар, ұйымдар немесе кәсіпо-
рындардың жалпы (қоғамдық)
қолданысынан тыс, негізінен қыз-
меттік, өндірістік немесе арнайы
мақсаттарда құрылатын және пай-
даланылатын телекоммуникация-
лық желілер.

БАҚЫЛАП ӨЛШЕУ АКТІСІ – нақты
орындалған жұмыстардың көлемін
анықтайтын бақылау құжатының
бір түрі.

проверку их состояния, хода и со-
ответствия законодательным тре-
бованиям и нормам.

***Примечание.** Слово «бақылау» пе-
реводится как «контроль». Опре-
деление приведено в алфавитном
порядке.*

НАБЛЮДАТЕЛЬНЫЙ ПОСТ –
группа военнослужащих, размещен-
ная в месте с полным обзором тер-
ритории, оснащенная средствами
наблюдения и связи, которая выпол-
няет задачу непрерывной разведки,
фиксирования обнаруженных при-
знаков и сообщения командованию
до установленного срока.

ПУНКТ НАБЛЮДЕНИЙ – стаци-
онарный или передвижной пункт
наблюдений за метеорологически-
ми, агрометеорологическими и ги-
дрологическими характеристиками
окружающей среды.

НАБЛЮДАТЕЛЬ – лицо, которое в
установленном законодательством
порядке имеет право наблюдать за
ходом избирательного процесса,
судебного заседания, собрания или
иного мероприятия.

ВЫДЕЛЕННЫЕ СЕТИ СВЯЗИ –
телекоммуникационные сети, ко-
торые создаются и используются
отдельными государственными ор-
ганами, организациями или пред-
приятиями вне общего (публично-
го) пользования, как правило, для
служебных, производственных или
специальных целей.

АКТ КОНТРОЛЬНЫХ ОБМЕРОВ –
вид контрольного документа, кото-
рый определяет объем фактически
выполненных работ.

БАҚЫЛАУ – уәкілетті органдардың немесе лауазымды адамның заңдар, құқықтық актілер мен міндеттемелердің орындалуын байқау, тексеру және бағалау бойынша қызметі.

***Ескертпе.** «Байқау» сөзі «наблюдение» болып аударылады. Анықтамасы әліпби ретімен берілді.*

БАҚЫЛАУ БЕКЕТІ – мемлекеттік органдар немесе уәкілетті құрылымдардың белгілі бір аумақтағы жүктердің, көлік құралдарының, адамдардың қозғалысын тексеру, рұқсат беру немесе шектеуге арналған арнайы ұйымдастырылған пункті.

БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ ҚАДАҒАЛАУ ОРГАНДАРЫ – заңнамаға сәйкес лицензиялауды немесе өзге де рұқсат құжаттарын беруді, тіркеу есебіне қоюды, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалар қызметінің заңдарда белгіленген талаптарға сәйкестігін тексеру мен байқауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдар мен олардың аумақтық бөлімшелері.

БАҚЫЛАУ ФУНКЦИЯСЫ – жеке немесе заңды тұлға қызметінің заңнама талаптарына сәйкестігін тексеру және байқау, ауытқуларды анықтау және құқық актілерінде қарастырылған ықпал ету шараларын қолдану арқылы жүзеге асырылатын мемлекеттік органның функциясы.

БАҚЫЛАУ ЧЕГІ – бақылау-касса машинасы (БKM) беретін және сатушы мен сатып алушы арасында ақша операциясын жасау фактісін растайтын құжат.

КОНТРОЛЬ – деятельность уполномоченных органов или должностных лиц по наблюдению, проверке и оценке соблюдения законов, правовых актов и обязательств.

***Примечание.** Слово «байқау» переводится как «наблюдение». Определение приведено в алфавитном порядке.*

КОНТРОЛЬНЫЙ ПОСТ – специально организованный пункт государственных органов или уполномоченных структур для проверки, допуска или ограничения движения людей, транспортных средств и грузов на определённой территории.

ОРГАНЫ КОНТРОЛЯ И НАДЗОРА – государственные органы и их территориальные подразделения, осуществляющие в соответствии с законодательством лицензирование или выдачу иных разрешительных документов, постановку на регистрационный учет, а также проверку и наблюдение на предмет соответствия деятельности физических и юридических лиц установленным требованиям законов.

КОНТРОЛЬНАЯ ФУНКЦИЯ – функция государственного органа, осуществляемая через проверку и наблюдение за соответствием деятельности физического или юридического лица требованиям законодательства, выявление отклонений и применение предусмотренных правовыми актами мер воздействия.

КОНТРОЛЬНЫЙ ЧЕК – документ, выдаваемый контрольно-кассовой машиной (ККМ) и подтверждающий факт совершения денежной операции между продавцом и покупателем.

БАЛАМА МІНДЕТТЕМЕ – борышкерді қарастырылған бірнеше әрекеттердің тек біреуін ғана орындауға міндеттейтін заңи міндеттеме.

БАЛАНСТЫҚ ШЫҒЫН – ұйымның есепті кезеңдегі шығыстары кірістерінен асып кеткен жағдайда пайда болатын шығыстары.

БАНК АУДАРЫМЫ – төлем тапсырмасы бойынша ақшалай қаражатты бір тұлғаның банк шотынан екінші тұлғаның банк шотына аудару арқылы жүзеге асырылатын ақшасыз есеп айырысу тәсілі.

БАНК БАНКРОТТЫҒЫ – банк өзінің кредиторлар алдындағы міндеттемелерін толық әрі уақытында орындау қабілетін жоғалтқан жағдайда, оның төлем қабілетсіздігін соттың заңды түрде тануы және одан кейін банкроттық рәсімдерін (санация, қайта ұйымдастыру немесе жою) қолдану үдерісі.

БАНК БИЛЕТТЕРІ – Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі шығарған, айналыста жүретін және төлем құралы ретінде металл ақшаның орнына пайдаланылатын қағаз ақша.

БАНК ВЕКСЕЛІ – иесіне вексельде көрсетілген соманы белгіленген мерзімде төлеуге кепілдік беретін, банк міндеттемесін растайтын, қарыздық құнды қағаз.

АЛЬТЕРНАТИВНОЕ ОБЯЗАТЕЛЬСТВО – юридическое обязательство, при котором должник обязан выполнить только одно из нескольких предусмотренных действий.

БАЛАНСОВЫЕ УБЫТКИ – убытки, возникающие в результате превышения расходов над доходами организации за отчетный период.

БАНКОВСКИЙ ПЕРЕВОД – безналичный способ расчётов, осуществляемый путем перевода денежных средств с банковского счёта одного лица на банковский счёт другого лица по платёжному поручению.

БАНКРОТСТВО БАНКА – процесс юридического признания судом неплатежеспособности банка в случае утраты им способности полностью и своевременно исполнять свои обязательства перед кредиторами, с последующим применением процедур банкротства (санации, реорганизации или ликвидации).

БАНКОВСКИЕ БИЛЕТЫ – бумажные деньги, выпущенные Национальным банком Республики Казахстан, находящиеся в обращении и используемые в качестве платёжного средства вместо металлических денег.

БАНКОВСКИЙ ВЕКСЕЛЬ – долговая ценная бумага, подтверждающая обязательство банка выплатить владельцу указанную в ней сумму денег в установленный срок.

БАНК ДЕКЛАРАЦИЯСЫ – активтер, пассивтер, кірістер мен шығыстар жөніндегі мәліметтерді қоса алғандағы банк қызметін қамтитын, белгілі бір мерзімде жасалып, мемлекеттік және қадағалаушы органдарға ұсынылатын бекітілген есептілік форма.

БАНК ДЕПОЗИТІ – жеке немесе заңды тұлғаның қаражатын сақтау және одан пайыз (сыйақы) алу үшін банкке белгілі бір шарттармен (мерзімді немесе талап етілгенге дейінгі) берген ақша сомасы, оны банк қайтаруға және шарттағы тәртіппен сыйақы төлеуге міндеттенеді.

БАНК ЖҮЙЕСІ – Қазақстан Республикасының заңнамасы негізінде қызмет ететін, Ұлттық Банкі мен екінші деңгейдегі барлық банкті қамтитын екі деңгейлі жүйе.

БАНК КОМИССИЯСЫ – банктің шартқа немесе банк тарифтеріне сәйкес көрсеткен қызметтері (ақша аудару, кеңестер) үшін алатын ақысы.

БАНК КРЕДИТІ – банктің шартқа сәйкес қарыз алушыға мерзімділік, ақылы және қайтарымдылық талапшарттарымен беретін ақшалай қаражаты.

БАНК ҚҰЖАТЫ – банк операцияларын реттеу және ішкі басқару үшін қолданылатын шарттар, тарифтер, нұсқаулықтар және шот-фактура сияқты ресми жазбаша немесе электрондық құжаттар.

БАНКОВСКАЯ ДЕКЛАРАЦИЯ – утверждённая отчётная форма, отражающая деятельность банка, включая сведения об активах, пассивах, доходах и расходах, составляемая в определённые сроки и представляемая государственным и надзорным органам.

БАНКОВСКИЙ ДЕПОЗИТ – сумма денежных средств, переданная физическим или юридическим лицом банку на определённых условиях (срочных или до востребования) с целью их хранения и получения процентов (вознаграждения), которую банк обязуется возвратить и выплатить вознаграждение в порядке, предусмотренном договором.

БАНКОВСКАЯ СИСТЕМА – действующая на основе законодательства Республики Казахстан двухуровневая система, которая включает Национальный Банк и все банки второго уровня.

БАНКОВСКАЯ КОМИССИЯ – плата, взимаемая банком за оказанные услуги (денежные переводы, консультации) в соответствии с договором или банковскими тарифами.

БАНКОВСКИЙ КРЕДИТ – денежные средства, предоставляемые банком заемщику на условиях срочности, платности и возвратности в соответствии с договором.

БАНКОВСКИЙ ДОКУМЕНТ – применяемые банком для регулирования операций и внутреннего управления официальные письменные и электронные документы, такие как договоры, тарифы, инструкции и счета-фактуры.

БАНК ҚҰҚЫҒЫ – банктерді құруды, олардың қызметін, құқықтары мен міндеттерін, сондай-ақ банктер мен клиенттері арасындағы қатынастарды реттейтін құқық саласы.

БАНК ҚҰПИЯСЫ – заңнамада белгіленген құпия режим, оған сәйкес банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын банктер, ұйымдар, сондай-ақ олардың қызметкерлері клиент ақпараттарын қорғауды қамтамасыз етуге және оны үшінші тұлғаға, клиенттің келісімінсіз жария етпеуге міндетті.

БАНК ҚЫЗМЕТІ – банктің өз операцияларын (салымдарды қабылдау, кредит беру, валюталық операциялар) жүргізу бойынша лицензияланған қызметі.

БАНК МАРКЕТИНГІ – банктің өз өнімдері мен көрсетілетін қызметтерін қаржы нарығында ілгерілету, жаңа клиенттер тарту және бренд танымалдығын арттыру мақсатындағы іс-шаралар кешені.

БАНК ОПЕРАЦИЯЛАРЫ – банктің немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға лицензия негізінде жүргізуге рұқсат етілген, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген қаржылық қызметтер.

БАНК ӨТІМДІЛІГІ – банктің өз міндеттемелерін өтімді активтері есебінен уақытылы әрі толық орындай алу қабілетті.

БАНКОВСКОЕ ПРАВО – отрасль права, регулирующая создание, деятельность, права и обязанности банков, а также взаимоотношения между банками и их клиентами.

БАНКОВСКАЯ ТАЙНА – установленный законодательством режим конфиденциальности, при котором банки, организации, осуществляющие отдельные виды банковских операций, а также их сотрудники обязаны обеспечивать защиту информации о клиентах, не подлежащей разглашению третьим лицам без согласия клиента.

БАНКОВСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ – лицензируемая деятельность банка по проведению банковских операций (приём вкладов, выдача кредитов, валютные операции).

БАНКОВСКИЙ МАРКЕТИНГ – комплекс мер, направленный на продвижение продуктов и услуг банка на финансовом рынке, привлечение новых клиентов и повышение узнаваемости бренда.

БАНКОВСКИЕ ОПЕРАЦИИ – финансовые услуги, предусмотренные законодательством Республики Казахстан, которые разрешено проводить на основании лицензии банкам или организациям, осуществляющим отдельные виды банковских операций.

БАНКОВСКАЯ ЛИКВИДНОСТЬ – способность банка своевременно и в полном объёме исполнять свои обязательства за счёт ликвидных активов.

БАНК ПРАКТИКАСЫ – банк қызметтерінде қолданылатын, тұрақталған рәсімдер, әдістер мен стандарттар жиынтығы.

БАНК ТӘУЕКЕЛІ – банктің өз қызметін жүзеге асыруы барысында қаржы тұрақтылығына, кірісіне немесе капиталына теріс әсер ететін, жоспарланбаған шығындарға әкелетін ішкі немесе сыртқы жағдайлардың туындау мүмкіндігі.

БАНК ХОЛДИНГТЕРІНІҢ ЕСЕПТІЛІГІ – қадағалаушы органдарға белгіленген тәртіппен ұсынылатын, банк холдингтерінің қаржы жағдайы, қызметінің нәтижелері мен ақша қозғалысының толық және шынайы ақпаратын қамтитын есептер жиынтығы.

БАНК ЧЕГІ – бағалы қағаз, онда чек жазушының (банк шотының иесі) банкке (төлеушіге) жазбаша, ешқандай шартсыз, белгілі бір соманы чек ұстаушыға (чек көрсетушіге) чек жазушы қаражаты есебінен төлеуін білдіретін жазбаша тапсырмасы.

БАНК ШОТЫНЫҢ ШАРТЫ – банк пен клиент арасындағы банк шотын ашу және жүргізу шарттарын анықтайтын келісім.

БАНКНОТ АЙНАЛЫСЫ – банкноттарды айналымға шығару, пайдалану және оларды айналымнан алу үдерісі.

БАНКОВСКАЯ ПРАКТИКА – совокупность устоявшихся процедур, методов и стандартов, применяемых в банковской деятельности.

БАНКОВСКИЙ РИСК – возможность возникновения внутренних или внешних условий, негативно влияющих на финансовую стабильность, доход или капитал банка при осуществлении им своей деятельности, приводящих к незапланированным убыткам.

ОТЧЕТНОСТЬ БАНКОВСКИХ ХОЛДИНГОВ – совокупность отчетов банковских холдингов, содержащих полную и достоверную информацию об их финансовом положении, результатах деятельности и движении денежных средств, предоставляемых надзорным органам в установленном порядке.

БАНКОВСКИЙ ЧЕК – ценная бумага, содержащая ничем не обусловленное письменное поручение чекодателя (владельца банковского счёта) банку (плательщику) выплатить определённую сумму денег чекодержателю (предъявителю чека) за счёт средств чекодателя.

ДОГОВОР БАНКОВСКОГО СЧЁТА – соглашение между банком и клиентом, определяющее условия открытия и ведения банковского счёта.

БАНКНОТНОЕ ОБРАЩЕНИЕ – процесс выпуска, использования и изъятия банкнот из денежного обращения.

БАНКРОТТЫҚТЫ ЖАСЫРУ – тұлға өзінің төлем қабілетсіздігін әдейі жасырып, заңды бұзу әрекетіне баруы.

БАНКТЕГІ ЕСЕПКЕ АЛУ МЕН ЕСЕПТІЛІК – банктің қаржы операцияларын, активтері мен міндеттемелерін тіркеу, жүйелеу және қорытындылау, сондай-ақ оның қызметі туралы ақпаратты белгіленген формада көрсету үдерісі.

БАНКТІҢ ЕСЕПКЕ АЛУ МӨЛШЕРЛЕМЕСІ – Ұлттық Банктің ақша-кредит саясатының құралы ретінде коммерциялық банктерді қайта қаржыландыру және РЕПО операцияларына белгілейтін пайыздық мөлшерлемесі.

***Ескертпе.** РЕПО мәмілесі немесе РЕПО келісімі (ағылш. repurchase agreement, repo) – осы келісімде алдын ала белгіленген баға бойынша белгілі бір мерзімнен кейін кері сату (сатып алу) міндеттемесімен бағалы қағазды сатып алу (сату) мәмілесі.*

БАНКТІҢ ҚАДАҒАЛАУЫ – банк жүйесінің тұрақтылығын сақтау, жүйелік қатерлердің алдын алу және салымшылар мен кредиторлардың құқығын қорғау үшін уәкілетті мемлекеттік органның жүзеге асыратын реттеу-бақылау қызметі.

БАНКТІҢ ҚАРЫЗ ОПЕРАЦИЯСЫ – банктің ақшалай қаражатын белгілі бір мерзімге және келісілген сыйақы (пайыз) төлеу шартымен қарыз алушыға (клиентке) беруіне байланысты жүргізілетін негізгі белсенді операция.

СОКРЫТИЕ БАНКРОТСТВА – умышленное сокрытие лицом своей неплатежеспособности, являющееся нарушением закона.

УЧЕТ И ОТЧЕТНОСТЬ В БАНКЕ – процесс регистрации, систематизации и обобщения финансовых операций, активов и обязательств банка, а также представление информации о его деятельности в установленной форме.

БАНКОВСКАЯ УЧЕТНАЯ СТАВКА – процентная ставка, устанавливаемая Национальным Банком в качестве инструмента денежно-кредитной политики и применяемая в операциях по рефинансированию и РЕПО.

***Примечание.** Сделка РЕПО, или соглашение РЕПО (от англ. repurchase agreement, repo) – сделка купли (продажи) ценной бумаги с обязательством обратной продажи (покупки) через определенный срок по заранее определённой в этом соглашении цене.*

БАНКОВСКИЙ НАДЗОР – осуществляемая уполномоченным государственным органом регуляторно-контрольная деятельность, направленная на поддержание стабильности банковской системы, предотвращение системных рисков и защиту прав вкладчиков и кредиторов.

БАНКОВСКАЯ ЗАЕМНАЯ ОПЕРАЦИЯ – основная активная операция, осуществляемая банком, связанная с предоставлением денежных средств заемщику (клиенту) на определенный срок

БАНКТИҢ ПЛАСТИК КАРТАСЫ – ұстаушысына (иесіне) электрондық терминалдар немесе басқа байланыс арналарымен төлем және ақша аударымдарын жасауға, қолма-қол ақша алуға, сондай-ақ эмитент-банк белгілеген басқа да операцияларды жүргізуге мүмкіндік беретін, банктегі бір немесе бірнеше есеп айырысу шотына байланған пластик (немесе өзге материалдан жасалған) құрал.

БАРАБАРЛЫҚ – заттың, құбылыстың өзіне-өзі тең болуын немесе бірнеше заттың өзара теңдігін білдіретін ұғым.

Ескертпе. Қазақ тіліндегі «барабарлық» термині әдетте сандық, сапалық (тәуекелді бағалаудың барабарлығы, шекті мәндердің барабарлығы, шаралардың барабарлығы және т.б.) немесе құқықтық теңдік пен салыстыру жайында айтылатын мәнімәтіндерде қолданылады, адамның мінез-құлқын сипаттау үшін қолданылмайды.

БАРТЕРЛІК МӘМІЛЕ – тараптар арасындағы құны бойынша баламалы тауарларды (немесе көрсетілетін қызметтерді) тікелей ақшасыз айырбастауды көздейтін мәміле.

БАРТЕРЛІК САУДА – екі немесе бірнеше тараптың өзара келісімі негізінде бір тауарды немесе көрсетілетін қызметті екінші бір тауарға немесе көрсетілетін қызметке балама ретінде айырбастауға бағытталған ақшасыз мәміле нысаны.

и под условием выплаты согласованного вознаграждения (процента).

БАНКОВСКАЯ ПЛАСТИКОВАЯ КАРТОЧКА – пластиковое (или иное) средство, привязанное к одному или нескольким расчетным счетам в банке, которое позволяет ее держателю совершать платежи и денежные переводы, получать наличные деньги, а также проводить другие операции, установленные банком-эмитентом, посредством электронных терминалов или других каналов связи.

АДЕКВАТНОСТЬ – понятие, выражающее равенство предмета или явления самому себе или взаимное равенство нескольких предметов.

Примечание. Термин «барабарлық» в казахском языке обычно используется в контекстах, относящихся к количественному, качественному (адекватность оценки риска, адекватность предельных значений, адекватность мер и т.д.) или юридическому равенству и сравнению и не используется для описания человеческого поведения.

БАРТЕРНАЯ СДЕЛКА – сделка между сторонами, предусматривающая прямой безденежный обмен товарами (или услугами), эквивалентными по стоимости.

БАРТЕРНАЯ ТОРГОВЛЯ – форма безденежной сделки, при которой стороны по взаимному соглашению обменивают один товар (или услугу) на другой на условиях их эквивалентной стоимости.

БАС АКТІ – құқықтық реттеу жүйесінде немесе жекелеген құқық саласында негізгі қағидалар мен ережелерді бекітіп, өзге құқықтық актілерге негіз болатын, іргелі нормативтік құқықтық акт.

БАС БОСТАНДЫҒЫНАН АЙЫРУ – сотталған адамды арнаулы түзеу мекемесіне (түзеу колониясы, түрме) жатқызу арқылы оны қоғамнан оқшаулауды көздейтін қылмыстық жазаның бір түрі.

БАС КЕЛІСІМ – әлеуметтік әріптестік тараптар арасындағы (үкімет, жұмыс берушілер мен жұмыскерлердің республикалық бірлестіктері) республикалық деңгейдегі әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеудің жалпы қағидаттарын белгілейтін жазбаша келісім түріндегі құқықтық акті.

БАСҚАРУ ДАҒДЫЛАРЫ – ұйымның, ұжымның немесе жекелеген үдерістердің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін қажетті кәсіби қабілеттер мен тәжірибеге негізделген іс-әрекеттер кешені.

БАСҚАРУ НЫСАНЫ – белгілі бір өлшемшарттар немесе стандарттар негізінде объектінің, құбылыстың, үдерістің немесе қызмет нәтижесінің сандық немесе сапалық сипатын анықтау үдерісі.

ГЕНЕРАЛЬНЫЙ АКТ – фундаментальный нормативно-правовой акт, закрепляющий основные положения и правила в системе правового регулирования или в области отдельного права и являющийся основой для иных правовых актов.

ЛИШЕНИЕ СВОБОДЫ – вид уголовного наказания, заключающийся в принудительной изоляции осуждённого от общества путём его помещения в специальное исправительное учреждение (исправительную колонию или тюрьму).

ГЕНЕРАЛЬНОЕ СОГЛАШЕНИЕ – правовой акт в форме письменного соглашения между сторонами социального партнёрства (правительством, республиканскими объединениями работодателей и работников), устанавливающий общие принципы регулирования социально-трудовых отношений на республиканском уровне.

УПРАВЛЕНЧЕСКИЕ НАВЫКИ – комплекс действий, основанных на профессиональных способностях и опыте, необходимых для обеспечения эффективной работы организации, коллектива или отдельных процессов.

ФОРМА ПРАВЛЕНИЯ – процесс определения количественных или качественных характеристик объекта, явления, процесса или результата деятельности на основе определённых критериев или стандартов.

БАСҚЫ КОМПАНИЯ – басқа заңды тұлғаның (еншілес кәсіпорынның) жарғылық капиталында басым үлеске ие болатын немесе оның қызметіне айтарлықтай ықпал ете алатын заңды тұлға.

БАСТАМА – мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарына немесе басқа бағдарлама құжаттарына бұдан бұрын енгізілмеген аяны, саланы, өңірді дамытуға бағытталған жаңа мақсаттар мен міндеттердің жиынтығы.

БАСТАМА ЖАСАУ – белгілі бір құқықтық немесе әкімшілік әрекеттің, рәсім не үдерістің (қозғау, ұсыну, енгізу), сондай-ақ заң жобасын әзірлеу және оны қарауға енгізу, сот ісін қозғау, тергеп-тексеруді бастау немесе заңда көзделген өзге де әрекеттердің басталуын білдіреді.

БАСТАПҚЫ НАРЫҚ – қаржы құралдарының, бағалы қағаздардың немесе басқа активтердің алғаш рет шығарылып (эмиссияланып), инвесторларға сатылатын нарығы.

БАСШЫЛЫҚ БАҚЫЛАУЫ – басқару субъектісінің ұйым немесе мемлекеттік орган қызметінің орындалу үдерісін жүйелі байқауы.

БАСШЫЛЫҚ, ЖЕТЕКШІЛІК – ұйымның немесе адам тобының қызметін басқару және бақылау үдерісі.

БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕПКЕ АЛУЫ – компанияның қаржы-шаруашылық қызметі туралы ақпаратты жинау, талдау және ұсыну жүйесі: кірістер, шығыстар, ақша ағындары және жекелеген бағыттардың нәтижелері.

МАТЕРИНСКАЯ КОМПАНИЯ – юридическое лицо, которое имеет преобладающую долю в уставном капитале другого юридического лица (дочернего предприятия) или имеет возможность оказывать существенное влияние на его деятельность.

ИНИЦИАТИВА – совокупность новых целей и задач, направленных на развитие сферы, отрасли, региона, не включенных ранее в документы системы государственного планирования и (или) другие программные документы.

ИНИЦИИРОВАТЬ – означает начать (возбудить, предложить, представить) определённое правовое или административное действие, процедуру или процесс, а также разработку и внесение законопроекта на рассмотрение, возбуждение судебного дела, начало расследования или иные предусмотренные законом действия.

ПЕРВИЧНЫЙ РЫНОК – рынок, на котором финансовые инструменты, ценные бумаги или другие активы впервые выпускаются (эмитируются) и продаются инвесторам.

УПРАВЛЕНЧЕСКИЙ КОНТРОЛЬ – систематическое наблюдение субъекта управления за процессом выполнения деятельности в организации или государственном органе.

РУКОВОДСТВО – процесс управления и контроля деятельности организации или группы лиц.

УПРАВЛЕНЧЕСКИЙ УЧЕТ – система сбора, анализа и представления информации о финансово-хозяйственной деятельности компании: о доходах, расходах, потоках денег и результатах отдельных направлений.

БАСЫМ – қандай да бір әрекеттің, мақсаттың немесе міндеттің орындалуы бірінші кезекте болатын немесе басқаларына қарағанда назар аударуды қажет ететін жағдай.

Ескертпе. «Басым» сөзінің мән-мәтіне қарай «преобладающий» деген аудармасы да кездеседі.

БАСЫМДЫҚ – субъектінің басқалардың алдында белгілі бір құқыққа, артықшылыққа немесе озық мүмкіндікке ие болуын сипаттайтын жағдаят.

БӘРІН ҚАМТИТЫН БАҚЫЛАУ – қызметтің немесе үдерістің барлық кезеңі мен аспектілерін жан-жақты тексеру, ондағы барлық ықтимал қатерді, сәйкессіздік пен ауытқуды анықтауға бағытталған шараның жиынтығы.

БӘСЕКЕ – тауар өндірушілердің, саатушылардың немесе нарық субъектілерінің өз өнімдерін аса қолайлы жағдайларда сату, пайдасын арттыру және нарықтағы орнын нығайту мақсатында жүргізетін экономикалық жарысы.

БӘСЕКЕЛЕС – нарықтағы басқа компаниялармен немесе тұлғалармен бірдей немесе ұқсас тауар не көрсетілетін қызмет ұсынып, пайда табуда жарысқа түсетін, кез келген кәсіпорын немесе жеке тұлға.

БӘСЕКЕЛЕСПЕУ ТАЛАПШАРТЫ – тараптардың бірінің белгілі бір уақыт аралығында немесе белгілі

ПРИОРИТЕТ, ПРИОРИТЕТНЫЙ – положение, при котором какое-либо действие, цель или задача заслуживает первоочередного выполнения или внимания по сравнению с другими.

Примечание. Слово «басым» также используется в значении «преобладающий» в зависимости от контекста.

ПРИОРИТЕТНОСТЬ, ПРЕИМУЩЕСТВО – ситуация, характеризующая обладание субъектом определенными правами, привилегиями или передовыми возможностями перед другими.

ВСЕОБЪЕМЛЮЩИЙ КОНТРОЛЬ – всесторонняя проверка всех этапов и аспектов деятельности или процесса, комплекс мер, направленный на выявление всех возможных рисков, несоответствий и отклонений.

КОНКУРЕНЦИЯ – экономическое соперничество товаропроизводителей, продавцов или субъектов рынка, которое ведется с целью достижения наиболее выгодных условий реализации своих товаров, увеличения прибыли и укрепления своих позиций на рынке.

КОНКУРЕНТ – любое предприятие или физическое лицо, которое, предлагая идентичный или аналогичный товар либо услугу, вступает в соперничество с другими компаниями или лицами на рынке с целью получения прибыли.

УСЛОВИЕ О НЕКОНКУРЕНЦИИ – соглашение, предусматривающее обязательство одной из сторон не

бір аумақта басқа тарапқа бәсекелес болатын қызмет түрімен айналыспау міндеттемесін көздейтін келісім.

БЕДЕЛ – жеке тұлғаның, кәсіпорынның немесе әлеуметтік топтың қоғамдағы басқалармен салыстырғандағы ерекше мәртебесі, жоғары бағасы және маңызы.

БЕДЕЛІН ТҮСІРУ – біреуге немесе бір нәрсеге деген сенімді жоятын, оның беделін, маңызын немесе абыройын түсіруді көздейтін, әдейі жасалған әрекет.

БЕЙБАРАБАРЛЫҚ – объектінің, жай-күйдің немесе үдерістің белгіленген талаптарға, стандарттарға, күтімдерге және нақты жағдайларға сәйкес келмейтін деңгейі немесе жай-күйі.

БЕЙІДІЛІК – идеяға немесе біреуге не бір нәрсеге деген адалдығы, бекемдігі немесе бейімділігі.

БЕЙІМ – адамның немесе ағзаның белгілі бір әрекетке, қабілетке, мінез-құлыққа немесе жағдаятқа табиғи икемі мен ішкі мүмкіндігі.

БЕЙІМДЕЛУ – субъектінің немесе жүйенің сыртқы ортаға бейімделу үдерісі, өмір сүру жағдайларын жақсарту немесе өзгерістерге жауап беру қабілеті.

БЕЙІМДІЛІК – адамның немесе ағзаның өзгермелі орта жағдайларына бейімделіп, өз әрекеті мен мінез-құлқын сол ортаға сәйкес өзгерте алу қабілеті.

осуществлять конкурирующую деятельность в течение определенного периода или на определенной территории по отношению к другой стороне.

ПРЕСТИЖ – особый статус, высокая оценка и значимость, которые приобретает личность, предприятие или социальная группа в сравнении с другими членами общества.

ДИСКРЕДИТИРОВАНИЕ – преднамеренные действия, направленные на подрыв доверия к кому-либо или чему-либо, а также на снижение авторитета, значимости или достоинства.

НЕАДЕКВАТНОСТЬ – степень или состояние несоответствия объекта, состояния либо процесса установленным требованиям, нормам, ожиданиям и реальным условиям.

ПРИВЕРЖЕННОСТЬ – преданность, верность или глубокая склонность к кому-либо, чему-либо или идее.

ПРЕДРАСПОЛОЖЕННОСТЬ – естественная предрасположенность и внутренняя возможность человека или организма к определенному действию, способности, поведению или ситуации.

АДАПТАЦИЯ – процесс приспособления субъекта или системы к внешней среде, способность улучшать условия жизни или реагировать на изменения.

АДАПТИВНОСТЬ – способность человека или организма адаптироваться к изменяющимся условиям окружающей среды и изменять свои действия и поведение в соответствии с этой средой.

БЕЙТАРАПТЫҚ, БҰРА ТАРТПАУ-ШЫЛЫҚ – адамның немесе ұйымның шешім қабылдау, пікір білдіру немесе жағдаятты бағалау кезінде біржақтылыққа немесе субъективтік басымдыққа бармайтын жай-күйі.

БЕРЕСІ – заңнамада белгіленген мерзімде төленбегендіктен, төлеушінің мойнындағы берешек болып есептелетін салық, алым немесе бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің сомасы.

БЕРЕШЕК – жеке немесе заңды тұлғаның шарт, заң немесе басқа да міндеттемелерде белгіленген мерзімде өтемеген, басқа тұлғаға, ұйымға немесе мемлекетке төлеуге тиіс ақша сомасы.

БЕРЕШЕКТІ ӨНДІРІП АЛУ – борышкердің шартта немесе заңда белгіленген мерзімде орындамаған ақшалай немесе мүліктік міндеттемесін кредитордың (немесе уәкілетті органның) сотқа дейінгі немесе сот рәсімі арқылы мәжбүрлеп қайтаруға бағытталған әрекеттер кешені.

***Ескертпе.** Мәнмәтінге қарай «взыскание» сөзі «өндіріп алу» (ақшалай қаражатты өндіріп алу) немесе «жазалау» (тәртіптік жазалау) мағыналарында қолданылады.*

БИЗНЕС ЖЕБЕУШІСІ – болашақта пайда табуды көздейтін, стартаптар мен шағын бизнестің бастапқы даму кезеңінде өзінің қаржысын, тәжірибесін және іскери байланысын

БЕСПРИСТРАСТНОСТЬ – состояние, когда человек или организация не проявляет односторонности или субъективного предпочтения при принятии решений, выражении мнений или оценке ситуации.

НЕДОИМКА – сумма налогов, сборов или других обязательных платежей в бюджет, которая числится за плательщиком как задолженность из-за неуплаты в установленный законодательством срок.

ЗАДОЛЖЕННОСТЬ – сумма денежных средств, которую физическое или юридическое лицо обязано выплатить другому лицу, организации или государству, и которая не была погашена в срок, установленный договором, законом или иными обязательствами.

ВЗЫСКАНИЕ ЗАДОЛЖЕННОСТИ – комплекс действий, направленных на принудительное возвращение кредитору (или уполномоченному органу) денежного или имущественного обязательства, которое должник не исполнил в установленный договором или законом срок, посредством досудебных или судебных процедур.

***Примечание.** В зависимости от контекста слово «взыскание» употребляется в значении «өндіріп алу» (взыскание денежных средств) или «жазалау» (дисциплинарное взыскание).*

БИЗНЕС АНГЕЛ – частный инвестор, который, рассчитывая на получение прибыли в будущем, использует собственные средства, опыт и деловые связи в стартапы и

пайдаланып, тәуекелге баратын жеке инвестор.

БИЛІК ҚАТЫНАСЫ – бір субъектінің (билік етушінің) екінші субъектіге (бағыныштыға) өз еркін, шешімдерін немесе талаптарын орындатуға құқылы болатын, ал бағынышты тарап оларды орындауға міндетті болатын қоғамдық қатынастың ерекше түрі.

БИОМЕТРИЯЛЫҚ ДЕРЕК – адамды ерекше физиологиялық немесе мінез-құлық сипаттамаларымен сәйкестендіру үшін пайдаланылатын ақпарат.

БИРЖА АЙНАЛЫМЫ – белгілі бір уақыт аралығында биржада сатылған тауарлардың немесе бағалы қағаздардың жалпы құнын көрсететін, жасасқан мәмілелер көлемі.

БИРЖА БАҒАСЫ – биржадағы сауда-саттық нәтижесінде қалыптасқан және белгілі бір мерзімге биржаның өзі ресми тіркейтін тауардың, бағалы қағаздың немесе өзге де биржа активінің нарықтағы бағасы.

БИРЖА БІРЛІГІ – бір мәміле шеңберінде биржада сатуға болатын, тауардың немесе активтің типтік келісімшартта бекітілген ең аз мөлшері (партиясы).

БИРЖА МӘМІЛЕСІ – биржа айналымында мүлік нысанасы болатын және биржа сауда-саттығын жүргізетін қатысушылар арасында белгіленген ережелерге сәйкес жасалатын және биржада тіркелетін мәміле.

малый бизнес на ранних этапах их развития, принимая на себя высокий уровень риска.

ВЛАСТНОЕ ОТНОШЕНИЕ – особый вид общественных отношений, при котором один субъект (субъект власти) вправе навязывать свою волю, решения или требования второму субъекту (подчиненному), а подчиненная сторона обязана их исполнять.

БИОМЕТРИЧЕСКИЕ ДАННЫЕ – информация, связанная с уникальными физиологическими или поведенческими характеристиками человека, которые могут быть использованы для его идентификации.

БИРЖЕВОЙ ОБОРОТ – объем совершенных сделок, который отражает общую стоимость проданных на бирже товаров или ценных бумаг за определенный период времени.

БИРЖЕВАЯ ЦЕНА – рыночная цена товара, ценной бумаги или иного биржевого актива, формирующаяся по результатам биржевых торгов и официально фиксируемая биржей на определенный момент времени.

БИРЖЕВАЯ ЕДИНИЦА – установленное в типовом биржевом контракте минимальное количество (партия) товара или актива, которое может быть продано в рамках одной сделки.

БИРЖЕВАЯ СДЕЛКА – сделка, предметом которой является имущество, допущенное к обращению на бирже, и которая заключается на бирже участниками биржевой торговли проводимых ею торгов в соответствии с установленными правилами и подлежит регистрации на бирже.

БИРЖА ПАЙДАСЫ – бағалы қағаздар, валюталар немесе тауарлар биржасында жасалған операциялардан алынған табыс.

БИРЖА САУДАСЫ – биржадағы сауда-саттықты электрондық форматта жүргізу, мәмілелерді тіркеу және ресімдеу арқылы тауар биржасында жүзеге асырылатын биржалық тауарларды және мерзімді келісімшарттарды өткізу (сатып алу) жөніндегі кәсіпкерлік қызмет.

БИРЖА ШЫҒЫСЫ – биржа қызметін ұйымдастыру, сауда-саттық өткізу және инфрақұрылымын қолдау үшін жұмсайтын барлық қаржы шығындарының жиынтығы.

БИРЖАДАҒЫ САУДА-САТТЫҚ – тауар биржасының биржа мәмілелерін жасасу үдерісін автоматтандыруды қамтамасыз ететін, электрондық сауда жүйесіне берілген электрондық өтінімдер негізінде биржа тауарлары бойынша мәмілелер жасауға бағытталған, биржа саудасы ережелері шеңберінде жүргізілетін үдеріс.

БЛАНКІЛІК КРЕДИТ – қарыз алушының қаржы ауқаты мен беделінің сенімділігіне негізделіп, мүлікті кепілге қоймай-ақ беретін кредит түрі.

БЛАНКІДЕГІ ҚҰЖАТ – жеке деректер енгізілгеннен кейін заңи күшке ие болатын, алдын ала басылған, тұрақты деректемелері бар, бекітілген үлгідегі ресми құжат.

БИРЖЕВАЯ ПРИБЫЛЬ – доход, полученный в результате операций на бирже с ценными бумагами, валютой или товарами.

БИРЖЕВАЯ ТОРГОВЛЯ – предпринимательская деятельность по реализации (приобретению) биржевых товаров и срочных контрактов, осуществляемая на товарной бирже путем проведения биржевых торгов в электронной форме, регистрации и оформления сделок.

БИРЖЕВОЙ РАСХОД – совокупность всех финансовых затрат биржи, необходимых для организации её деятельности, проведения торгов и поддержания инфраструктуры.

БИРЖЕВЫЕ ТОРГИ – процесс, проводимый в рамках правил биржевой торговли, направленный на совершение сделок по биржевым товарам на основе электронных заявок, поданных в электронную торговую систему товарной биржи, обеспечивающую автоматизацию процесса заключения биржевых сделок.

БЛАНКОВЫЙ КРЕДИТ – вид кредита, предоставляемый заёмщику без обеспечения залогом имущества, основанный на доверии к его финансовой состоятельности и репутации.

БЛАНКОВЫЙ ДОКУМЕНТ – официальный документ установленного образца с заранее напечатанными постоянными реквизитами, который приобретает юридическую силу после внесения в него индивидуальных данных.

БОПСА – бір адамның не топтың өз мүдделерін қанағаттандыру үшін басқа адамнан немесе ұйымнан мүлкін, ақшасын, көрсетілетін қызметін немесе басқа да құндылықтарды заңсыз талап ету жолымен қорқыту, қауіп-қатер төндіру, қысым жасау әрекеті.

БОПСАЛАУ – жәбірленушіге немесе оның жақындарына күш қолданып, мүлкін жою не бұлдіру немесе оларға зиян келтіретін мәліметтерді таратып, қорқыту арқылы бөтен мүлікті немесе мүлікке құқықты беруді немесе мүліктік сипаттағы өзге де әрекеттерді жасауды талап ететін қылмыс.

БОРЫШ – жеке тұлғаның қоғам, мемлекет, отбасы немесе басқа бір адам алдындағы заңды, қаржылық және моральдық міндеті.

БОРЫШ ТАЛАБЫ – кредитордың борышкерден шартқа немесе басқа да негіздерге сәйкес ақшалай немесе өзге де міндеттемені орындауын талап ету құқығы.

БОРЫШКЕР – заңға немесе шартқа сәйкес кредитордың пайдасына белгілі бір әрекетті жасауға (мүлікті беру, жұмысты орындау, ақша төлеу) міндетті немесе белгілі бір әрекеттен қалыс қалатын адам.

БОРЫШКЕРДІ ШЫҒАРЫП ЖІБЕРУ – қарыз алушы тұрғын үйді не орынжайды өз еркімен босатудан бас тартқан жағдайда, сот актісі және орындаушылық өндіріс тәртібі

ШАНТАЖ – действия одного человека или группы лиц, направленные на удовлетворение своих интересов путём незаконного требования у другого лица или организации имущества, денег, услуг или других ценностей с применением запугивания, угроз или давления.

ВЫМОГАТЕЛЬСТВО – преступление, выражающееся в требовании передачи чужого имущества, права на имущество или совершения иных действий имущественного характера под угрозой применения насилия, уничтожения или повреждения имущества, либо распространения сведений, которые могут причинить вред потерпевшему или его близким.

ДОЛГ – юридическое, финансовое и моральное обязательство физического лица перед обществом, государством, семьей или другим человеком.

ДОЛГОВОЕ ТРЕБОВАНИЕ – право кредитора требовать от должника исполнения денежного или иного обязательства в соответствии с договором или иными основаниями.

ДОЛЖНИК – лицо, которое на основании закона или договора обязано совершить в пользу кредитора определенное действие (передать имущество, выполнить работу, уплатить деньги) либо воздержаться от определенного действия.

ВЫСЕЛЕНИЕ ДОЛЖНИКА – принудительное освобождение помещения должником, осуществляемое на основании судебного акта и в порядке исполнительного

негізінде қарыз алушының мәжбүрлі түрде орынжайды босатуы.

БОРЫШТЫ КЕШПРУ – кредитордың өз еркімен борышкерді (қарыз алушыны) өзіне тиесілі міндеттемелерді орындаудан толық немесе ішінара босатуы.

БОРЫШТЫ ӨТЕП АЛУ – борышты талап ету құқығын бастапқы кредитордан (банк, микроқаржы ұйымы) жаңа кредитор болатын үшінші тұлғаға беру.

БОРЫШТЫҚ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР – эмитенттің (борышкердің) кредит иесіне (кредиторға) номиналды құнды және (немесе) кірісті белгілі бір мерзімде төлеу міндеттемесін куәландыратын бағалы қағаздар.

БОРЫШТЫҚ ТАУАР МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ – тауар түрінде берілген қарызды қайтаруды көздейтін міндеттемелер.

БОРЫШЫН ӨТЕП ЖҮРГЕН ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІ – Қазақстан Республикасының Заңында көзделген мерзімге Қарулы Күштерге немесе басқа әскери құралымдарға мерзімді әскери қызметке шақырылған Қазақстан Республикасының азаматтары.

БОС ОРЫН – ұйымның штаттық кестесінде қарастырылған, бірақ жұмыс беруші еңбек шартын жасасу үшін жаңа қызметкер іздейтін уақытша бос лауазым (жұмыс орны).

производства, если должник уклоняется от добровольного исполнения обязанности освободить жильё или помещение.

ПРОЩЕНИЕ ДОЛГА – добровольное освобождение кредитором (заимодавцем) должника (заёмщика) от исполнения обязательств, полностью или частично, принадлежащих кредитору.

ВЫКУП ДОЛГА – передача права требования долга от первоначального кредитора (банк, микрофинансовая организация) к третьему лицу, которое становится новым кредитором.

ДОЛГОВЫЕ ЦЕННЫЕ БУМАГИ – ценные бумаги, которые удостоверяют обязательство эмитента (должника) выплатить владельцу (кредитору) номинальную стоимость и (или) доход в определённые сроки.

ДОЛГОВЫЕ ТОВАРНЫЕ ОБЯЗАТЕЛЬСТВА – обязательства по возврату займа, предоставленного в форме товара.

ВОЕННОСЛУЖАЩИЙ, ПРОХОДЯЩИЙ ВОИНСКУЮ СЛУЖБУ – граждане Республики Казахстан, призванные на срочную воинскую службу в Вооружённые Силы или другие воинские формирования на срок, предусмотренный Законом Республики Казахстан.

ВАКАНСИЯ – предусмотренная штатным расписанием организации, но временно незанятая должность (рабочее место), на которую работодатель ищет нового сотрудника для заключения трудового договора.

БОС ТҰРЫП ҚАЛУ – экономикалық, технологиялық, ұйымдастыру немесе өзге де өндірістік, табиғи себептерге, сондай-ақ төтенше жағдаяттарға немесе мемлекеттік органдардың шешіміне байланысты жұмысты уақытша тоқтата тұру.

БОСАТУ БАҒАСЫ – кәсіпорынның (өндіруші немесе көтерме саудагер) өнімін сауда үстемеақыларын, бөлшек сауда үстеме бағасын, ҚҚС (қосылған құн салығы) және басқа жанама салықтарды есепке алмау жолымен (жеткізу шарттары мен заңнамаға байланысты) сатып алушыға беретін бағасы.

БОСТАНДЫҚ, ЕРКІНДІК – субъектінің өз еркі мен мүдделеріне сәйкес әрекет ету қабілеті, сондай-ақ заңмен және басқа адамдардың құқықтарымен шектелген тандау мүмкіндігі.

БӨЛІМШЕ – кәсіпорынның немесе мекеменің белгілі бір функцияларын орындау үшін құрылған, ішкі ереже немесе бұйрық негізінде жұмыс істейтін ұйымдасқан окшау бөлігі.

БӨЛІНГЕН ҮЛЕС – ортақ меншіктің нақты қатысушысына ресми түрде бөлінген, ортақ мүліктің немесе мүліктік құқықтың бөлігі.

БӨЛІП ТӨЛЕУ – сатып алушы үшін кредитке қарағанда тиімдірек талапшарттармен жүзеге асыруға болатын өнімнің, көрсетілетін қызметтің немесе мүліктің құнын белгілі бір уақыт аралығында бөліп төлеу тәсілі.

ПРОСТОЙ – временная приостановка работы по причинам экономического, технологического, организационного, иного производственного или природного характера, а также в случаях введения чрезвычайных ситуаций или по решению государственных органов.

ОТПУСКНАЯ ЦЕНА – цены, по которым предприятие (производитель или оптовик) отпускает свою продукцию покупателю, как правило, без учёта торговых надбавок, розничных наценок, НДС (налог на добавленную стоимость) и других косвенных налогов (в зависимости от условий поставки и законодательства).

СВОБОДА – способность субъекта действовать в соответствии со своей волей и интересами, а также возможность выбора, ограниченная законом и правами других лиц.

ПОДРАЗДЕЛЕНИЕ – организационно обособленная часть предприятия или учреждения, созданная для выполнения определённых функций и действующая на основании внутреннего правила или приказа.

ВЫДЕЛЕННАЯ ДОЛЯ – часть общего имущества или имущественного права, официально выделенная за конкретным участником общей собственности.

РАССРОЧКА – способ оплаты, при котором стоимость товара, услуги или имущества погашается частями в установленный срок, обычно на более выгодных для покупателя условиях по сравнению с кредитом.

ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУДЫҢ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ – ұйым ішінде еңбекті қорғау және күзетті қамтамасыз ету үшін қолданылатын, өзара байланысты шаралар мен рәсімдердің жиынтығы.

ЕҢСЕРІЛЕЙТІН КҮШТІҢ МӘН-ЖАЙЫ – шарт міндеттемелерін орындауға мүмкіндік бермейтін төтенше, күтпеген және алдын алуға болмайтын оқиғалар.

ЕРЕЖЕ – қандай да бір әрекетті орындаудың, қызметті жүзеге асырудың немесе жүйенің жұмыс істеуінің міндетті тәртібін белгілейтін норма.

***Ескертпе.** «Ереже», «қағида» және «жалпы ереже» терминдері мағынасы мен қолданылу аясы бойынша ерекшеленеді.*

«Ереже» – белгілі бір әрекетті, мінез-құлықты, техникалық немесе қауіпсіздік талаптарын, жүйе жұмысын, үдерісті реттейтін міндетті норма (Орфографиялық ереже, Жол жүру ережесі, Ішкі тәртіп ережесі, Қауіпсіздік ережесі және т.б.), ал «қағида» – нақты рәсімдер, үдерістер, ұйым жұмысының тәртібін айқындайтын нормативтік құқықтық акт (Арнаулы үй-жайлардың қызметін ұйымдастыру қағидалары, Уақытша орналастыру орталықтарының қағидалары және т.б.), ал «жалпы ереже» – нормативтік құқықтық

социальных выплат, пенсий, наследства, подарков, выигрышей и других поступлений, не связанных с выполнением работы или оказанием услуг.

СИСТЕМА УПРАВЛЕНИЯ ОХРАНОЙ ТРУДА – совокупность взаимосвязанных мер и процедур, применяемых внутри организации с целью обеспечения охраны и безопасности труда.

ОБСТОЯТЕЛЬСТВА НЕПРЕОДОЛИМОЙ СИЛЫ – чрезвычайные, непредвиденные и непредотвратимые события, которые делают невозможным исполнение договорных обязательств.

ПРАВИЛО – норма, устанавливающее обязательный порядок выполнения какого-либо действия, осуществления деятельности или функционирования системы.

***Примечание.** Термины «ереже», «қағида» и «жалпы ереже» различаются по своему значению и сфере применения.*

«Ереже» – обязательная норма, которая регулирует определенное действие, поведение, технические или требования безопасности, работу системы или процесс (Орфографиялық ереже, Жол жүру ережесі, Ішкі тәртіп ережесі, Қауіпсіздік ережесі және т.б.), а «қағида» – нормативный правовой акт, определяющий порядок конкретных процедур, процессов и деятельности организации (Арнаулы үй-жайлардың қызметін ұйымдастыру қағидалары, Уақытша орналастыру орталықтарының қағидалары және т.б.), «жалпы ереже»

актінің немесе құжаттың кіріспе бөлімі.

«Ереже, қағида, жалпы ереже» сөздерінің қолданыс ерекшелігі мен аудармасы әліпби ретімен берілді.

ЕРЕЖЕ БҰЗУ – белгілі бір жүйенің, қызметтің немесе қоғам тәртібінің міндетті нормасы ретінде бекітілген талаптарға, қағидаттарға немесе нұсқаулықтарға қайшы келетін әрекеті немесе әрекетсіздігі.

ЕРЕЖЕДЕН ТЫСҚАРЫЛЫҚ – белгілі бір, тікелей белгіленген немесе мән-жайлардан айқын туындайтын жағдайларда ғана өзгеше құқықтық реттеуді қолдануға мүмкіндік беретін құқық нормасында көзделген немесе оның мағынасынан туындайтын жалпылама ережеден арнайы шегініс жасау.

ЕРЕКШЕ КҮТІМ ҚАЖЕТ БАЛАЛАР – денсаулығының жай-күйіне, даму ерекшелігіне немесе әлеуметтік жағдайына байланысты қосымша қолдауға және арнайы білім алуға, медициналық және әлеуметтік көрсетілетін қызмет түрлеріне мұқтаж балалар.

ЕРІК БОСТАНДЫҒЫ – адамның заңи жауаптылығы мен әрекет қабілеттігінің іргетасы болатын, физикалық немесе психикалық мәжбүрлеусіз, жеке мотивтері мен мақсаттарына негізделген өз әрекеттерін, өз бетінше және саналы түрде тандап, жүзеге асыратын мүмкіндігі мен қабілеті.

– это вводная часть нормативного правового акта или документа.

Особенности употребления и перевода слов «ереже», «қағида», «жалпы ереже» приведены в алфавитном порядке.

НАРУШЕНИЕ ПРАВИЛА – действие или бездействие, которое противоречит установленным требованиям, принципам или инструкциям, закрепленным в качестве обязательной нормы для определенной системы, деятельности или общественного порядка.

ИСКЛЮЧЕНИЕ ИЗ ПРАВИЛ – предусмотренное нормой права или вытекающее из её смысла специальное отступление от общего правила, допускающее применение иного правового регулирования в определённых, прямо установленных или очевидно вытекающих из обстоятельств случаях.

ДЕТИ С ОСОБЫМИ ПОТРЕБНОСТЯМИ – дети, нуждающиеся в дополнительной поддержке и специальных образовательных, медицинских и социальных услугах в связи с состоянием здоровья, особенностями развития или социальным положением.

СВОБОДА ВОЛИ – возможность и способность лица самостоятельно и сознательно выбирать и реализовывать свои действия, основанные на личных мотивах и целях, без физического или психического принуждения, что является фундаментом юридической ответственности и дееспособности.

ЕРІКТІ КӘСІПТІК ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖАРНАЛАРЫНЫҢ САЛЫМШЫСЫ – ерікті кәсіби зейнетақы жарналары есебінен, зейнетақымен қамсыздандыру шартына сәйкес жұмыскердің пайдасына, өзінің жеке қаражаты есебінен, ерікті кәсіби зейнетақы жарналарын жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға.

ЕРІКТІ ҚАЙЫРМАЛДЫҚ – ақшаның, мүліктің, уақыттың және басқа да ресурстардың бір бөлігін коммерциялық емес ұйымдар мен (немесе) көмекке мұқтаж адамдардың пайдасына өз еркімен беру.

ЕСЕП – экономикалық субъектінің белгілі бір өткен кезеңдегі қызметін көрсететін, белгіленген нысанда жүйеленген және ресімделген мәліметтер мен деректер.

ЕСЕП АЙЫРЫСУ НЫСАНЫ – ұйымның немесе шаруашылық субъектісінің қаржы және шаруашылық қызметін есепке алу, бақылау және есеп беру үшін қолданатын әдістері мен құжаттар жиынтығы.

ЕСЕП АЙЫРЫСУ ЧЕГІ – банктің есеп айырысу құралы болатын құжат, бұл – шот иесінің (чек берушінің) банк арқылы белгілі бір ақша сомасын чек ұсынушыға төлеуін қарастыратын жазбаша өкімі.

ЕСЕП БЕРЕТІН АДАМ – уәкілетті органға, ұйымға немесе лауазымды адамға өз әрекеттері, қабылдаған шешімдері немесе пайдаланған қаражаттары үшін заңнамада

ВКЛАДЧИК ДОБРОВОЛЬНЫХ ПРОФЕССИОНАЛЬНЫХ ПЕНСИОННЫХ ВЗНОСОВ – физическое или юридическое лицо, осуществляющее за счет своих собственных средств добровольные профессиональные пенсионные взносы в пользу работника в соответствии с договором о пенсионном обеспечении за счет добровольных профессиональных пенсионных взносов.

ДОБРОВОЛЬНОЕ ПОЖЕРТВОВАНИЕ – добровольная передача части денег, имущества, времени и других ресурсов в пользу некоммерческих организаций и (или) лиц, нуждающихся в помощи.

ОТЧЕТ – сведения и данные, систематизированные и оформленные в установленной форме, отражающие деятельность экономического субъекта за определенный прошедший период.

ФОРМА РАСЧЕТА – набор методов и документов, используемых организацией или хозяйствующим субъектом для учета, контроля и отчетности о финансовой и хозяйственной деятельности.

РАСЧЕТНЫЙ ЧЕК – банковский расчетный инструмент, представляющий собой документ, содержащий письменное распоряжение владельца счета (чекодателя) банку произвести выплату определенной денежной суммы предъявителю чека.

ПОДОТЧЕТНОЕ ЛИЦО – физическое лицо, обязанное в установленном законодательством порядке отчитываться перед уполномоченным органом, организацией или

белгіленген тәртіппен есеп беруге міндетті жеке тұлға.

ЕСЕП ТІРКЕУІНЕ АЛУ – қандай да бір факті, объекті, субъекті немесе оқиға деректерін мемлекеттік тізілімдерге, деректер базасына немесе есептік жүйелерге ресми тіркеу және енгізу рәсімі.

ЕСЕПКЕ АЛУ – заңнамада белгіленген тәртіппен белгілі бір құбылыс, оқиға, әрекет немесе материалдық құндылықтарды тіркеу, жүйелеу және ресми бекіту үдерісі.

ЕСЕПКЕ ЖАЗУ – бір есепті кезеңде жұмсалған, бірақ тек келесі есепті кезеңде төленген шығыстарды есепке алу әдісі.

ЕСЕПТЕН ШЫҒАРУ АКТІСІ – материалдық құндылықтардың немесе басқа да активтердің жарамсыздығын, тозуын немесе жоғалуын растайтын және оларды есептен шығаруға негіз болатын ресми құжат.

ЕСЕПТІ ҚАРЖЫ ЖЫЛЫ – қаржылық есеп және бақылау жүргізілетін, әдетте бір күнтізбелік жылға сәйкес келетін уақыт аралығы.

ЕСЕПТІЛІК – ұйымның, мекеменің немесе жеке тұлғаның белгілі бір кезең ішіндегі қаржы, салық, статистикалық немесе өндіріс қызметі жөніндегі ақпаратын жүйелі көрсететін құжаттар жиынтығы.

должностным лицом за свои действия, принятые решения или использованные средства.

УЧЕТНАЯ РЕГИСТРАЦИЯ – официальная процедура фиксации и внесения данных о каких-либо фактах, объектах, субъектах или событиях в государственные реестры, базы данных или учетные системы.

УЧЕТ – процесс фиксации, систематизации и официального закрепления определенных явлений, событий, действий или материальных ценностей в порядке, установленном законодательством.

НАЧИСЛЕНИЕ – способ учета расходов, понесенных в одном отчетном периоде, но оплаченных только в следующем отчетном периоде.

АКТ НА СПИСАНИЕ – официальный документ, подтверждающий непригодность, износ или утрату материальных ценностей либо других активов и являющийся основанием для их исключения из учета.

ОТЧЕТНЫЙ ФИНАНСОВЫЙ ГОД – период времени, в течение которого ведется финансовая отчетность и контроль, обычно соответствующий одному календарному году.

ОТЧЕТНОСТЬ – совокупность документов, систематически отражающих информацию о финансовой, налоговой, статистической или производственной деятельности организации, учреждения или физического лица за определенный период.

ЕСКЕРТІМ — құжаттың немесе келісімнің негізгі мазмұнына әсер етпейтін, бірақ оның қолданылу аясын немесе ерекше жағдайларын нақтылайтын немесе шектейтін қосымша талапшарт немесе түсіндірме.

ЕСКЕРТПЕ — құжаттың негізгі мәтініне қосымша, түсіндірме немесе анықтама сипатындағы мәліметтерді қамтитын қысқаша жазба.

ЕСКЕРТУ — қандай да бір әрекетке, құжатқа немесе жағдайға қатысты байқалған кемшіліктерді, қателіктерді немесе қосымша пікірді білдіретін тұжырым немесе ұсыныс.

ЕСКІРУ МЕРЗІМІ — қылмыс жасалған мерзімнің ескіруі салдарынан адамды қылмыстық жауаптылыққа тартуға болмайтын кезең.

ЕСІ ДҰРЫС ЕМЕСТІК — адамның жай-күйі, психикасының бұзылуы салдарынан өз әрекеттерінің (немесе әрекетсіздігінің) нақты сипаты мен қоғамға қауіптілігін ұғына алмауы және оларды басқара алмауы.

ЕСІ ДҰРЫСТЫҚ — заңи ұғым, адамның қылмыс жасаған немесе құқық бұзған сәтте өз әрекеттерінің (не әрекетсіздігінің) нақты сипатын және оның қоғамға қауіптілігін ұғына алуы және оны басқара алуы.

ЕШҚАЙДА КЕТПЕУ ТУРАЛЫ ҚОЛХАТ — тергеушінің, анықтаушының не соттың рұқсатынсыз күдікті немесе айыпталушы тұрғылықты жерінен кетпеуге, тергеу органдарының талаптарын сақтауға және

ОГОВОРКА — дополнительное условие или разъяснение, которое не затрагивает основного содержания документа или соглашения, но уточняет или ограничивает сферу его применения либо особые обстоятельства.

ПРИМЕЧАНИЕ — краткая запись, содержащая дополнительные, пояснительные или справочные сведения к основному тексту документа.

ЗАМЕЧАНИЕ — высказывание или предложение, выражающее выявленные недостатки, ошибки или дополнительные соображения относительно какого-либо действия, документа или ситуации.

СРОК ДАВНОСТИ — период с момента преступления, после истечения которого человека нельзя привлечь к уголовной ответственности.

НЕВМЕНЯЕМОСТЬ — состояние лица, при котором оно не способно осознавать фактический характер и общественную опасность своих действий (или бездействия) и руководить ими вследствие психического расстройства.

ВМЕНЯЕМОСТЬ — юридическое понятие, обозначающее способность лица осознавать фактический характер и общественную опасность своих действий (или бездействия) и руководить ими на момент совершения правонарушения или преступления.

ПОДПИСКА О НЕВЫЕЗДЕ — процессуальная мера принуждения, при которой подозреваемый или обвиняемый письменно обязуется не покидать место жительства без разрешения следователя,

шақырту бойынша келуге жазбаша міндеттейтін процестік мәжбүрлеу шарасы.

дознавателя или суда, соблюдать требования следственных органов и являться по вызовам.

ЖЖ

ЖАБДЫҚТАУ – ұйымды өнім өндіруге немесе қызмет көрсетуге қажет материалдық ресурстармен қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралар жүйесі.

ЖАБДЫҚТЫҢ АҚАУСЫЗДЫҒЫ – техникалық құрал, машина немесе құрылғылардың белгіленген талаптарға сай жұмыс істеуге дайындығы, яғни ақаусыз жұмыс істеуі.

ЖАҒДАЙ – белгілі бір уақыттағы нәрсенің, топтың немесе жүйенің ағымдағы жағдайы немесе ахуалы.

Ескертпе. Орыс тіліндегі «положение және случай» сөздері қазақ тіліне «жағдай» болып аударылды. Анықтамасы әліпби ретімен беріледі.

ЖАҒДАЙ – заңда немесе шартта көзделген, белгілі бір құқықтық салдарларды туындататын оқиға немесе мән-жай.

Ескертпе. Орыс тіліндегі «положение және случай» сөздері қазақ тіліне «жағдай» болып аударылды. Анықтамасы әліпби ретімен беріледі.

ЖАҒДАЯТ – субъектінің құқықтары мен міндеттері туындайтын, өзгеретін немесе тоқтатылатын мән-жайлардың жиынтығы.

СНАБЖЕНИЕ – система мероприятий по обеспечению организации материальными ресурсами, необходимыми для производства продукции или оказания услуг.

ИСПРАВНОСТЬ ОБОРУДОВАНИЯ – готовность технических средств, машин или устройств к работе в соответствии с установленными требованиями, то есть исправная работа.

ПОЛОЖЕНИЕ – текущее состояние или обстановка чего-либо, группы или системы в определённый момент времени.

Примечание. Слово «положение» в казахском языке также переводится как «ереже». Определение приведено в алфавитном порядке.

СЛУЧАЙ – событие или обстоятельство, предусмотренное законом или договором, которое влечёт определённые юридические последствия.

Примечание. Слова в русском языке «положение» и «случай» переводятся на казахский язык как «жағдай». Определения приведены в алфавитном порядке.

СИТУАЦИЯ – совокупность обстоятельств, при которых возникают, изменяются или прекращаются юридические права и обязанности субъекта.

ЖАДЫНАМА — маңызды ақпаратты есте сақтауға және дұрыс әрекет етуге көмектесетін қысқаша ақпараттық-үйрету құжаты.

ЖАЗАДАН БҰЛТАРТПАУ — құқық бұзған әрбір адамның жасаған ісі үшін міндетті түрде жазалануын және жауапқа тартылуын білдіретін қағидат.

ЖАЗА — сот үкімімен тағайындалатын мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы.

ЖАЗАЛАУ — қызметтік тәртіпті немесе кез келген міндеттемелерді бұзғаны үшін қолданылатын жаза шарасы.

***Ескертпе.** Мәнмәтінге қарай «взыскание» сөзі «жазалау» немесе «өндіріп алу» мағыналарында қолданылады. Мысалы: тәртіптік жазалау, ақшалай қаражатты өндіріп алу.*

ЖАЗАНЫ ЖЕҢІЛДЕТУ — кінәлі адамға жасаған қылмысы үшін заңда белгіленген ең төменгі шектен төмен жаза тағайындау.

ЖАЗАТАЙЫМ ОҚИҒА — белгілі бір жағдайларда адамның денсаулығына зиян келтірген немесе өліміне әкелген сыртқы фактордың әсері.

ЖАЗБА ТАСЫҒЫШЫН РЕСІМДЕУ — ақпарат тасымалдағышын (құжат, файл немесе басқа да медиатасымалдағыш) заңнамада немесе нормативтік талаптарда көрсетілген пішімге, ұрылымға және реквизиттерге ксәйкестендіру арқылы оның заңи

ПАМЯТКА — это краткий информационно-обучающий документ, предназначенный для запоминания важной информации и ориентирования на правильные действия.

НЕОТВРАТИМОСТЬ НАКАЗАНИЯ — принцип, означающий, что каждое лицо, совершившее правонарушение, обязательно будет привлечено к ответственности и наказано за содеянное.

НАКАЗАНИЕ — мера государственного принуждения, назначаемая приговором суда.

ВЗЫСКАНИЕ — мера наказания за нарушение служебной дисциплины или каких-либо обязательств.

***Примечание.** В зависимости от контекста слово «взыскание» употребляется в значениях «жазалау» или «өндіріп алу». Например: тәртіптік жазалау, ақшалай қаражатты өндіріп алу.*

СМЯГЧЕНИЕ НАКАЗАНИЯ — назначение виновному наказания ниже минимального предела, установленного законом за данное преступление.

НЕСЧАСТНЫЙ СЛУЧАЙ — воздействие внешнего фактора, причинившее вред здоровью человека или приведшее к его смерти при определенных обстоятельствах.

ОФОРМЛЕНИЕ НОСИТЕЛЯ ЗАПИСИ — процесс приведения носителя информации (документа, файла или иного медиа-носителя) в соответствие с установленными законодательством или нормативными требованиями к форме, структуре и реквизитам, с целью

күшін және құқықтық маңыздылығын қамтамасыз ету үдерісі.

ЖАЗБАША ҚАРСЫЛЫҚ – қандай да бір шешіммен, талап, әрекет немесе әрекетсіздікпен келіспеушілікті білдіретін, жазбаша нысанда жазылған, ресми құжат.

ЖАЗЫСЫМ – адамдар, ұйымдар немесе мекемелер арасында ақпарат беру, әрекеттерімен келісу немесе ресми құжаттама жүргізу мақсатында хаттар, хабарлар немесе электрондық хабарлар арқылы байланыс жасау үдерісі.

ЖАЗЫСЫМ ҚҰПИЯСЫ – азаматтың жеке хат-хабарларының, телефонмен сөйлесулерінің, пошта, телеграф және өзге де хабарламаларының мазмұнына оның келісімінсіз араласуына тыйым салынатын, заңмен қорғалатын құқығы.

ЖАЙ АКЦИЯЛАР – акционерлік қоғам шығаратын акция түрі, ол иесіне компанияның таза пайдасынан дивиденд алу, сондай-ақ акционерлер жиналысына қатысып, дауыс беру құқығын береді.

ЖАЙ КӨПШІЛІК – дауыс беруге қатысқан адамдардың көпшілігі қолдаған шешім (қатысқан адамдар санының жартысынан көбі).

ЖАЙ-КҮЙ – 1) құқық субъектісінің құқықтары мен міндеттерінің көлемін анықтайтын құқықтық жағдайы (мәртебесі); 2) адамның құқықтық жағдайын сипаттайтын,

обеспечения его юридической силы и правового значения.

ПИСЬМЕННОЕ ВОЗРАЖЕНИЕ – официальный документ, составленный в письменной форме, в котором выражается несогласие с каким-либо решением, требованием, действием или бездействием.

ПЕРЕПИСКА – процесс обмена письмами, сообщениями или электронными сообщениями между людьми, организациями или учреждениями с целью передачи информации, согласования действий или ведения официальной документации.

ТАЙНЫ ПЕРЕПИСКИ – право, охраняемое законом, которое запрещает вмешательство в содержание личной переписки, телефонных разговоров, почтовых, телеграфных и иных сообщений гражданина без его согласия.

ОБЫКНОВЕННЫЕ (ПРОСТЫЕ) АКЦИИ – тип акций, выпускаемых акционерным обществом, который дает владельцу право на получение дивидендов от чистой прибыли компании, а также на участие в собраниях акционеров и голосование на них.

ПРОСТОЕ БОЛЬШИНСТВО – решение, за которое проголосовало больше половины от числа участников, присутствующих на голосовании.

СОСТОЯНИЕ – 1) правовое положение (статус) субъекта права, определяющее объем его прав и обязанностей; 2) длящееся юридическое обстоятельство, характеризующее личность или её правовое

ұзаққа созылатын заңи мән-жайы (мысалы, неке, азаматтық, сотталғандық).

ЖАЛАҚЫ – жұмыс берушінің еңбек шарты талаптары және еңбек заңнамасы нормаларына сәйкес жұмыскерге төлеуге міндетті сыйақысы.

ЖАЛАҚЫ ЕСЕПТЕУ – заңнамаға және еңбек шартына сәйкес жұмыскерге төленетін жалақы мөлшерін, оның ішінде лауазымдық айлықақы, қосымша ақы, сыйлықақы, үстеме жұмысқа берілетін үстемеақы және басқа да төлемдерді анықтау үдерісі.

ЖАЛҒА АЛУ МЕРДІГЕРЛІГІ – жалға алу (жалдау) және мердігерлік шарттардың элементтерін қамтитын, бірақ Қазақстан Республикасының заңнамасында шарттың жеке түрі ретінде бекітілмеген міндеттемелік құқықтық қатынас.

ЖАЛҒАН БАНКРОТТЫҚ – жеке немесе заңды тұлғаның шынайы төлем қабілеті бола тұра, міндеттемелерін орындаудан жалтару мақсатында өз-өзін әдейі банкрот деп жариялауы.

ЖАЛҒАН КҮӘГЕРЛІККЕ КӨНДІРУ – адамды шындықты бұрмалап көрсетуге заңсыз түрде итермелеу, яғни оны жалған айғақ беруге мәжбүрлеу.

ЖАЛҒАН МӘМІЛЕ – нарық қатысушыларын, мемлекетті немесе үшінші тараптағы тұлғаны адастыру мақсатында олардың шарттарын нақты орындауға ниетсіз немесе

положение (например, брак, гражданство, судимость).

ЗАРАБОТНАЯ ПЛАТА – вознаграждение, которое работодатель обязан выплачивать работнику в соответствии с условиями трудового договора и требованиями трудового законодательства.

НАЧИСЛЕНИЕ ЗАРПЛАТЫ – процесс определения размера заработной платы, выплачиваемой работнику, включая должностной оклад, доплаты, премии, надбавки за сверхурочную работу и другие выплаты, в соответствии с законодательством и трудовым договором.

АРЕНДНЫЙ ПОДРЯД – обязательственное правоотношение, которое сочетает в себе элементы договоров аренды и подряда, однако не закреплено в законодательстве Республики Казахстан в качестве самостоятельного вида договора.

ФИКТИВНОЕ БАНКРОТСТВО – преднамеренное объявление физическим или юридическим лицом себя банкротом в целях уклонения от исполнения своих обязательств, будучи в действительности платежеспособным.

СКЛОНЕНИЕ К ЛЖЕСВИДЕТЕЛЬСТВУ – противоправное склонение лица к искажению истины, то есть принуждение его к даче ложных показаний.

МНИМАЯ СДЕЛКА – сделки, совершаемые с целью введения в заблуждение участников рынка, государства или третьих лиц, без намерения реально исполнить их

құқыққа қайшы пайда табу үшін жасалатын мәміле.

ЖАЛҒАН САТЫЛЫМ — құқық тұрғысынан рәсімделген, бірақ шын мәнінде меншік құқығын немесе тауарды (мүлікті) нақты бермейтін және жалған мәміле жасау, заңды айналып өту немесе құқыққа қарсы пайда табу үшін жасалатын мәміле.

ЖАЛДАМАЛЫ ЕҢБЕК — жұмыскер белгілі бір жұмыс түрін орындауға міндеттенетін, ал жұмыс беруші сол үшін оған жалақы төлеп, еңбек жағдайларымен қамтамасыз ететін жұмыскер мен жұмыс беруші арасында жасалатын еңбек шарты.

ЖАЛДАМАЛЫҚ — шетел мемлекетінің, ұйымның немесе топтың мүддесін көздеген сыйақысы үшін әскери қақтығыстарға, соғыс әрекеттеріне немесе өзге де күш қолдану әрекеттеріне өз еркімен қатысу.

ЖАЛДАНУШЫ — қақтығысқа қатысушы тараптың азаматы болмаса да және оның ресми қарулы күштері құрамына кірмесе де қарулы қақтығысқа немесе әскери әрекетке материалдық сыйақы алу мақсатымен қатысатын адам.

ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ — нормативтік құқықтық актінің кіріспе бөлімінде белгіленген негізгі қағидаттар, ұғымдар мен нормалар жиынтығы.

условия либо с намерением извлечь неправомерную выгоду.

ФИКТИВНАЯ ПРОДАЖА — юридически оформленная сделка купли-продажи, которая фактически не приводит к переходу права собственности или к реальной передаче товара (имущества), и осуществляется с целью создания видимости сделки, обхода закона или получения неправомерной выгоды.

НАЕМНЫЙ ТРУД — трудовой договор, заключенный между работником и работодателем, по которому работник обязуется выполнять определенный вид работы, а работодатель выплачивает ему заработную плату и предоставляет для этого условия труда.

НАЕМНИЧЕСТВО — добровольное участие в вооружённых конфликтах, военных действиях или иных формах применения силы за вознаграждение в интересах иностранного государства, организации или группы.

НАЕМНИК — лицо, которое принимает участие в вооружённом конфликте или военных действиях с целью получения материального вознаграждения, не являясь гражданином стороны, вовлечённой в конфликт, и не входя в состав её официальных вооружённых сил.

ОБЩЕЕ ПОЛОЖЕНИЕ — совокупность основных принципов, понятий и норм, установленных во вводной части нормативного правового акта.

ЖАНАМА ИЕЛЕНУ — объектіге тікелей емес, бірақ оның пайдалану немесе бақылау құқығын басқа тұлғамен жүзеге асыру жағдайы.

ЖАНАМА ТИЕСІЛІК — бір тұлғаның басқа тұлғамен тікелей емес, бірақ үшінші тұлға немесе бақылау тетіктері арқылы байланысы.

ЖАНАМА ШЫҒЫН — тікелей емес, бірақ негізгі шығындарға байланысты пайда болатын және олардың салдарынан туындайтын шығындар.

ЖАНДАНДЫРУ — экономиканың дағдарыстан, тоқыраудан немесе күйзелістен кейін қалпына келуін сипаттайтын экономикалық циклдің фазасы.

ЖАНСЫЗДАНДЫРУ — тірі жанның (адамның немесе жануардың) өмірін тоқтатуға бағытталған қасақана немесе абайсыз әрекет (әрекетсіздік).

ЖАППАЙ САТЫЛЫМ — тауарларды қысқа мерзімде, төмендетілген бағамен және кең көлемде өткізуді көздейтін сауда шарасы.

ЖАРАҚ — әскери қызмет, спорт, туризм, өнеркәсіп, құтқару жұмыстары және басқа да қызмет саласында белгілі бір міндеттерді орындауға арналған арнайы құралдар мен жабдықтардың жиынтығы.

ЖАРАҚТАНДЫРУ — кәсіпорын, объекті немесе жұмыс орнын белгілі бір міндеттерді орындауға қажет құрал, техника немесе аспаптармен қамтамасыз ету үдерісі.

КОСВЕННОЕ ВЛАДЕНИЕ — положение, при котором лицо осуществляет право пользования или контроля над объектом не непосредственно, а через другое лицо.

КОСВЕННАЯ ПРИНАДЛЕЖНОСТЬ — связь одного лица с другим не напрямую, а через третьих лиц или механизмы контроля.

КОСВЕННЫЕ УБЫТКИ — убытки, возникающие не напрямую, а как следствие основных убытков или повреждений.

АКТИВИЗАЦИЯ — фаза экономического цикла, характеризующая начало подъема в экономике после кризиса, застоя, депрессии.

УМЕРЩВЛЕНИЕ — умышленное или неосторожное действие (бездействие), направленное на прекращение жизни живого существа (человека или животного).

МАССОВАЯ РАСПРОДАЖА — торговое мероприятие, направленное на реализацию товаров в сжатые сроки по сниженным ценам и в большом объеме.

СНАРЯЖЕНИЕ — совокупность специальных средств и оборудования, предназначенных для выполнения определённых задач в различных областях деятельности, таких как военная служба, спорт, туризм, промышленность, спасательные работы и другие.

ОСНАЩЕНИЕ — процесс оборудования предприятия, объекта или рабочего места необходимыми средствами, инструментами и техникой для выполнения определённых функций.

ЖАРАМДЫЛЫҚ — заттың немесе объектінің нақты функцияларды орындау қабілеті, мақсаттар мен пайдалану шарттарына сәйкес болуы.

***Ескертпе.** «Пригодность, годность, действительность» сөздері мәнәтінге қарай «жарамдылық, жарамды болу» деп қолданылады.*

ЖАРАМДЫЛЫҚ — заттың немесе өнімнің белгіленген стандарттарға немесе талаптарға сай болуы және белгілі бір мерзімде пайдалануға жарамдылығы.

***Ескертпе.** «Годность, пригодность, действительность» сөздері мәнәтінге қарай «жарамдылық, жарамды болу» деп қолданылады.*

ЖАРАМДЫЛЫҚ — құқық актісінің, мәміле немесе әрекеттің заңды күшке ие және құқық салдарын туғызатын заңи жай-күй.

***Ескертпе.** «Действительность, годность, пригодность» сөздері мәнәтінге қарай «жарамдылық, жарамды болу» деп қолданылады.*

ЖАРАМСЫЗДЫҚ — сапаның бұзылуы, ақаулық немесе пайдалану мерзімінің аяқталуы, заттың қолдануға жарамсыз болуына әкеп соғатын жағдай.

***Ескертпе.** «Негодность, непригодность, недействительность» сөз*

ПРИГОДНОСТЬ — способность предмета или объекта выполнять конкретные функции или задачи, соответствовать целям и условиям использования.

***Примечание.** Слова «Пригодность, годность, действительность» в зависимости от контекста используется в казахском языке как «жарамдылық, жарамды болу».*

ГОДНОСТЬ — свойство предмета или продукта соответствовать установленным стандартам или требованиям и быть пригодным для использования в течение определённого срока.

***Примечание.** Слова «годность, пригодность, действительность» в зависимости от контекста используется в казахском языке как «жарамдылық, жарамды болу».*

ДЕЙСТВИТЕЛЬНОСТЬ — юридическое состояние, при котором правовой акт, сделка или действие имеют законную силу и не порождают правовые последствия.

***Примечание.** Слова «действительность, пригодность, годность» в зависимости от контекста используется в казахском языке как «жарамдылық, жарамды болу».*

НЕГОДНОСТЬ — нарушение качества, неисправность или истечение срока, делающее вещь непригодной к использованию.

***Примечание.** Слова «негодность, непригодность, недействительность» в зависимости от*

дері мәнмәтінге қарай «жарамсыздық, жарамсыз болу» деп қолданылады.

ЖАРАМСЫЗДЫҚ — заттың функционалдық немесе мақсаттық талаптарға сәйкес келмеуі.

***Ескертпе.** «Непригодность, негодность, недействительность» сөздері мәнмәтінге қарай «жарамсыздық, жарамсыз болу» деп қолданылады.*

ЖАРАМСЫЗДЫҚ — құқық актісінің, мәміле немесе әрекеттің заңды күші жоқ және құқық салдарын туғызбайтын заңи жай-күй.

***Ескертпе.** «Недействительность, непригодность, негодность» сөздері мәнмәтінге қарай «жарамсыздық, жарамсыз болу» деп қолданылады.*

ЖАРҒЫ КАПИТАЛЫ — заңды тұлғаның құрылтайшылары (қатысушылары) ұйымды құру кезінде енгізетін және оның жарғысында және жарғы құжаттарында көрсетілетін салымдардың (акшалай қаражат, мүлік, мүлік құқықтары және т.б.) жиынтығы.

ЖАРИЯ ҚҰҚЫҚ — мемлекет пен азаматтар арасындағы қатынастарды реттейтін құқық саласы.

ЖАРИЯ ТАЛҚЫЛАУ — нормативтік құқықтық актілердің, стратегиялық құжаттардың, жоспарлардың немесе маңызды шешімдердің жобаларымен кең жұртшылықты таныстыру, сондай-ақ азаматтардың,

контекста используется в казахском языке «жарамсыздық, жарамсыз болу».

НЕПРИГОДНОСТЬ — несоответствие вещи функциональным или целевым требованиям.

***Примечание.** Слова «непригодность, негодность, недействительность» в зависимости от контекста используется в казахском языке как «жарамсыздық, жарамсыз болу».*

НЕДЕЙСТВИТЕЛЬНОСТЬ — юридическое состояние, при котором правовой акт, сделка или действие не имеют законной силы и не порождают правовых последствий.

***Примечание.** Слова «недействительность, непригодность, негодность» в зависимости от контекста используется в казахском языке как «жарамсыздық, жарамсыз болу».*

УСТАВНОЙ КАПИТАЛ — совокупность вкладов (денежных средств, имущества, имущественных прав и т.д.), которые учредители (участники) юридического лица вносят при создании организации и которые отражаются в её уставе и уставных документах.

ПУБЛИЧНОЕ ПРАВО — отрасль права, регулирующая отношения между государством и гражданами.

ПУБЛИЧНОЕ ОБСУЖДЕНИЕ — процесс ознакомления широкой общественности с проектами нормативных правовых актов, стратегических документов, планов или важных решений, а также сбора и

ұйымдардың және сарапшылардың пікірлерін, ұсыныстары мен ескертулерін жинау және талдау үдерісі.

ЖАРИЯЛАНҒАН АКЦИЯЛАР – жалпы саны акционерлік қоғамның жарғысымен бекітілген акциялар және олар болашақта көрсетілген саны шегінде орналастырылуы (шығарылуы) мүмкін.

ЖАРИЯЛЫҚ – мемлекет органдары қызметінің ашықтығын, қабылдайтын шешімдері мен оларды жүзеге асыру заңдылығы туралы ақпаратқа қоғамның қолжетімдігін қамтамасыз ететін қағидат.

ЖАРЛЫҚ – мемлекет басшысының шығаратын, маңызды актілерінің атауы.

ЖАРНА – заңды тұлғаның жарғы капиталын қалыптастыру үшін құрылтайшының (қатысушының) ақшалай немесе ақшасыз (заттай) үлес қосып, қатысатын нысаны.

ЖАСЫРЫЛҒАН ЕСІРТКІ – заңсыз айналымда сақталған және тасымалдауға тыйым салынған есірткі заттары.

ЖАСЫРЫН ТЕРГЕУ ӘРЕКЕТТЕРІ – күдіктіні, айыпталушы немесе басқа адамдарды ескертпей, дәлелдемелер жинау үшін алдын ала тергеп-тексеру органдарының құпиялықты сақтау жағдайында жүргізетін процестік әрекеттері.

ЖАУАП АЛЫНУШЫ – құқықтық таразылап-талқылау барысында құқық қорғау органының қызметкеріне, тергеушіге немесе сотқа қажетті ақпараттарды беруге шақырылған адам.

анализа мнений, предложений и замечаний граждан, организаций и экспертов.

ОБЪЯВЛЕННЫЕ АКЦИИ – акции, общее количество которых утверждено уставом акционерного общества и которые могут быть размещены (выпущены) в будущем в пределах указанного количества.

ГЛАСНОСТЬ – принцип, обеспечивающий открытость деятельности государственных органов, доступ общества к информации о принимаемых решениях и законности их реализации.

УКАЗ – наименование важных актов, издаваемых главой государства.

ВЗНОС – форма участия учредителя (участника) в формировании уставного капитала юридического лица, выраженная в денежной или неденежной (натуральной) форме.

ЗАКЛАДКА – наркотические средства, хранящиеся в незаконном обороте и спрятанные от транспортировки.

НЕГЛАСНЫЕ СЛЕДСТВЕННЫЕ ДЕЙСТВИЯ – процессуальные действия, проводимые органами досудебного расследования без уведомления подозреваемого, обвиняемого или иных лиц, с целью получения доказательств в условиях сохранения конфиденциальности.

ДОПРАШИВАЕМЫЙ – лицо, вызванное в ходе правового разбирательства для дачи необходимой информации сотруднику правоохранительного органа, следователю или суду.

ЖАУАПКЕР – сотта дауталап талабы қойылған тұлға (жеке немесе заңды тұлға) және ол дауталап бойынша түсініктеме беруге және сот үдерісінде өз мүддесін қорғауға міндетті.

ЖАУАПКЕРШІЛІК АЛУ – жасаған әрекеттері немесе олардың салдарына қатысты құқықтық және материалдық міндеттемелерді өз еркімен мойнына алуы.

ЖАУАПКЕРШІЛІК, ЖАУАПТЫЛЫҚ – адамның құқыққа қайшы әрекеті немесе әрекетсіздігі үшін заңмен белгіленген жағымсыз құқық салдарын арқалау міндеті.

***Ескертпе.** Қазақ тіліндегі «жауапкершілік» және «жауаптылық» сөздері синоним болғанымен, олардың стилистикалық қолданыс аясы әртүрлі. «Жауаптылық» сөзі міндеттің орындалуы заңды немесе рәсімдік салдармен байланысты болатын құқықтық, нормативтік мәнінде қолданылса, ал «жауапкершілік» сөзі әлеуметтік, әдептік, моральдық және т.б. мазмұндағы жағдайларда қолданылады. Мәселен: ата-ана жауапкершілігі, жеке жауапкершілік, моральдық жауапкершілік, жауапкершілік алу; заңда белгіленген жауаптылық, қылмыстық жауаптылық, азаматтық жауаптылық, материалдық жауаптылық және т.б.*

ЖАУАПҚА ТАРТУ – жеке немесе заңды тұлғаны құқық бұзғаны, қылмыс жасағаны немесе әкімшілік іс-әрекеті үшін заңнамада белгілен

ОТВЕТЧИК – лицо (физическое или юридическое), к которому предъявлено исковое требование в суде и которое обязано давать объяснения по иску и защищать свои интересы в судебном процессе.

ВЗЯТЬ ОТВЕТСТВЕННОСТЬ – добровольно принять на себя правовые и материальные обязательства, связанные с действиями или их последствиями.

ОТВЕТСТВЕННОСТЬ – установленная законом обязанность лица нести неблагоприятные правовые последствия за противоправные действия или бездействие.

***Примечание.** Несмотря на то что слова «жауапкершілік» и «жауаптылық» являются синонимами, сферы их стилистического употребления различаются. Слово «жауаптылық» используется в правовом и нормативном контексте, когда исполнение обязанности связано с юридическими или процедурными последствиями, тогда как «жауапкершілік» применяется в социальных, этических, моральных и других подобных ситуациях. Например: ата-ана жауапкершілігі, жеке жауапкершілік, моральдық жауапкершілік, жауапкершілік алу; заңда белгіленген жауаптылық, қылмыстық жауаптылық, азаматтық жауаптылық, материалдық жауаптылық және т.б.*

ПРИВЛЕЧЕНИЕ К ОТВЕТСТВЕННОСТИ – официальный процесс привлечения физического или юридического лица к юридической

ген тәртіппен заңи жауапқа тартудың ресми үдерісі.

ЖӘБІРЛЕУ – адамның ар-намысы мен қадір-қасиетін әдейі төмендету, оны кемсіту, қорқыту немесе психологиялық тұрғыдан қысым көрсету арқылы адамға моральдық зиян келтіру.

ЖӘРДЕМАҚЫ – мемлекет немесе басқа уәкілетті органдар тарапынан, заңда белгіленген жағдайларға байланысты, азаматтардың жекелеген санаттарына уақытша немесе тұрақты негізде ақшалай төленетін әлеуметтік көмек.

ЖЕДЕЛ АХУАЛДЫҢ ДАМУ ЗАҢДЫЛЫҒЫ – жедел ахуалдың ағымдағы жай-күйі мен болашақтағы өзгерістері арасындағы объективті, тұрақты байланыс, бұл ретте дамудың әрбір келесі кезеңі өткеннің элементтерін сақтай отыра, жаңаны қабылдап, объективті және субъективті факторлардың ықпалына ұшырайды.

ЖЕДЕЛ БАЙҚАУ – қоғамдық орында болып жатқан жеке адамның әрекеттерін, оқиғаларды, үдерістерді, соның ішінде техникалық құралдар, фототүсірілім, бейнебақылау мен аудиожазбаны пайдалана отырып, бейресми (жасырын) бақылау.

ЖЕДЕЛ ЕСКЕРТУ ШАРАЛАРЫ – уәкілетті органның қоғамдағы қауіпті оқиғаларды болдырмау, олардың алдын алу немесе бақылау барысында қолданылатын жедел-техникалық және

ответственности за совершение правонарушения, преступления или административного деяния в порядке, установленном законодательством.

УНИЖАЮЩЕЕ ОБРАЩЕНИЕ – умышленное принижение чести и достоинства человека, его оскорбление, запугивание или психологическое давление, причиняющее лицу моральный вред.

ПОСОБИЕ – социальная помощь, выплачиваемая в денежной форме государством или иными уполномоченными на то органами отдельным категориям граждан на временной или постоянной основе в зависимости от обстоятельств, установленных законом.

ЗАКОНОМЕРНОСТЬ РАЗВИТИЯ ОПЕРАТИВНОЙ ОБСТАНОВКИ – объективная, устойчивая зависимость между текущим состоянием оперативной обстановки и её будущими изменениями, при которой каждый следующий этап развития сохраняет в себе элементы предыдущего и включает новые, при этом подвержен влиянию объективных и субъективных факторов.

ОПЕРАТИВНОЕ НАБЛЮДЕНИЕ – негласное восприятие действий физических лиц, событий, процессов, происходящих в общественном месте, в том числе с использованием технических средств, фотосъемки, видеонаблюдения и аудиозаписи.

МЕРЫ ОПЕРАТИВНОГО ПРЕДУПРЕЖДЕНИЯ – оперативно-технические и организационно-правовые средства воздействия, применяемые уполномоченными органами в ходе контроля или профилактики с

ұйымдық-құқықтық ықпал ету тәсілдері.

ЖЕДЕЛ ЖЕЛІ – азаматтардың құқық қорғау органдары, әлеуметтік көмек қызметтері және төтенше жағдаяттарда шұғыл хабарласа алатын сенім телефоны немесе байланыс арнасы.

ЖЕДЕЛ ТАЛДАУ – жедел шешім қабылдауға немесе нормадан ауытқуларды анықтауға мүмкіндік беретін ақпарат алудың немесе қандай да бір жағдайды бағалаудың жылдам әрі жеңілдетілген тәсілі.

ЖЕДЕЛДІК – ахуалдың өзгеруіне тез, уақытылы және тиімді жауап беру, шешім қабылдау және қажетті әрекеттерді қысқа мерзімде орындау мүмкіндігі.

ЖЕКЕ БАС ЕРКІНДІГІ – заңда қарастырылған жағдайлардан тыс, әркімнің жеке басына тиіспеу және әрекеттерінің еркіндігіне берілетін конституциялық құқығы.

ЖЕКЕ ДЕРЕКТІ ӨШІРТУ ҚҰҚЫҒЫ – субъектінің өзіне қатысты жеке деректерін өңдеу, сақтау және жинақтау әрекетін тоқтатуды талап ету, сондай-ақ оларды жою мүмкіндігі және бұл құқық жеке өмірін, деректерін қорғау, ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталады.

ЖЕКЕ ҚОРҒАНЫШ ҚҰРАЛДАРЫ – адамның өмірі мен денсаулығын зиянды немесе қауіпті өндірістік, экологиялық, биологиялық, радиациялық және өзге де факторлардың әсерінен қорғайтын, арнайы

целью недопущения общественно опасных происшествий.

ГОРЯЧАЯ ЛИНИЯ – телефон доверия или канал связи, по которому граждане могут обращаться в экстренных случаях, и он в основном используется правоохранительными органами, службой социальной помощи и в чрезвычайных ситуациях.

ЭКСПРЕСС-АНАЛИЗ – быстрый и упрощенный способ получения информации или оценки состояния чего-либо, позволяющий оперативно принять решения или выявить отклонения от нормы.

ОПЕРАТИВНОСТЬ – способность быстро, своевременно и эффективно реагировать на изменения обстановки, принимать решения и выполнять необходимые действия в кратчайшие сроки.

СВОБОДА ЛИЧНОСТИ – конституционное право каждого на личную неприкосновенность и свободу действий, за исключением случаев, предусмотренных законом.

ПРАВА НА ЗАБВЕНИЕ – возможность субъекта требовать прекращения сбора, хранения и обработки его персональных данных, а также их удаления и это право направлено на защиту частной жизни, персональных данных и обеспечение информационной безопасности.

СРЕДСТВА ИНДИВИДУАЛЬНОЙ ЗАЩИТЫ – совокупность специальных технических средств и приспособлений, предназначенных для защиты жизни и здоровья человека от воздействия вредных или опасных производственных,

техникалық құралдар және икем құралдар жиынтығы.

ЖЕКЕ ҚҰҚЫҚ – теңдік, шарт жасасу еркіндігі, тараптар еркіндігінің дербестігі, сондай-ақ жеке құқық қатынастарына қатысушылардың мүдделері мен мүлкін, жеке құқықтарын қорғауға бағытталған, заңды және жеке тұлғалар арасындағы мүліктік және онымен байланысты мүліктік емес қатынастарды реттейтін құқық жүйесінің бөлігі.

ЖЕКЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕР – жеке және заңды тұлғалардың құқық нормалары қамтылмайтын және олардың құқықтары мен міндеттерін іске асырумен байланысты емес, уәкілетті органның және оның өкілеттігін жүзеге асыратын, жазбаша ресми құжаты.

ЖЕКЕ ҚҰРАМ ҚҰЖАТТАРЫ – ұйым жұмыскерлерінің еңбек қатынастары, кадрлық ауыс-түйістер, білімі, біліктілігі, көтермелеулері, тәртібі және жұмыстан кетуіне байланысты мәліметтерді қамтитын құжаттар жиынтығы.

ЖЕКЕ МЕНШІК – жеке адамдардың, отбасының, адам тобының иелігінде меншіктің негізгі формаларының бірі ретінде меншік объектілері болатын жер, жылжымайтын мүлік, өндіріс құрал-жабдықтары, ақша мен құнды қағаздар, жұмыс күші, әртүрлі тауар, зияткерлік өнім.

экологических, биологических, радиационных и иных факторов.

ЧАСТНОЕ ПРАВО – часть правовой системы, регулирующая имущественные и связанные с ними неимущественные отношения между юридическими и физическими лицами, возникающие на основе равенства, свободы договора, автономии воли сторон, а также направленная на защиту личных прав, собственности и интересов участников частных правоотношений.

ИНДИВИДУАЛЬНЫЕ ПРАВОВЫЕ АКТЫ – письменный официальный документ уполномоченного органа, осуществляющий его полномочия, который не содержит норм права и не связан с реализацией прав и обязанностей физических и юридических лиц.

ДОКУМЕНТЫ ПО ЛИЧНОМУ СОСТАВУ – совокупность документов, содержащих сведения о работниках организации, связанные с трудовыми отношениями, кадровым движением, образованием, квалификацией, поощрениями, дисциплиной и увольнением.

ЧАСТНАЯ СОБСТВЕННОСТЬ – одна из основных форм собственности на землю, недвижимость, средства производства, деньги и ценные бумаги, рабочую силу, разнообразные товары, интеллектуальный продукт, заключающаяся в том, что эти объекты собственности принадлежат частным лицам, семьям, группам лиц.

ЖЕКЕ НОТАРИУС – заңды тұлға құрмай, нотариалдық қызметті жүзеге асыру құқығы лицензиясы негізінде жүзеге асыратын және әділеттің аумақтық органында есепке алу тіркеуінен өткен, нотариалдық әрекетті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының азаматы.

ЖЕКЕ ӨМІРГЕ ТИІСПЕУ ҚҰҚЫҒЫ – адамның жеке өмірінің құпиялылығын, ар-намысы мен қадір-қасиетін қорғауға бағытталған конституциялық құқық.

ЖЕКЕ САЛЫМ – жеке тұлғаның банкке салған ақшалай қаражаты.

ЖЕКЕ СОТ ОРЫНДАУШЫСЫ – жоғары заңи білімі бар, жеке сот орындаушысы лицензиясын алған және Республикалық палатаның мүшелігіне өткен, Қазақстан Республикасының азаматы.

ЖЕКЕ ТҮЛҒАҒА ҚОРЛАП ТИІСУ – адамның ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін, моральдық жайсыздық тудыратын және оның келісімінсіз қысым көрсететін, кемсітетін, дөрекі немесе әдепсіз әрекеттердің заңға қайшы түрі.

ЖЕКЕ ШОТТАН ҮЗІНДІ КӨШПРМЕ – жеке есептік (дербес) шотқа қатысты қаражаттың қозғалысы, есептеулер, ұстап қалулар және қалдық туралы ақпаратты қамтитын ресми құжат.

ЧАСТНЫЙ НОТАРИУС – гражданин Республики Казахстан, осуществляющий нотариальную деятельность без образования юридического лица на основании лицензии на право осуществления нотариальной деятельности и прошедший учетную регистрацию в территориальном органе юстиции.

ПРАВО НА НЕПРИКОСНОВЕННОСТЬ ЧАСТНОЙ ЖИЗНИ – конституционное право, направленное на защиту конфиденциальности личной жизни, чести и достоинства человека.

ЛИЧНЫЙ ВКЛАД – денежные средства, вносимые физическими лицами в банк.

ЧАСТНЫЙ СУДЕБНЫЙ ИСПОЛНИТЕЛЬ – гражданин Республики Казахстан, имеющий высшее юридическое образование, получивший лицензию частного судебного исполнителя и вступивший в Республиканскую палату.

ОСКОРБИТЕЛЬНОЕ ПРИСТАВАНИЕ К ФИЗИЧЕСКОМУ ЛИЦУ – форма противоправного поведения, выражающаяся в унижающих, грубых или непристойных действиях в отношении человека, которые затрагивают его честь, достоинство, причиняют моральный дискомфорт, и совершаются без его согласия.

ВЫПИСКА С ЛИЦЕВОГО СЧЕТА – официальный документ, содержащий информацию о движении средств, начислениях, удержаниях и остатке по индивидуальному учётному (лицевому) счёту.

ЖЕКЕ-ДАРА САРАПТАМА – ғылыми негізделген кәсіби зерттеу және бір сарапшының өз бетінше жүргізетін, арнайы білімді талап ететін мәселелерге қатысты қорытынды шығару үдерісі.

ЖЕКЕМЕНШІК МЕКЕМЕ – жеке немесе мемлекеттік емес заңды тұлғалардың басқару, әлеуметтік-мәдени немесе коммерциялық емес сипаттағы өзге де көрсетілетін қызметтерді жүзеге асыру үшін құратын, мемлекеттік құрылымның бөлігі болып табылмайтын ұйым, жекеменшік мекемесі.

ЖЕЛІ – ақпаратты, энергияны, ресурстарды немесе көрсетілетін қызметтерді ұсыну, тарату және алмасу үшін қолданылатын, өзара байланысқан элементтер, құрылғылар мен инфрақұрылымның бірыңғай жүйесі.

ЖЕҢІЛДІК – белгілі бір адамға немесе топқа қаржылық міндеттемелерді (салық, төлем, қарыз) азайту, кешіктіру немесе толық босату түрінде берілетін уақытша немесе тұрақты жеңілдету шарасы.

ЖЕҢІЛДІК КЕЗЕҢІ – қаржы міндеттемелерін орындаудан уақытша босату немесе жеңілдетілген шарттарды қолдану мерзімі (кредит төлемдерін кейінге қалдыру).

ЖЕРГЕ ЗАТТЫҚ ҚҰҚЫҚ – мемлекет мойындайтын және қорғайтын, үшінші тұлғаға тәуелсіз әрекет ететін жер учаскесін иелену, пайдалану немесе билік ету үшін заңды түрде белгіленген құқық.

ЕДИНОЛИЧНАЯ ЭКСПЕРТИЗА – научно обоснованное профессиональное исследование и процесс вынесения заключения по вопросам, требующим специальных знаний, проводимые одним экспертом самостоятельно.

ЧАСТНЫЕ УЧРЕЖДЕНИЯ – частным учреждением признается не являющаяся частью государственной структуры организация, созданная физическими или негосударственными юридическими лицами для осуществления управленческих, социально-культурных или иных функций некоммерческого характера.

ЛИНИЯ – единая система взаимосвязанных элементов, устройств и инфраструктуры, используемая для передачи, распределения и обмена информацией, энергией, ресурсами или услугами.

СКИДКА – временная или постоянная мера послабления, предоставляемая определенному лицу или группе лиц в виде уменьшения, отсрочки либо полного освобождения от выполнения финансовых обязательств (налогов, платежей, долгов).

ЛЬГОТНЫЙ ПЕРИОД – срок временного освобождения от выполнения финансовых обязательств или применения облегченных условий (отсрочка платежей по кредиту).

ВЕЩНОЕ ПРАВО НА ЗЕМЛЮ – законно установленное право владеть, пользоваться или распоряжаться земельным участком, которое признаётся и охраняется государством, и действует независимо от третьих лиц.

ЖЕРГІЛІКТІ ҚАМТЫЛЫМ – Қазақстан Республикасының аумағында кәсіпорынның қызметін жүзеге асыру кезінде пайдаланылатын жергілікті тауарлардың, көрсетілетін қызметтер және еңбек ресурстарының құн және пайыздық мәніндегі үлесінің көрсеткіші.

ЖЕРГІЛІКТІ САЛЫҚТАР – жергілікті мемлекеттік басқару органдары белгілейтін және сол аумақтағы салық төлеушілерден өндіріп алынатын салық түрлері.

ЖЕРДІ МЕНШІКТЕНУ ҚҰҚЫҒЫ – азаматтардың және мемлекеттік емес заңды тұлғалардың осы Жарлық пен өзге де заңнаманың шегінде және белгіленген шарттарда, өздеріне тиесілі жер учаскесін иелену, пайдалану және билік ету құқығы.

ЖЕТЕ ТЕКСЕРУ – әкелуге тыйым салынған заттарды, материалдар немесе құқық бұзуды анықтау үшін адамдарды, көлік құралдарын, жүк, багаж, пошталық жіберілімдер немесе басқа объектілерді ресми түрде тексеру рәсімі.

ЖЕТІЛМЕГЕН КАДР САЯСАТЫ – ұйымның немесе мемлекеттік органның жұмыскерлерін іріктеу, орналастыру, дамыту, мотивациялау және жұмыстан босату қағидаттары мен әдістерінің тиімсіз жүйесі.

ЖЕТКІНШЕК – кәмелеттік жасқа толмаған, ересек жасқа жетпеген, құқық тұрғысынан ерекше қорғалатын бала.

ЖИНАҚТАУ – табыстың бір бөлігін сақтап қалып, оны кейін инвестиция немесе капиталға салым ретінде пайдалану үдерісі.

МЕСТНОЕ СОДЕРЖАНИЕ – показатель доли, в стоимостном и процентном выражениях, местных товаров, услуг и трудовых ресурсов, используемых при осуществлении деятельности предприятием на территории Республики Казахстан.

МЕСТНЫЕ НАЛОГИ – виды налогов, устанавливаемых органами местного самоуправления и взимаемых с налогоплательщиков на данной территории.

ПРАВО СОБСТВЕННОСТИ НА ЗЕМЛЮ – право граждан и негосударственных юридических лиц владеть, пользоваться и распоряжаться принадлежащим ему земельным участком на условиях и в пределах, установленных настоящим Указом и иным законодательством.

ДОСМОТР – официальная процедура обследования людей, транспортных средств, багажа, грузов, почтовых отправлений или других объектов с целью выявления запрещённых предметов, веществ или нарушений.

НЕСОВЕРШЕННАЯ КАДРОВАЯ ПОЛИТИКА – неэффективная система принципов и методов отбора, расстановки, развития, мотивации и увольнения работников в организации или государственном органе.

МАЛОЛЕТНИЕ ДЕТИ – несовершеннолетние лица, не достигшие возраста взрослости и подлежащие особой правовой защите.

НАКОПЛЕНИЕ – процесс сохранения части дохода с целью последующего использования в качестве инвестиций или вложений в капитал.

ЖИНАҚТАУШЫ ҚОР – жеке немесе заңды тұлғалардың болашақтағы белгілі бір қажеттіліктерін (зейнет-ақы, білім беру, тұрғын үй сатып алу) қаржыландыру үшін арнайы және ұзақ мерзімге жинақталатын ақшалай қаражатының жиынтығы.

ЖОҒАЛТЫМДЫ ӨТЕУ – заңи немесе шартты міндеттемелерге сәйкес басқа тұлғаға келтірілген материалдық шығынның орнын толтыру үшін жүргізілетін өтемақы төлеу үдерісі.

ЖОҒАРҒЫ БИЛІКТІҢ БАҚЫЛАУ ОРГАНДАРЫ – мемлекеттік биліктің атқарушы немесе қадағалаушы қызметтерін жүзеге асыратын орталық органдар.

ЖОҒАРЫ ТҰРҒАН ОРГАНДАРДЫҢ НҰСҚАУЛАРЫ – иерархия құрылымының жоғары деңгейіндегі мемлекеттік органдар, лауазымды адамдар немесе ұйым басшылары шығаратын және төмен тұрған органдар мен бағынышты адамның міндетті түрде орындайтын, басқарудың нормативтік емес актілері (хаттар, жеделхаттар, тапсырмалар, өкімдер).

ЖОЙЫП ЖІБЕРУ – қандай да бір объектінің, заттың немесе деректің толық және қайтымсыз жойылуы, оның тіршілігінің аяқталуы.

ЖОЛ БЕРУШІЛІК – қандай да бір нәрсенің (құжат, мәміле, әрекет) заң талаптарына, ережелерге немесе мақсатына сәйкестігі және оның заңи күшінің болуы.

НАКОПИТЕЛЬНЫЙ ФОНД – совокупность денежных средств, созданная для специальных целей и накапливаемая на долгосрочной основе физическими или юридическими лицами для финансирования определенных будущих потребностей (пенсии, образования, покупки жилья).

ВОЗМЕЩЕНИЕ ПОТЕРЬ – процесс выплаты компенсации, осуществляемый в соответствии с юридическими или договорными обязательствами, с целью возмещения материального ущерба, причинённого другому лицу.

КОНТРОЛЬНЫЕ ОРГАНЫ ВЕРХОВНОЙ ВЛАСТИ – центральные органы, осуществляющие исполнительные или надзорные функции государственной власти.

УКАЗАНИЯ ВЫШЕСТОЯЩИХ ОРГАНОВ – ненормативные акты управления (письма, телеграммы, поручения, распоряжения), издаваемые государственными органами, должностными лицами или руководителями организаций, находящимися на более высоком уровне в иерархической структуре, и обязательные для исполнения нижестоящими органами или подчиненными лицами.

УНИЧТОЖЕНИЕ – полное и необратимое разрушение какого-либо объекта, предмета или данных, прекращение его существования.

ДОПУСТИМОСТЬ – соответствие чего-либо (документа, сделки, действия) требованиям закона, правилам или назначению, а также наличие у этого юридической силы.

ЖОЛ КӨРІНІМІ – нақты ауа райы мен жарықтандыру кезіндегі жолдағы жағдайдың элементтерін жүргізушінің анық көре алатын арақашықтығы.

ЖОЛ ҚОЗҒАЛЫСЫ – көлік құралдары мен жаяу жүргіншілердің жолмен қозғалу үдерісі.

ЖОЛ ЧЕГІ – жол үстінде жүрген адамның белгілі бір сома көлеміндегі ақшалай қаражатын пайдалануға құқығын растайтын төлем құжаты.

ЖОЛАУШЫ КУӘЛІГІ – жолаушының сапарға шығу құқығын және осы сапармен байланысты құқықтарын растайтын, белгіленген үлгідегі және нысандағы құжат.

ЖОЛДАНЫМ, ЖҮГІНУ – әкімшілік органға немесе лауазымды адамға жазбаша (қағаз және электрондық) немесе ауызша, сондай-ақ бейнеконференц-байланыс нысанында жіберілген арыз немесе шағым.

***Ескертпе.** Орыс тіліндегі «обращение» сөзі қазақ тіліне «жолданым» және «жүгіну» деп аударылады. Егер құжаттың атауы болса – «жолданым» термині, ал қимыл-әрекетті білдірсе – «жүгіну» сөзі қолданылады. Мысалы: «Жолданымды қайтару қайта жүгінуге кедергі келтірмейді».*

ЖОЛДАНЫМ БОЙЫНША ІС ЖҮРГІЗУ – жеке және заңды тұлғалардың жолданымдарын қабылдау, тіркеу, қарау, орындау, сақтау, сондай-ақ жауап беру сапасы мен мерзімдерін бақылауды қамтамасыз ететін, ұйымдастырушы-техникалық және құқықтық іс-шаралар кешені.

ВИДИМОСТЬ ДОРОГИ – расстояние, на котором водитель может чётко видеть элементы дорожной обстановки при текущих погодных и условиях освещения.

ДОРОЖНОЕ ДВИЖЕНИЕ – процесс передвижения транспортных средств и пешеходов по дороге.

ДОРОЖНЫЙ ЧЕК – платёжный документ, подтверждающий право лица, находящегося в пути, распоряжаться денежными средствами на определённую сумму.

ПАССАЖИРСКОЕ СВИДЕТЕЛЬСТВО – документ установленного образца и формы, удостоверяющий личность пассажира, его право на поездку и связанные с этой поездкой права.

ОБРАЩЕНИЕ – направленные в административный орган или должностному лицу в письменной (бумажной и электронной) или устной форме, а также в форме видеоконференц-связи, заявление или жалоба.

***Примечание.** В русском языке слово «обращение» переводится на казахский язык как «жолданым, жүгіну». Если речь идёт о названии документа, используется термин «жолданым», а если обозначается действие, то применяется слово «жүгіну». Например, Возврат обращения не препятствует повторному обращению.*

ДЕЛОПРОИЗВОДСТВО ПО ОБРАЩЕНИЯМ – совокупность организационно-технических и правовых действий, обеспечивающих приём, регистрацию, рассмотрение, исполнение и хранение обращений физических и юридических лиц, а также контроль за сроками и качеством ответов.

ЖОЛДАНЫМ ТҮРЛЕРІ – азаматтардың мемлекеттік органдарға, жергілікті өзін-өзі басқару органдарына, сондай-ақ лауазымды адамдарға өз пікірлерін, ұсыныстарын, шағымдарын немесе сұрау салуларын жолдай алатын тәсілдері.

ЖОЛДАНЫМДЫ ЕСЕПКЕ АЛУ – жолданымдарды қабылдау және қарау жөніндегі мәліметтерді тіркеу және оларды мемлекеттік құқықтық статистикалық есептілікте көрсету.

ЖОЛДАНЫМДЫ ҚАБЫЛДАУ – әкімшілік органның (лауазымды адамның) әкімшілік рәсімге қатысушының жолданымын қабылдау және тіркеу әрекеті.

ЖОЛДАНЫМДЫ ҚАРАУ – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әкімшілік органның және лауазымды адамның өз құзыреті шегінде шешім қабылдауы.

ЖОЛЫН КЕСУ – қандай да бір, әсіресе заңсыз немесе қажетсіз әрекеттің, бастапқы кезеңінде немесе орындалу барысында үзілді-кесілді әрі дереу тоқтатылуы.

ЖОСЫҚСЫЗ ҚАТЫСУШЫЛАР – шартты жасау немесе орындау кезінде адал ниеттілік қағидаттарын бұзатын, басқа тараптарға зиян келтіру үшін әрекет ететін немесе заңды айналып өтуге тырысатын жеке немесе заңды тұлғалар.

ВИДЫ ОБРАЩЕНИЙ – способы, которыми граждане могут направлять в государственные органы, органы местного самоуправления, а также к должностным лицам для выражения своих мнений, предложений, жалоб или запросов.

УЧЕТ ОБРАЩЕНИЯ – фиксирование сведений по приему и рассмотрению обращения и их отражение в государственной правовой статистической отчетности.

ПРИЕМ ОБРАЩЕНИЯ – действие административного органа (должностного лица) по принятию и регистрации обращения участника административной процедуры.

РАССМОТРЕНИЕ ОБРАЩЕНИЯ – принятие административным органом, должностным лицом в пределах своей компетенции решения в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

ПРЕСЕЧЕНИЕ – решительное и незамедлительное прекращение какого-либо действия, особенно незаконного или нежелательного, на его начальной стадии или в процессе его осуществления.

НЕДОБРОСОВЕСТНЫЕ УЧАСТНИКИ – физические или юридические лица, нарушающие принципы добросовестности при заключении или исполнении договоров, действующие с целью причинения вреда другим сторонам или пытающиеся обойти закон.

ЖОЮ – қандай да бір жағымсыз құбылыстың, бұзылудың немесе кедергінің себебін, көзін не болмаса салдарын жоюға, түзетуге не бейтараптандыруға бағытталған үдеріс немесе әрекет.

***Ескертпе.** «Жою» сөзі мәнмәтінге қарай орыс тіліне «устранение, удаление, ликвидация, аннулирование» болып аударылады.*

ЖОЮ – қандай да бір объектіні, бөлікті немесе элементті белгілі бір жерден немесе жүйеден алып тастау, оны бөлектеу немесе толық өшіру.

***Ескертпе.** «Удаление» сөзінің «жою, шығарып тастау, өшіру» аудармалары мәнмәтінге қарай қолданылады.*

ЖҰМЫС УАҚЫТЫ – жұмыс берушінің актілеріне және еңбек шартына сәйкес жұмысшының өз лауазымдық міндеттерін атқаратын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексында белгіленген жұмыс уақытының басқа да кезеңі.

ЖҰМЫС СЫЯҚЫСЫ – еңбек міндеттерін орындағаны үшін жұмыскерге еңбек шарты немесе заңнамаға сәйкес төленетін материалдық немесе материалдық емес өтемақы.

УСТРАНЕНИЕ – процесс или действие, направленное на удаление, исправление или нейтрализацию причины, источника либо последствий какого-либо нежелательного явления, нарушения или препятствия.

***Примечание.** Слово «жою» переводится на русский язык как «устранение, удаление, ликвидация, аннулирование» в зависимости от контекста.*

УДАЛЕНИЕ – изъятие какого-либо объекта, части или элемента из определенного места или системы, его отделение или полное уничтожение.

***Примечание.** Переводы слова «удаление» – «жою», «шығарып тастау», «өшіру» используются в зависимости от контекста.*

РАБОЧЕЕ ВРЕМЯ – период, в течение которого работник исполняет свои должностные обязанности в соответствии с актами работодателя и трудовым договором, а также иные периоды рабочего времени, установленные Трудовым кодексом Республики Казахстан.

ВОЗНАГРАЖДЕНИЕ ЗА РАБОТУ – материальная или нематериальная компенсация, выплачиваемая работнику за выполнение трудовых обязанностей, предусмотренных трудовым договором или законодательством.

ЖҰМЫС УАҚЫТЫНЫҢ ИКЕМДІ РЕЖІМІ – жұмыс берушінің келісімімен жұмыскерге жұмыс күнінің өзге де тәртібін (басталуы мен аяқталуы) белгілеуге болатын еңбек үдерісін жүзеге асыру.

ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСУ – адамның белгілі бір мекемеге немесе ұйымға ресми түрде жұмысқа орналасу үдерісі, яғни еңбек шартына отырып, лауазымдық міндеттерін орындауға кірісуі.

ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРЫ – өндірістік, техникалық және қызмет көрсету салаларында еңбек құралдарын тікелей пайдалану арқылы еңбек қызметін жүзеге асыратын мамандықтар жиынтығы.

ЖҮЙЕЛІК ҚАТЕР – бір немесе бірнеше қаржы ұйымының банкроттығы немесе қаржылық тұрақсыздығы салдарынан сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының беделіне, маркетингіне және қаржылық жай-күйіне, сондай-ақ тұтастай алғанда қаржы жүйесінің тұрақтылығына теріс әсер ету қатері.

ЖҮЙЕСІЗ ҚАТЕР – нақты компанияға, салаға немесе активке тән және бүтіндей нарықтың жағдайына байланысты емес қаржының қатері.

ЖҮК АЛЫМЫ – көлік-логистикалық немесе кеден қызметтерін көрсету аясында жүкті тиеу, түсіру, өңдеу, сақтау немесе тасымалдау үшін алынатын міндетті ақы (алым).

РЕЖИМ ГИБКОГО РАБОЧЕГО ВРЕМЕНИ – осуществление трудового процесса, при котором по согласованию с работодателем работнику может быть установлен иной распорядок (начало и окончание) рабочего дня.

ТРУДОУСТРОЙСТВО – процесс официального трудоустройства человека в определённую организацию или учреждение, то есть заключение трудового договора и вступление в исполнение служебных обязанностей.

РАБОЧИЕ СПЕЦИАЛЬНОСТИ – совокупность профессий, связанных с выполнением трудовой деятельности в производственной, технической и сервисной сферах с непосредственным использованием орудий труда.

СИСТЕМНЫЙ РИСК – риск того, что банкротство или финансовая нестабильность одной или нескольких финансовых организаций окажет негативное влияние на репутацию, маркетинг и финансовое состояние страховой (перестраховочной) организации, а также на стабильность финансовой системы в целом.

НЕСИСТЕМНЫЙ РИСК – финансовый риск, присущий конкретной компании, отрасли или активу и не зависящий от состояния рынка в целом.

ГРУЗОВОЙ СБОР – обязательный платёж, взимаемый за погрузку, разгрузку, обработку, хранение или транспортировку груза в рамках оказания транспортно-логистических или таможенных услуг.

ЖҮКТЕЛІМ-РҰҚСАТ – жұмыс беруші немесе уәкілетті тұлғаның жоғары қауіпті немесе ерекше мән-жағдайдағы белгілі бір жұмысты орындауға жазбаша түрде беретін ресми құжаты.

ЖҮКТЕМЕ – заң немесе құқық актісі негізінде жеке тұлғаға немесе ұйымға жүктелген міндеттер мен жауапкершіліктің жиынтығы.

ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК – жер учаскелері, ғимараттар, құрылыс-жайлар және жермен тығыз байланысты өзге де мүлік, яғни мақсатына шамадан тыс залал келтірілмей көшірілуі мүмкін болмайтын объектілер.

ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІКТІҢ БІРЫҢҒАЙ МЕМЛЕКЕТТІК КАДАСТРЫ – Қазақстан Республикасының аумағындағы барлық жылжымайтын объектілер және олардың құқықтарына қатысты мәліметтерді қамтитын ресми деректер базасы.

ЖЫЛЖЫМАЛЫ МҮЛІК – жылжымайтын мүлікке жатпайтын, оның ішінде ақша, бағалы қағаздар және орнын ауыстырған кезде олардың мақсатына өлшемсіз зардап тимейтіндей жылжыту мүмкін өзге де заттар.

ЖЫЛУМЕН ЖАБДЫҚТАУДЫҢ ЖЕКЕ ЖҮЙЕСІ – бір ғана ғимаратты немесе тұтынушыны жылумен қамтамасыз ететін, дербес орнатылған және жұмыс істейтін жылу жүйесі.

НАРЯД-ДОПУСК – официальный документ, выдаваемый работодателем или уполномоченным лицом для выполнения определенных работ в условиях повышенной опасности или особых обстоятельств.

НАГРУЗКА – совокупность обязанностей и ответственности, возложенных на физическое или юридическое лицо на основании закона или правового акта.

НЕДВИЖИМОЕ ИМУЩЕСТВО – земельные участки, здания, сооружения и иное имущество, тесно связанное с землей, то есть объекты, перемещение которых без причинения чрезмерного ущерба их назначению невозможно.

ЕДИНЫЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ КАДАСТР НЕДВИЖИМОСТИ – официальная база данных, содержащая сведения о всех объектах недвижимости на территории Республики Казахстан, а также о правах на них.

ДВИЖИМОЕ ИМУЩЕСТВО – имущество, не относящееся к недвижимости, включая деньги, ценные бумаги и иные вещи, которые могут быть перемещены без несоразмерного ущерба их назначению.

ИНДИВИДУАЛЬНАЯ СИСТЕМА ТЕПЛОСНАБЖЕНИЯ – автономно установленная и функционирующая система теплоснабжения, обеспечивающая теплом только одно здание или потребителя.

ЖЫЛУМЕН ЖАБДЫҚТАУДЫҢ ОРТАЛЫҚТАНҒАН ЖҮЙЕСІ – жылудың бір немесе бірнеше ірі көзінен (мысалы, жылу электр орталығынан) бірнеше тұтынушыға жылу энергиясын жеткізетін жалпы жүйе.

ЖЫМҚЫРУ – өзгенің мүлкін кінәлінің немесе үшінші тұлғаның пайдасына жасырын немесе ашық түрде, пайдақорлық мақсатта және иесінің келісімінсіз, құқыққа қарсы, қасақана алып қою және иелену.

ЖЫНЫСТЫҚ ТИІСПЕУ – адамның еркіне қайшы жыныстық сипаттағы әрекеттерден және кез келген жыныстық тиіспеу түрлерінен заңмен қорғану құқығы.

ЖІКТЕЛІМ – объектілер, құбылыстар, тауарлар немесе көрсетілетін қызметтердің қандай да бір белгілеріне сәйкес топтарға немесе санаттарға бөлу үдерісі және әдісі.

ЖІКТЕУІШ – әрбір атауы бар объектіге бірегей код берілген, жүйелендірілген тізім.

ЦЕНТРАЛИЗОВАННАЯ СИСТЕМА ТЕПЛОСНАБЖЕНИЯ – общая система, доставляющая тепловую энергию от одного или нескольких крупных источников тепла (например, теплоэлектроцентраля) к множеству потребителей.

ХИЩЕНИЕ – противоправное, умышленное изъятие или обращение чужого имущества в пользу виновного или третьих лиц, совершённое тайно или открыто, с корыстной целью и без согласия собственника.

ПОЛОВАЯ НЕПРИКОСНОВЕННОСТЬ – правовая защищённость от любых форм сексуального посягательства и действий сексуального характера против воли лица.

КЛАССИФИКАЦИЯ – процесс или метод распределения объектов, явлений, товаров или услуг на группы или категории по определённым признакам.

КЛАССИФИКАТОР – систематизированный перечень наименованных объектов, каждому из которых в соответствии дан уникальный код.

33

ЗАЛАЛ – азаматтық, әкімшілік немесе қылмыстық құқықта қолданылатын, құқыққа қарсы әрекеттер (немесе әрекетсіздік) нәтижесінде жеке немесе заңды тұлғаға келтірілген материалдық немесе моральдық зиянның жиынтық атауы.

***Ескертпе.** Мәнмәтінге сәйкес «залал» сөзімен қатар «зардап, нұқсан» сөздері қолданылады және орыс тіліне «ущерб» болып аударылады.*

УЩЕРБ – совокупное понятие, используемое в гражданском, административном или уголовном праве для обозначения материального или морального вреда, причиненного физическому или юридическому лицу в результате противоправных действий (бездействия).

***Примечание.** Слово «ущерб» в зависимости от контекста переводится на казахский язык как «залал, зардап, нұқсан».*

ЗАЛАЛ КЕЛТІРУ – басқа тұлғаның (немесе занды тұлғаның) құқыққа қарсы әрекеттері немесе әрекетсіздігі нәтижесінде мүлікке, денсаулыққа, өмірге, ар-намысқа не басқа да заңмен қорғалатын игіліктерге келтірілген зияны.

ЗАЛАЛ МӨЛШЕРІ – құқық бұзудың немесе қылмыстың нәтижесінде жәбірленушіге келтірілген материалдық немесе моральдық зиянның ақшалай не басқа түрде есептелген мөлшері.

ЗАЛАЛДЫ ӨТЕУ – құқыққа қайшы әрекет немесе әрекетсіздік нәтижесінде жәбірленушіге келтірілген материалдық зиянның ақшалай немесе басқа нысанда қайтарылып берілуі.

ЗАЛАЛДЫҚ – субъектінің (кәсіпорынның, ұйымның, жобаның және т.б.) белгілі бір кезеңдегі жиынтық кірістерінен жиынтық шығыстары асып кететін экономикалық жай-күйі.

ЗАЛАЛДЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ БАҒАЛАНУЫ – құқыққа қайшы әрекет немесе әрекетсіздік нәтижесінде келтірілген залалдың мөлшерін анықтау, талдау және есептеу үдерісі, оның құнын анықтау үшін арнайы әдістемелер мен экономикалық көрсеткіштердің қолданылуы.

ЗАМАНАУИ ЖӘНЕ СҰРАНЫСҚА ИЕ НЫСАНДАР – қазіргі қоғамда немесе нарықта өзекті, тиімді және кеңінен қолданылатын тәсілдер, әдістер, құралдар немесе ұйымдас-тыру үлгілері.

ПРИЧИНЕНИЕ УЩЕРБА – вред имуществу, здоровью, жизни, чести или иным охраняемым законом благам, причиненный в результате противоправных действий или бездействия другого лица (юридического лица).

РАЗМЕР УЩЕРБА – размер материального или морального вреда, причиненного потерпевшему в результате правонарушения или преступления, выраженная в денежной или иной форме.

ВОЗМЕЩЕНИЕ УЩЕРБА – возврат причиненного материального вреда пострадавшему в денежной или иной форме, в результате противоправного действия или бездействия.

УЩЕРБНОСТЬ – экономическое состояние субъекта (предприятия, организации, проекта и др.), при котором совокупные расходы превышают совокупные доходы за определённый период.

ЭКОНОМИЧЕСКАЯ ОЦЕНКА УЩЕРБА – процесс расчёта, анализа и определения размера ущерба, причиненного противоправным действием или бездействием, с применением специальных методик и экономических показателей в целях установления его стоимости.

СОВРЕМЕННЫЕ И ВОСТРЕБОВАННЫЕ ФОРМЫ – актуальные, эффективные и широко применяемые в современном обществе или на рынке подходы, методы, инструменты или организационные модели.

ЗАҢ КЕҢЕСШІСІ – ұйымдар мен азаматтарға құқықтық мәселелерге қатысты кеңес беретін, құқық құжаттарын дайындайтын, сондай-ақ заңнама нормаларын түсіндіру және қолдану бойынша көмек көрсететін заңгер маман.

ЗАҢ ЕРЕЖЕСІ – құқықтық реттеудің, құқық қолдану тәжірибесінің, сондай-ақ заң заңшығарымның негізі болатын, жалпы құқықтық және салалық деңгейдің негізгі ережелері, қағидаттары мен идеялары.

ЗАҢ НОРМАЛАРЫН ӨРЕСКЕЛ БҰЗУ – өз кезегінде басқа адамдардың құқықтарына, заңды мүдделеріне, қоғам мүдделеріне немесе мемлекеттік органдарға елеулі зиян келтіру салдарларына әкелетін, заң талаптарын елеулі, саналы түрде немесе өрескел абайсыздықтан бұзу.

ЗАҢ ТҰЖЫРЫМЫ – нормативтік құқықтық актілердегі ережелер, нормалар немесе қағидаттарды нақты, дәл және ресми баяндайтын сөз тіркесі немесе мәтін.

ЗАҢ ҮСТЕМДІГІ – қоғамның барлық мүшелері, оның ішінде мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың заңға бағынуын және оның ережелерін сақтауға міндеттейтін іргелі қағидат.

ЗАҢ ШЫҒАРУ ҚЫЗМЕТІ – қоғамдық қатынастарды реттеуге және құқық тәртібін қамтамасыз етуге бағытталған заңдар мен нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу, талқылау, қабылдау және енгізудің жүйелі үдерісі.

ЮРИСКОНСУЛЬТ – юрист, консультирующий организации и граждан по правовым вопросам, подготавливающий юридические документы, а также оказывающий помощь в толковании и применении законодательных норм.

ЗАКОНОПОЛОЖЕНИЕ – основные положения, принципы и идеи на общеправовом и отраслевом уровнях, являющиеся основой правового регулирования, правоприменительной практики, а также законотворчества.

ГРУБОЕ НАРУШЕНИЕ НОРМ ЗАКОНА – серьёзное, сознательное или явно неосторожное нарушение требований законодательства, которое приводит к существенным последствиям, таким как ущерб правам, законным интересам других лиц, общественным интересам или государственным структурам.

ФОРМУЛИРОВКА ЗАКОНА – текст или словосочетание, которое чётко, точно и официально излагает правила, нормы или принципы в нормативных правовых актах.

ВЕРХОВЕНСТВА ЗАКОНА – фундаментальный принцип, согласно которому все члены общества, включая государственные органы и должностных лиц, подчиняются закону и обязаны соблюдать его положения.

ЗАКОНОТВОРЧЕСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ – систематический процесс разработки, обсуждения, принятия и внедрения законов и нормативных правовых актов, направленных на регулирование общественных отношений и обеспечение правопорядка.

ЗАҢҒА СӘЙКЕСТІК – қоғамның билікті мойындауы, оның шешімі немесе әрекетін заңдылыққа, қабылданған нормаларға және моральдық қағидаттарға сәйкес деп бағалау дәрежесі.

ЗАҢҒА ТӘУЕЛДІ НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІ – заңнама және сатысы бойынша өзге де жоғары тұрған нормативтік құқықтық актілердің негізінде оларды орындау және (немесе) одан әрі іске асыру үшін шығарылатын, заңнама актілеріне жатпайтын, өзге де нормативтік құқықтық актілер.

ЗАҢДА КӨЗДЕЛГЕН – құқық нормаларында белгіленген, міндетті сипаттағы ережелер, талаптар немесе жағдайлар.

ЗАҢДА КӨЗДЕЛГЕН ЖАЗАЛАУ ШАРАСЫ – құқық бұзу немесе жасалған қылмыс үшін нормативтік құқықтық актілерде (Қылмыстық және Әкімшілік құқық бұзу кодексінде және басқа да заңдарда) белгіленген жауаптылықтың нақты түрі.

ЗАҢДА ТЫЙЫМ САЛЫНҒАН – нормативтік құқықтық актілерге қайшы келетін және тыйым салынған құқық нормасын бұзғаны үшін заңда белгіленген жауапқа тарту әрекеті.

ЗАҢДАРДА ТЫЙЫМ САЛЫНБАҒАН ДЕРЕККӨЗДЕР – құқық нормаларына қайшы келмейтін және мәлімет алу үшін пайдалануға рұқсат етілген ақпарат көздері.

ЛЕГИТИМНОСТЬ – признание обществом власти и степень оценки её решений или действий как соответствующих закону, принятым нормам и моральным принципам.

ПОДЗАКОННЫЙ НОРМАТИВНЫЙ ПРАВОВОЙ АКТ – иные, не являющиеся законодательными актами, нормативные правовые акты, издаваемые на основе и (или) во исполнение и (или) для дальнейшей реализации законодательных и иных вышестоящих по иерархии нормативных правовых актов.

ПРЕДУСМОТРЕННАЯ ЗАКОНОМ – обязательные правила, требования или условия, установленные правовыми нормами.

ПРЕДУСМОТРЕННАЯ ЗАКОНОМ МЕРА НАКАЗАНИЯ – конкретный вид ответственности, установленный в нормативных правовых актах (в Уголовном кодексе, Кодексе об административных правонарушениях и других законах) за совершённое преступление или правонарушение.

ЗАПРЕЩЕНО ЗАКОНОМ – действие, противоречащее нормативным правовым актам и влекущее за собой ответственность, установленную законом за нарушение запрещенной правовой нормы.

ИСТОЧНИКИ, НЕ ЗАПРЕЩЕННЫХ ЗАКОНАМИ – источники информации, не противоречащие правовым нормам и разрешенные к использованию для получения сведений.

ЗАНДАСТЫРУ – ресми түрде тану, тіркеу немесе белгіленген рәсімдерді сақтау жолымен әрекеттерге, мәртебе мен заттарға немесе құжаттарға заңды күш беру.

ЗАҢДЫ – қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес келетін, заңмен тыйым салынбаған әрекет немесе мәртебе.

ЗАҢДЫ БҰЗУ – жеке не болмаса заңды тұлғаның құқық нормаларын сақтамауы, заңда белгіленген тыйымдарды бұзуы немесе міндеттемелерді орындамауы нәтижесінде құқықтық жауапқа тартылатын, құқыққа қайшы әрекеті немесе әрекетсіздігі.

ЗАҢДЫ ТҮЛҒА – меншік, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқаратын оқшау мүлкі бар және сол мүлікке өз міндеттемелерімен жауап беретін, өз атынан мүліктік және мүліктік емес жеке құқықтарды жүзеге асыратын, міндеттер алып, сотта дауталапшы және жауапкер бола алатын ұйым.

***Ескертпе.** «Лицо» сөзі нормативтік құқықтық актілердің қазақша мәтінінде «тұлға» немесе «адам» деп аударылып, мәнмәтін ерекшелігіне сәйкес қолданылады.*

ЗАҢДЫ ХАЛЫҚҚА ЖАРИЯ ЕТУ – белгіленген тәртіппен қабылданған заңды ресми түрде жариялау, ол заңның барлық азамат пен мемлекеттік органдарға жеткізілуін қамтамасыз етіп, сондай-ақ оның заңды күшіне енуіне негіз болады.

ЛЕГАЛИЗАЦИЯ – придание действиям, статусу, предметам или документам законной силы путём официального признания, регистрации или соблюдения установленных процедур.

ЗАКОННЫЙ – действие или статус, не запрещённые законом и соответствующие требованиям действующего законодательства.

НАРУШЕНИЕ ЗАКОНА – противоправное действие или бездействие физического либо юридического лица, выражающееся в несоблюдении правовых норм, нарушении установленных запретов или неисполнении обязательств, влекущее юридическую ответственность.

ЮРИДИЧЕСКОЕ ЛИЦО – организация, которая имеет в собственности, хозяйственном ведении или оперативном управлении обособленное имущество и отвечает по своим обязательствам этим имуществом, может от своего имени приобретать и осуществлять имущественные и личные обязанности, быть истцом и ответчиком в суде.

***Примечание.** Слово «лицо» в казахском тексте нормативных правовых актов переводится как «тұлға» или «адам» и используется в соответствии с особенностями контекста.*

ОБНАРОДОВАНИЕ ЗАКОНА – официальная публикация принятого закона в установленном порядке, которая обеспечивает его доведение до сведения всех граждан и государственных органов, а также служит основанием для его вступления в законную силу.

ЗАҢИ – құқыққа, заңға, құқық нормалары және құқық жүйесіне қатысты кез келген ұғымды сипаттау үшін қолданылатын термин.

ЗАҢИ АКТІ – уәкілетті мемлекеттік органның немесе лауазымды адамның заңнамамен алдын ала белгіленген нысанда шығарған және белгілі бір құқық салдарына (құқықтың пайда болуына, өзгеруіне немесе тоқтатылуына) әкелетін ресми құжаты.

ЗАҢИ ӘРЕКЕТ – адамдардың ерікті мінез-құлқы, азаматтардың еркі мен санасының сыртқы көрінісі, сондай-ақ ұйымдар мен қоғамдық бірлестіктердің құқықтары мен міндеттерінің пайда болуына, өзгеруіне немесе тоқтатылуына бағытталған еркі.

ЗАҢИ БІЛІКТІЛІК – белгілі бір құқық нормасы тұрғысынан заңи мән-жағдайды бағалау, оның нақты заңи мәнін белгілеу.

ЗАҢИ ЖАУАПТЫЛЫҚ – тұлғаның құқық бұзғаны үшін мемлекеттің мәжбүрлеу шаралары (санкциялар) ықпалында қалу міндеті.

ЗАҢИ ЖАУАПТЫЛЫҚ НЕГІЗДЕМЕСІ – бір тұлғаны немесе ұйымды заң бойынша жауапқа тартуға мәжбүр ететін фактілер мен құқық нормалар жиынтығы.

ЮРИДИЧЕСКИЙ – термин, используемый для описания любого понятия, относящегося к праву, закону, правовым нормам и системе права.

ЮРИДИЧЕСКИЙ АКТ – официальный документ, изданный полномочным государственным органом или должностным лицом в заранее установленной законодательством форме и влекущий за собой определенные правовые последствия (возникновение, изменение или прекращение прав).

ЮРИДИЧЕСКОЕ ДЕЙСТВИЕ – волевое поведение людей, внешнее выражение воли и сознания граждан, а также воли организаций и общественных объединений, направленное на возникновение, изменение или прекращение прав и обязанностей.

ЮРИДИЧЕСКАЯ КВАЛИФИКАЦИЯ – оценка юридического обстоятельства с точки зрения определенной правовой нормы, устанавливающая его точное юридическое значение.

ЮРИДИЧЕСКАЯ ОТВЕТСТВЕННОСТЬ – обязанность лица претерпевать меры государственно-принудительного воздействия (санкции) за совершенное правонарушение.

ОСНОВАНИЕ ДЛЯ ЮРИДИЧЕСКОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТИ – совокупность фактов и правовых норм, которые заставляют одно лицо или организацию нести ответственность по закону.

ЗАҢИ КІНӘРАТ-ТАЛАП — жеке немесе заңды тұлғаның белгілі бір құқықтық әрекетпен, шешім немесе жағдаятпен заң негізінде келіспеушілігін білдіретін ресми мәлімдемесі.

ЗАҢИ КОНФЛИКТОЛОГИЯ — жаңа ғылыми пән, жалпы конфликтология бөлімі, ол ішкі (ұлттық) немесе халықаралық құқық аясында туындайтын, дамитын және шешімін табатын шиеленістерді зерттейді.

ЗАҢИ КӨМЕК — жеке және заңды тұлғаларға құқық мәселелеріне қатысты кеңес беру, құжаттарды ресімдеу, өкілдік ету, қорғау және басқа да заңи қызметтер көрсету түріндегі кәсіби көмек.

ЗАҢИ КҮШ — Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес және елдің барлық аумағында міндетті күшке ие, нормативтік құқықтық актінің құқықтық күші.

ЗАҢИ ҚАТЕ — құқық нормаларын дұрыс түсінбеу, бұрмалап түсіндіру немесе дұрыс қолданбау салдарынан шешімдердің қате қабылдануы, құжаттардың дұрыс рәсімделмеуі немесе істердің қате жүргізілуіне әкелетін жағдай.

ЗАҢИ ҚҰЖАТ — белгілі бір құқық қатынасын, факті немесе оқиғаны растайтын, бекітетін және куәландыратын заңды күші бар ресми құжат.

ЮРИДИЧЕСКАЯ ПРЕТЕНЗИЯ — официальное заявление физического или юридического лица, выражающее несогласие на законных основаниях с определённым правовым действием, решением или ситуацией.

ЮРИДИЧЕСКАЯ КОНФЛИКТОЛОГИЯ — новая научная дисциплина, раздел общей конфликтологии, предметом которой является изучение конфликтов, возникающих, развивающихся и разрешаемых в рамках внутреннего (национального) или международного права.

ЮРИДИЧЕСКАЯ ПОМОЩЬ — профессиональная помощь, оказываемая физическим и юридическим лицам в виде юридических консультаций, подготовки документов, представительства, защиты и иных юридических услуг.

ЮРИДИЧЕСКАЯ СИЛА — правовая сила нормативного правового акта, принятого в соответствии с законодательством Республики Казахстан и имеющего обязательную силу на всей территории страны.

ЮРИДИЧЕСКАЯ ОШИБКА — неправильное понимание, толкование или применение норм права, которое приводит к неправильному принятию решений, оформлению документов или ведению дел.

ЮРИДИЧЕСКИЙ ДОКУМЕНТ — официальный документ, имеющий юридическую силу, удостоверяющий, закрепляющий или подтверждающий определённое событие, факт или правоотношение.

ЗАҢИ МАҒЫНА – заң тұрғысынан қандай да бір фактінің, әрекеттің, оқиғаның, құжаттың құқықтық мазмұны немесе мәні және оның құқық қатынастарының қатысушылары үшін салдары.

ЗАҢИ МІНДЕТ – уәкілетті тұлғаның мүддесін қанағаттандыру мақсатында белгіленген заңи тұрғыдан қажетті мінез-құлық өлшемі.

ЗАҢИ НЕГІЗІ ЖОҚ – құқық нормаларымен расталмаған, заңнамаға сәйкес келмейтін немесе жеткілікті құқықтық дәлелдері жоқ қорытынды, құжат, акт немесе әрекет.

ЗАҢИ ПРАКТИКА – жинақталған әлеуметтік-құқықтық тәжірибеге негізделген құқықтық нормаларды түсіндіру, қолдану және жүйелеу қызметі.

ЗАҢИ САЛДАР – заңнамада көзделген белгілі бір заңи фактілер, әрекеттер, оқиғалар немесе шешімдер нәтижесінде құқық субъектілерінің құқық мәртебесіндегі өзгерістер.

ЗАҢИ ФАКТ – азаматтық құқық нормаларында көзделген, сондай-ақ заңның орындалуы немесе оның тоқтатылуына әсер ететін нақты өмірлік жағдайлар.

ЗАҢИ ФОРС-МАЖОР – тараптардың шарт міндеттемелерін мүлде немесе тиісті деңгейде орындай алмауына себеп болған, олардың еркінен тыс туындаған, алдын алуға

ЮРИДИЧЕСКОЕ ЗНАЧЕНИЕ – правовое содержание или смысл какого-либо факта, действия, события или документа с точки зрения закона и его последствий для участников правоотношения.

ЮРИДИЧЕСКАЯ ОБЯЗАННОСТЬ – мера юридически необходимого поведения, установленная для удовлетворения интересов управомоченного лица.

ЮРИДИЧЕСКИ НЕОБОСНОВАННЫЙ – вывод, документ, акт или поступок, который не подтверждён нормами права, не соответствует законодательству или не имеет достаточной правовой аргументации.

ЮРИДИЧЕСКАЯ ПРАКТИКА – деятельность по толкованию, применению и систематизации правовых норм, основанная на накопленном социально-правовом опыте.

ЮРИДИЧЕСКОЕ ПОСЛЕДСТВИЕ – изменения в правовом статусе субъектов права, которые наступают в результате определённых юридических фактов, действий, событий или решений, предусмотренных законодательством.

ЮРИДИЧЕСКИЙ ФАКТ – конкретные жизненные обстоятельства, предусмотренные нормами гражданского права, а также влияющие на исполнение или прекращение действия закона.

ЮРИДИЧЕСКИЙ ФОРС-МАЖОР – чрезвычайные события, которые возникли вне воли сторон, являются непредотвратимыми и носят исключительный характер, ставшие

келмейтін, ерекше сипаттағы төтенше жағдайлар.

ЗАҢНАМА АКТІСІ — мемлекеттің ең жоғары заң шығарушы органы (мысалы, парламент) қабылдаған, орындалуы міндетті құқықтық нормаларды белгілейтін ресми құжат.

ЗАҢНАМА НОРМАЛАРЫ — мемлекеттің заңнама актілерімен бекітетін, қоғам қатынастарын құқықтық реттеуге арналған және құқық субъектілерінің құқықтары мен міндеттерін айқындайтын, жалпыға бірдей міндетті мінез-құлық ережелері.

ЗАҢСЫЗ КІДІРТУ НЕМЕСЕ ҚАМАУ — Конституцияда және қылмыстық-процестік заңнамада белгіленген тәртіпті бұза отырып, заңды негіздерсіз немесе заңда көзделген шарттар болмаған кезде жүзеге асырылатын адамның еркіндігін шектеу шаралары.

ЗАҢШЫҒАРЫМ — қоғамдық қатынастарды реттейтін заңдар мен басқа да нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу, талқылау, қабылдау және енгізу үдерісі.

ЗАТ КРЕДИТІ — көбінесе кепіл немесе ипотека түрінде көрініс табатын, кредиттің заттық құқыққа негізделген құқықтық нысаны.

ЗАТБЕЛГІ — өнім, тауар немесе оның қаптамасына жапсырылатын, сол зат туралы мәліметтерді (атауы, құрамы, жарамдылық мерзімі,

причиной невозможности исполнения или ненадлежащего исполнения ими договорных обязательств.

ЗАКОНОДАТЕЛЬНЫЙ АКТ — официальный документ, принятый высшим законодательным органом государства (например, парламентом), который устанавливает правовые нормы, обязательные для исполнения.

НОРМЫ ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА — обязательные для всеобщего исполнения правила поведения, устанавливаемые государством в законодательных актах, направленные на правовое регулирование общественных отношений и определяющие права и обязанности субъектов права.

НЕЗАКОННОЕ ЗАДЕРЖАНИЕ ИЛИ АРЕСТ — меры ограничения свободы человека, осуществленные с нарушением порядка, установленного Конституцией и уголовно-процессуальным законодательством, без законных оснований либо при отсутствии предусмотренных законом условий.

ЗАКОНОТВОРЧЕСТВО — процесс разработки, обсуждения, принятия и внедрения законов и других нормативных правовых актов, регулирующих общественные отношения.

КРЕДИТ ВЕЩНЫЙ — правовая форма кредита, основанная на вещном праве, чаще всего выраженном в форме залога или ипотеки.

ЭТИКЕТКА — информационная метка, прикрепляемая к товару, изделию или их упаковке, содержащая сведения о наименовании,

өндіруші, сақтау шарттары және т.б.) қамтитын ақпараттық белгі.

ЗАТТАЙ РИЗЫҚ – әскери қызметшілерді, құқық қорғау органдары қызметкерлерін және өзге де саяпаттағы азаматтарды заттай мүліктік жабдыктармен қамтамасыз ету түріндегі материалдық жабдықтаудың бір түрі.

ЗАТТЫҚ ҚҰҚЫҚ – адамға мүлікті тікелей иеленуге, пайдалануға және оған билік етуге заңи мүмкіндік беретін абсолютті сипаттағы субъективтік құқықтар жиынтығы.

ЗЕРТТЕУ ПӘНІ – белгілі бір мәселені шешу үшін зерттеудің аясында қарастырылатын, объектінің нақты аспектілері, қасиеттері, сипаттамалары немесе құбылыстары.

ЗИЯН – жеке немесе заңды тұлғаның өмірі, денсаулығы, мүлкі, ар-намысы мен іскери беделіне, сондай-ақ мүдделеріне келтірілген құқыққа қайшы салдарлар немесе залал.

ЗИЯН КЕЛТІРУ – құқыққа қайшы әрекет немесе әрекетсіздік нәтижесінде жеке немесе заңды тұлғаның заңмен қорғалатын құқықтары, бостандықтары не болмаса игіліктерін бұзу, мүліктік, жеке, іскери немесе өзге де шығындарды тудырады.

ЗИЯНДЫ ӨТЕУ – құқыққа қарсы әрекет немесе әрекетсіздік салдарынан келтірілген моральдық немесе материалдық зиянды ақшалай немесе басқаша өтеу.

составе, сроке годности, производителе, условиях хранения и других характеристиках.

ВЕЩЕВОЕ ДОВОЛЬСТВИЕ – один из видов материального обеспечения, заключающийся в обеспечении военнослужащих, сотрудников правоохранительных органов и других категорий граждан вещевыми материальными средствами.

ВЕЩНОЕ ПРАВО – совокупность субъективных прав абсолютного характера, предоставляющих лицу юридическую возможность непосредственно владеть, пользоваться и распоряжаться имуществом.

ПРЕДМЕТ ИССЛЕДОВАНИЯ – конкретные аспекты, свойства, характеристики или явления объекта, которые изучаются в рамках исследования для решения определенной проблемы.

ВРЕД – противоправные последствия или ущерб, причинённые жизни, здоровью, имуществу, чести, деловой репутации либо интересам физического или юридического лица.

ПРИЧИНЕНИЕ ВРЕДА – нарушение охраняемых законом прав, свобод или благ физического либо юридического лица в результате противоправного действия или бездействия, повлекшего имущественные, личные, деловые или иные потери.

ВОЗМЕЩЕНИЕ ВРЕДА – возмещение морального или материального вреда, причинённого в результате противоправного действия или бездействия, в денежной или иной форме.

ЗИЯНКЕСТІК АКЦИЯ – мемлекеттің қауіпсіздік негіздерін, қоғамдық тәртіптің, саяси тұрақтылықтың, қорғаныс қабілетінің немесе мемлекеттің басқа да өмірлік маңызды мүдделерін тұрақсыздандыруға, әлсіретуге немесе жоюға бағытталған әрекет.

ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІК – азаматтың немесе заңды тұлғаның зияткерлік шығармашылық қызметтерінің нәтижелеріне және оларға теңестірілген заңды тұлғаны дараландыру құралдарына, жеке немесе заңды тұлғаның өнімдері, орындаған жұмыстары немесе көрсеткен қызметтеріне (фирмалық атау, тауар белгісі, қызмет көрсету белгісі және т.б.) берілген айрықша құқық.

ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ – адамның өміріне, денсаулығына, ар-намысына, қадір-қасиеті немесе еркіндігіне күш қолдануға бағытталған немесе оны қолдану қауіпімен байланысты құқыққа қайшы әрекет.

ПОДРЫВНАЯ АКЦИЯ – действия, направленные на дестабилизацию, ослабление или разрушение основ государственной безопасности, общественного порядка, политической стабильности, обороноспособности или других жизненно важных интересов государства.

ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНАЯ СОБСТВЕННОСТЬ – исключительное право гражданина или юридического лица на результаты интеллектуальной творческой деятельности и приравненные к ним средства индивидуализации юридического лица, продукции физического или юридического лица, выполняемых ими работ или услуг (фирменное наименование, товарный знак, знак обслуживания и т.п.).

НАСИЛИЕ – противоправное действие, направленное против жизни, здоровья, чести, достоинства или свободы человека, совершаемое с применением силы либо угрозой её применения.

Ии

ИЕ – мүлкті заңды негізде немесе нақты иеленетін және оған қатысты иелену, пайдалану немесе билік ету құқығын жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға.

ИЕГЕР – белгілі бір материалдық немесе материалдық емес игілікке нақты иелік ететін, бірақ әрқашан меншік иесі болып табылмайтын тұлға.

ВЛАДЕЛЕЦ – физическое или юридическое лицо, обладающее имуществом на законных или фактических основаниях и осуществляющее в отношении него право владения, пользования или распоряжения.

ОБЛАДАТЕЛЬ – лицо, фактически владеющее определённым материальным или нематериальным благом, но не обязательно являющееся его собственником.

ИЕЛЕНІП АЛУ – мүлікті немесе өзге объектіні бақылау арқылы оны иелену әрекеті, ол заңды немесе заңсыз жолмен жүзеге асырылуы және құқықтық салдарға әкелуі ықтимал.

ИЕЛЕНУ – тұлғаның мүлікті нақты иеленуі және оны өз бақылауына алуы, сондай-ақ оны заңды немесе заңсыз негізде пайдалану және оған билік ету мүмкіндігінің болуы.

ИЕЛЕНУ ҚҰҚЫҒЫ – затты нақты иелену және оны өз бақылауына алу мүмкіндігін білдіретін, заңмен танылған заттық құқықтың бір түрі.

ИЕЛІККЕ ӨТУ МЕРЗІМІ – жылжымалы немесе жылжымайтын мүлікті үздіксіз, ашық және адал иелену нәтижесінде белгілі бір уақыт өткен соң, иеленушінің сол мүлікке меншік құқығын алуына мүмкіндік беретін заңдық мерзім.

ИЕЛІКТЕН ШЫҒАРУ – бір затты өзге тұлғаның меншігіне беру, сондай-ақ меншік құқығын немесе кез келген мүлік құқығын (құнды қағаздар құқықтарын қоса алғанда) оның иесінен басқа тұлғаға беру.

ИЕМДЕНІП АЛУ – басқа адамның мүлкін өз бетінше және заңсыз меншіктеп алу, иесінің келісімінсіз мүлікке билік етумен қатар, оның үстінен бақылау жүргізу үшін жасалатын құқыққа қайшы әрекет.

ЗАВЛАДЕНИЕ – установление фактического контроля над имуществом или иным объектом с переходом к его владению, может осуществляться как на законных, так и на незаконных основаниях и влечь юридические последствия.

ВЛАДЕНИЕ – фактическое обладание имуществом и его нахождение под контролем лица, которое имеет возможность пользоваться и распоряжаться им на законных или незаконных основаниях.

ПРАВО ВЛАДЕНИЯ – признанное законом вещное право, выражающееся в фактическом обладании вещью и возможности её контролировать.

ПРИБРЕТАТЕЛЬНАЯ ДАВНОСТЬ – срок непрерывного, открытого и добросовестного владения имуществом (движимым или недвижимым), по истечении которого владелец может приобрести право собственности на это имущество, если оно не принадлежало другому лицу или прежний собственник не заявил своих прав.

ОТЧУЖДЕНИЕ – передача вещей в собственность другого лица, а равно передача права собственности или любого имущественного права (включая права, выраженные ценными бумагами) его обладателем другому лицу.

ПРИСВОЕНИЕ – противоправное действие, выражающееся в самостоятельном и незаконном обращении чужого имущества в собственность, то есть распоряжение имуществом без согласия владельца с целью установления над ним контроля.

ИЕМДЕНУ – меншік құқығын немесе өзге де мүліктің заттық құқығын мүлікті сатып алу, мұраға қалдыру, сыйға алу, өндіру немесе өзге де тәсілдермен заңды негізде алу үдерісі.

ИМИДЖ – жеке адамның, ұйымның, өнімнің немесе көрсетілетін қызметтің көпшілік арасында қалыптасқан және қабылданатын, эмоционалдық баға тудыратын бейнесі.

ИНВЕНТАР НӨМІРІ – ұйым ішінде аналитикалық есепке алу және олардың сақталуын бақылау мақсатында әрбір мүлік объектісіне (инвентарлық объектіге) тағайындалатын бірегей сандық немесе әріптік-сандық код.

ИНВЕСТИЦИЯ ПОРТФЕЛІ – бір тұлғаға тиесілі және әртүрлі қаржы құралдарынан – акциялар, облигациялар, пайлар, мүліктік құқықтар және тағы басқалардан тұратын инвестициялық активтер жиынтығы.

ИНВЕСТИЦИЯ ТАБЫСЫ – капиталды қаржы құралдарына, активтер немесе жобаларға құю нәтижесінде капиталдан алынатын таза пайда, дивидендтер, сыйақылар немесе капитал өсімі түріндегі табыс.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚАРЫЗ – қарыз алушыға инвестициялық мақсатта, атап айтқанда, өндірістік немесе инфрақұрылымдық жобаларды қаржыландыру үшін белгілі бір мерзімге және шарттармен берілетін ақшалай қаражаты.

ПРИБРЕТЕНИЕ – процесс законного получения права собственности либо иного вещного права на имущество путём купли, наследования, дарения, производства или иного способа.

ИМИДЖ – образ личности, организации, продукта или услуги, сформированный и воспринимаемый публикой, который вызывает эмоциональную оценку.

ИНВЕНТАРНЫЙ НОМЕР – уникальный цифровой или буквенно-цифровой код, присваиваемый каждому объекту имущества (инвентарному объекту) в целях аналитического учета и контроля за сохранностью внутри организации.

ИНВЕСТИЦИОННЫЙ ПОРТФЕЛЬ – совокупность инвестиционных активов, принадлежащих одному лицу и состоящих из различных финансовых инструментов, таких как акции, облигации, паи, имущественные права и др.

ИНВЕСТИЦИОННАЯ ПРИБЫЛЬ – чистая прибыль, дивиденды, вознаграждения или прирост капитала, полученные в результате вложения капитала в финансовые инструменты, активы или проекты.

ИНВЕСТИЦИОННЫЙ ЗАЕМ – денежные средства, предоставляемые заёмщику на определённый срок и условиях для инвестиционных целей, в частности, для финансирования производственных или инфраструктурных проектов.

ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ДАМУ – көлік, энергетика, байланыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы және әлеуметтік инфрақұрылым салаларындағы негізгі жүйелер мен объектілер құрылысын салу, жаңғырту және кеңейту жолымен, олардың тиімділігі мен қолжетімділігін арттыруға бағытталған шаралар жиынтығы.

ИНФРАСТРУКТУРНОЕ РАЗВИТИЕ – комплекс мероприятий, направленных на повышение эффективности и доступности основных систем и объектов в сферах транспорта, энергетики, связи, жилищно-коммунального хозяйства и социальной инфраструктуры посредством их строительства, модернизации и расширения.

Кк

КАДАСТР НӨМІРІ – мемлекеттік жылжымайтын мүлік кадастрында жылжымайтын мүлік объектісіне (жер учаскесіне, ғимаратқа, құрылысқа және т.б.) берілетін бірегей сәйкестендіру нөмірі.

КАДР ҚЫЗМЕТІ – ұйымның кадрлық (персоналды) әкімшілігін жүргізу, сондай-ақ еңбек ресурстарын басқаруды: жалдау, ресімдеу, жұмыстан шығару, құжаттама жүргізу және еңбек заңнамасының сақталуын жүзеге асыратын құрылымдық бөлімше.

КАДРМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ – ұйымның, мекеменің немесе мемлекеттік құрылымның өз мақсаттарына жету үшін қажетті персоналды қалыптастыруға, дамытуға және тиімді пайдалануға бағытталған шаралар жүйесі.

КАНДИДАТУРАҒА ҚАРСЫЛЫҚ БІЛДІРУ – заңда белгіленген талаптарға сәйкес не болмаса адалдығы мен объективтілігіне күмән туындаған жағдайда, белгілі бір лауазымға немесе қызметке ұсынылған мүдделі адамның кандидатурасына қарсылығын білдіретін құқықтық рәсім.

КАДАСТРОВЫЙ НОМЕР – уникальный идентификационный номер, присваиваемый объекту недвижимости (земельному участку, зданию, строению и т.д.) в государственном кадастре недвижимости.

КАДРОВАЯ СЛУЖБА – структурное подразделение организации, осуществляющее кадровое (персональное) администрирование, а также управление трудовыми ресурсами: найм, оформление, увольнение, ведение документации и соблюдение трудового законодательства.

КАДРОВОЕ ОБЕСПЕЧЕНИЕ – система мероприятий, направленных на формирование, развитие и эффективное использование персонала, необходимого для достижения целей организации, учреждения или государственной структуры.

ОТВОД КАНДИДАТУРЫ – правовая процедура, при которой заинтересованное лицо заявляет возражение против предложенного кандидата на должность или функцию в случае сомнений в его объективности, добросовестности либо соответствии установленным законом требованиям.

КАПИТАЛ ӨТІМДІЛІГІ – елеулі шығынға ұшырамай, активтерді жылдам қайта инвестициялауға немесе олардан кіріс алуға мүмкіндік беретін қабілет.

КАРАНТИНДЕГІ ӨНІМ – зиянкестердің, өсімдік аурулары, жануарлар немесе басқа материалдардың таралуына жол бермейтін карантин бақылауындағы өнімдер.

КӘМЕЛЕТ – адам заңи түрде кәметке толған, азаматтың әрекетке қабілеттігіне толық ие болған және өз әрекеттері үшін толық жауапкершілік көтеретін жас.

КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛУ – адамның заңмен белгіленген жасқа жетуі, яғни ол толық қабілетті деп танылып, өз құқықтарын өз бетінше жүзеге асыра алатын және өз әрекеттері үшін заңи жауаптылыққа ие бола алатын кезеңі.

КӘСІБИ ҚҰПИЯ – кәсіби міндеттерді атқару кезінде адамға белгілі болған, оны жариялауға тыйым салынған және заңи жауаптылыққа әкелетін, заңмен қорғалатын құпия ақпарат.

КӘСІБИ ӘДЕП – белгілі бір мамандық өкілдерінің өз қызметтерін жүзеге асыру барысында ұстануға міндетті моральдық-әдептік нормалары мен мінез-құлық ережелерінің жиынтығы.

ЛИКВИДНОСТЬ КАПИТАЛА – относится к возможности быстро реинвестировать активы или получать доход от инвестиций, не сталкиваясь с большими убытками.

ПОДКАРАНТИННАЯ ПРОДУКЦИЯ – продукция, подлежащая карантинному контролю с целью предотвращения распространения вредителей, болезней растений, животных или других материалов.

СОВЕРШЕННОЛЕТИЕ – возраст, с наступлением которого человек юридически становится взрослым, приобретает полную гражданскую дееспособность и несет полную ответственность за свои действия.

ДОСТИЖЕНИЕ СОВЕРШЕННОЛЕТИЯ – означает достичь установленного законом возраста, с которого лицо признаётся полностью дееспособным, то есть способным самостоятельно осуществлять свои права и нести юридическую ответственность за свои действия.

ПРОФЕССИОНАЛЬНАЯ ТАЙНА – охраняемая законом конфиденциальная информация, ставшая известной лицу в силу выполнения им профессиональных обязанностей, разглашение которой запрещено и может повлечь юридическую ответственность.

ПРОФЕССИОНАЛЬНАЯ ЭТИКА – совокупность морально-этических норм и правил поведения, которых обязаны придерживаться представители определённой профессии при осуществлении своей профессиональной деятельности.

КӘСПОРЫН КІРІСІ – кәсіпорынның белгілі бір кезеңдегі шаруашылық, өндірістік, коммерциялық немесе басқа да қызметі нәтижесінде алатын ақшалай қаражаты және мүлдіктік түсімдерінің жиынтығы.

КӘСПТІК ТӘУЕКЕЛ – белгілі бір кәсіби қызметті орындау үдерісінде туындайтын зиян, шығын немесе өзге де жағымсыз салдардың туындау ықтималы.

КЕДЕН АЛЫМЫ – тауарларды кеден шекарасынан өткізуге қатысты кедендік операцияларды жүзеге асырғаны, сондай-ақ кеден құжаттарын бергені үшін алатын кеден органдарының міндетті төлемі.

КЕДЕН ӘКІМШІЛІГІН ЖҮРГІЗУ – мемлекеттің кеден органдары кеден заңнамасының сақталуын қамтамасыз ету, кеден шекарасы арқылы тауарлар мен көлік құралдарының өткізілуін бақылау, кеден төлемдерін алу, сондай-ақ контрабандаға және кеден ережелерінің бұзылуына қарсы күрес үшін жүзеге асыратын шаралар мен рәсімдер кешені.

КЕДЕН БАҚЫЛАУЫ – тауарларды, көлік құралдары және өзге де объектілерді кеден шекарасынан өткізу кезінде заңдылықтың сақталуын қамтамасыз ету, сондай-ақ мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігін қорғау мақсатындағы кеден органдары жүзеге асыратын шаралар кешені.

ДОХОД ПРЕДПРИЯТИЯ – совокупность денежных средств и имущественных поступлений, которые предприятие получает в результате своей хозяйственной, производственной, коммерческой или иной деятельности за определённый период.

ПРОФЕССИОНАЛЬНЫЙ РИСК – вероятность возникновения вреда, убытков или иных негативных последствий в процессе выполнения определённой профессиональной деятельности.

ТАМОЖЕННЫЙ СБОР – обязательный платёж, взимаемый таможенными органами за совершение таможенных операций, связанных с перемещением товаров через таможенную границу, а также за выдачу таможенных документов.

ТАМОЖЕННОЕ АДМИНИСТРИРОВАНИЕ – комплекс мер и процедур, осуществляемых таможенными органами государства для обеспечения соблюдения таможенного законодательства, контроля за перемещением товаров и транспортных средств через таможенную границу, взимания таможенных платежей, а также для борьбы с контрабандой и нарушениями таможенных правил.

ТАМОЖЕННЫЙ КОНТРОЛЬ – совокупность мер, осуществляемых таможенными органами с целью обеспечения соблюдения законодательства при перемещении товаров, транспортных средств и иных объектов через таможенную границу, а также для защиты экономической безопасности государства.

КЕДЕН ҚҰҚЫҒЫ — мемлекеттік шекараны экономикалық қорғау және мемлекеттің сыртқы саудасы мен кеден саясатын жүзеге асыру жөніндегі кеден органдарының қызметін реттейтін құқық нормаларының жиынтығы.

КЕДЕНДІК КЕЛІСІМ — мемлекеттер, халықаралық ұйымдар немесе шаруашылық жүргізуші субъектілер арасында кеден ісі саласындағы қатынастарды: тауардың орын ауыстыруы, баждарды алу, кедендік рәсімдерді қолдану және тағы басқаларын реттеу үшін жасалатын заңи құжат (келісім).

КЕЗЕК КҮТТІРМЕЙТІН ШАРАЛАР — қауіп-қатерді, қауіпті немесе жағымсыз салдарларды болдырмау үшін тез арада және шұғыл түрде қабылдануы қажет әрекеттер.

КЕЗЕҢ — белгілі бір заңи әрекеттерді жасауға немесе міндеттемелерді орындап бітіруге арналған уақыт аралығы.

КЕЙІНГЕ ҚАЛДЫРУ — заңнамамен немесе тараптардың келісімімен белгіленген міндеттемені орындау мерзімін немесе қандай да бір әрекетті жасау уақытын кейінгі (ұзағырақ) кезеңге ауыстыру (созу).

КЕЙІННЕН ӨНДІРІП АЛУ — бастапқы өндіріп алушының басымдылығын сақтай отырып, борышкердің мүлкіне немесе табысына кейінгі кезекте салынатын өндіріп алу.

ТАМОЖЕННОЕ ПРАВО — совокупность правовых норм, регулирующих деятельность таможенных органов по экономической защите государственной границы и реализации внешнеторговой и таможенной политики государства.

ТАМОЖЕННОЕ СОГЛАШЕНИЕ — юридический документ (соглашение), заключаемый между государствами, международными организациями или хозяйствующими субъектами, с целью урегулирования отношений в сфере таможенного дела: перемещения товаров, взимания пошлин, применения таможенных процедур и др.

ВЫСТАВЛЕНИЕ РАСПОРЯЖЕНИЯ СЧЕТ-ФАКТУР – процедура формирования и направления счет-фактуры продавцом (поставщиком) в адрес покупателя, подтверждающая факт реализации товаров, работ или услуг и служащая основанием для налогового учета по НДС.

ШТАТНАЯ ЕДИНИЦА – установленная в штатном расписании структурная единица, включающая должность и её численность.

ШТАТНАЯ ДОЛЖНОСТЬ – предусмотренная штатным расписанием государственного органа или организации должностная единица, на которую возложены определенные служебные полномочия и обязанности.

ШЫҒАРУ – уәкілетті орган немесе лауазымды адам тарапынан шешім, қаулы, үкім, анықтама немесе басқа процессуалдық құжат қабылдау және жариялау түріндегі ресми әрекет.

ШЫҒАСЫ – кәсіпорынның (немесе басқа да шаруашылық жүргізуші субъектінің) өнімді өндіру, өткізу немесе көрсетілетін қызметі үдерісімен байланысты шығындары.

ШЫҒЫН – тұлғаның құқығы бұзылуы нәтижесінде туындаған мүліктік зиян, яғни нақты залалы және көрмеген пайдасы.

***Ескертпе.** «Шығын» термині орыс тіліне «убыток, затрата» болып аударылады.*

ШЫҒЫН – өндірістің немесе шаруашылық үдерістің белгілі бір қызметін жүзеге асыру үшін пайдаланылатын ақшалай қаражаты, материалдық және өзге де ресурстардың сомасы.

***Ескертпе.** «Шығын» термині орыс тіліне «убыток, затрата» болып аударылады.*

ШЫҒЫН КЕЛТІРУ – жеке немесе заңды тұлғаның әрекеті не әрекетсіздігі нәтижесінде басқа тұлғаға мүліктік зиян келтіру, оған нақты залал (мүліктің жойылуы, зақымдануы, шығыстар) және жіберіп алған пайдасы (алынбай қалған табысы) жатады.

ШЫҒЫНҒА БАТҚАН КӘСІПОРЫН – кірістері шығыстарын жаба алмайтын экономикалық субъект.

ВЫНЕСЕНИЕ – официальное действие уполномоченного органа или должностного лица, выражающееся в принятии и объявлении решения, постановления, приговора, определения или другого процессуального документа.

ИЗДЕРЖКА – затраты предприятия (или другого хозяйствующего субъекта), связанные с производством и реализацией продукции или услуг.

УБЫТОК – имущественный вред, возникший в результате нарушения права лица, включая реальный ущерб и упущенную выгоду.

***Примечание.** Термины «убыток и затрата» на казахский язык переводятся как «шығын».*

ЗАТРАТА – сумма денежных средств, материальных и иных ресурсов, использованных для осуществления определённой деятельности производственного или хозяйственного процесса.

***Примечание.** Термины «убыток и затрата» на казахский язык переводятся как «шығын».*

ПРИЧИНЕНИЕ УБЫТКОВ – действие или бездействие лица, в результате которого другому лицу наносится имущественный вред в виде реального ущерба (утраты или повреждения имущества, расходов) и упущенной выгоды (неполученного дохода).

УБЫТОЧНОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ – экономический субъект, чьи доходы не покрывают расходы.

ШЫҒЫНДЫ АНЫҚТАУ – қандай да бір әрекет немесе оқиға салдарынан жеке тұлғаға немесе ұйымға келтірілген зиян фактісі мен көлемін айқындау үдерісі.

ШЫҒЫНДЫ КӨШІРУ – салық салу және бухгалтерлік есепке алуды дұрыс жетілдіру мақсатында бір салық кезеңінде немесе бір объекті бойынша шыққан шығындарды болашақтағы (немесе өткен) салық кезеңіне немесе салық салудың басқа объектілеріне ауыстыру мүмкіндігі.

ШЫҒЫНДЫ ӨТЕУ – бұрын жұмсалған шығындарды кіріс, пайда, бюджет қаражаты, субсидия немесе өзге де көздер есебінен өтеу үдерісі.

ШЫҒЫНСЫЗДЫҚ – кәсіпорынның немесе жобаның шығыстары мен кірістері теңесетін, яғни пайдасы да, шығыны да болмайтын жай-күйі.

ШЫҒЫС – кәсіпорынның шаруашылық қызметі барысында оның қаражатының азаюына немесе қарыз міндеттемелерінің көбеюіне алып келетін шығындар.

ШЫҒЫСТЫҢ ЖҰМСАЛУЫ – ұйым немесе тұлғаның белгілі бір кезең ішінде тауарларды сатып алуға, көрсетілген қызметтерді төлеуге, еңбекақы төлеуге немесе өзге де операциялық мақсаттарға жұмсаған ақшалай шығынның мөлшері.

УСТАНОВЛЕНИЕ УБЫТКОВ – процесс определения факта и размера ущерба, который был причинен лицу или организации в результате каких-либо действий или событий.

ПЕРЕНОС УБЫТКОВ – возможность «перенести» убытки, понесенные в одном налоговом периоде или по одному объекту, на будущие (или прошлые) налоговые периоды или на другие объекты налогообложения, с целью оптимизации налогообложения и корректного бухгалтерского учета.

ВОЗМЕЩЕНИЕ ЗАТРАТ – процесс возмещения ранее понесенных затрат за счет доходов, прибыли, бюджетных средств, субсидий или иных источников.

БЕЗУБЫТОЧНОСТЬ – состояние предприятия или проекта, когда его расходы и доходы равны, то есть отсутствует как прибыль, так и убыток.

РАСХОД – затраты в процессе хозяйственной деятельности, приводящие к уменьшению средств предприятия или увеличению его долговых обязательств.

ПОНЕСЕННЫЕ РАСХОДЫ – сумма денежных затрат, произведенных организацией или лицом в течение определенного периода на приобретение товаров, оплату услуг, выплату заработной платы и иные операционные цели.

Ыы

ЫҚТИАРСЫЗ ӘРЕКЕТ – адамның саналы бақылауынсыз және оның еркінен тыс пайда болатын әрекеті.

ЫҚТИАРХАТ – шетел азаматының басқа елде тұрақты немесе ұзақ мерзімді тұруға құқығын растайтын құжат.

ЫНТАЛАНДЫРУ – адамды бір нәрсені жасауға қызықтырып, жігерлендіретін, оның белсенді болуына және әрекет етуіне әсер ететін мадақтау, қолдау немесе арнайы жағдай жасау.

НЕПРОИЗВОЛЬНОЕ ДЕЙСТВИЕ – действие, совершаемое без сознательного контроля и возникающее помимо его осознанной воли.

ВИД НА ЖИТЕЛЬСТВО – документ, подтверждающий право иностранного гражданина на постоянное или долгосрочное проживание в другой стране.

СТИМУЛИРОВАНИЕ – поощрение, поддержка или создание специальных условий, которые могут заинтересовать и вдохновить человека на что-либо, повлиять на его активность и действия.

Іі

ІЛІК – қылмыстық, әкімшілік немесе өзге де құқықтық істі тергеу, қарау немесе шешу кезінде істің мән-жайын анықтауға, дәлелдеуге немесе жоққа шығаруға мүмкіндік беретін материалдық зат, құжат немесе өзге де дәлелдеме.

ІРГЕЛІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНБАЛЫ ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУ – жаңа білім алуға, табиғат пен қоғамның негізгі заңдылықтарын түсінуге бағытталған, нақты практикалық қолдануды көздемейтін ғылыми жұмыс.

ІРІ ЗАЛАЛ – зиянның сомасына байланысты қылмыстық-құқықтық немесе әкімшілік-құқықтық тұрғыдан бағаланатын және іс-әрекетті саралауға жататын мүліктік немесе материалдық залал.

УЛИКА – материальный предмет, документ или иное доказательство, позволяющее установить обстоятельства дела, подтвердить или опровергнуть факты при расследовании, рассмотрении или разрешении уголовного, административного или иного правового дела.

ФУНДАМЕНТАЛЬНЫЕ И ПРИКЛАДНЫЕ НАУЧНЫЕ ИССЛЕДОВАНИЯ – научная работа, направленная на получение новых знаний, понимание основных закономерностей природы и общества, не преследующая конкретного практического применения.

КРУПНЫЙ УЩЕРБ – имущественный или материальный ущерб, который в зависимости от суммы вреда подлежит уголовно-правовой или административно-правовой оценке и квалификации деяния.

ИС-ШАРА – мемлекеттік билік органдары, ұйымдар немесе азаматтардың қызметі шеңберінде белгілі бір мақсатқа жету үшін ұйымдастырылған мақсатты әрекеті немесе әрекеттер жиынтығы.

ІШНАРА ӘРЕКЕТКЕ ҚАБІЛЕТ-ТІК – азаматтың өз әрекеттерімен азаматтық құқықтарын иемдену және жүзеге асыру, сондай-ақ заңда қарастырылған жасына, денсаулық жағдайына немесе өзге де мән-жайларға байланысты шектеулі көлемдегі міндеттерін орындау мүмкіндігі.

ІШКІ САЛА МАМАНЫ – өзге де қызметтің немесе өндіріс, құқық, медицина, техника, ғылымның нақты белгілі, тар аясында терең білімі, жоғары біліктілігі бар және кәсіби дағдыларға ие маман.

ІШКІ ТӘРТІП ЕРЕЖЕЛЕРІ – жұмысқа қабылдау, жұмыстан босату тәртібін, жұмыскерлер мен жұмыс берушінің құқықтары мен міндеттерін, еңбек және демалыс режимін, көтермелеу мен айыппұлдарды, сондай-ақ жұмыс орнындағы мінез-құлықтың жалпы нормаларын белгілейтін ұйымның жергілікті нормативтік актісі.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ АЙМАҚ – инвестиция тарту, қызметтің белгілі бір түрлерін дамыту, өндірісті немесе

МЕРОПРИЯТИЕ – организованное, целенаправленное действие или совокупность действий, предпринимаемых для достижения определённой цели в рамках деятельности органов государственной власти, организаций, учреждений или граждан.

ЧАСТИЧНАЯ ДЕЕСПОСОБНОСТЬ – установленная законодательством возможность гражданина своими действиями приобретать и осуществлять гражданские права, а также исполнять обязанности в ограниченном объёме, которая зависит от возраста, состояния здоровья или иных обстоятельств, предусмотренных законом.

УЗКИЙ СПЕЦИАЛИСТ – специалист, обладающий глубокими знаниями, высокой квалификацией и профессиональными навыками в строго определённой, узкой области науки, техники, медицины, права, производства или иной деятельности.

ПРАВИЛА ВНУТРЕННЕГО РАСПОРЯДКА – локальный нормативный акт организации, устанавливающий порядок приема, увольнения, права и обязанности работников и работодателя, режим труда и отдыха, меры поощрения и взыскания, а также общие нормы поведения на рабочем месте.

ЭКОНОМИЧЕСКАЯ ЗОНА – специально выделенная территория внутри страны, на которой

экспортты ынталандыру үшін ерекше құқықтық режим белгіленген ел ішіндегі арнайы бөлінген аумақ.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТИІМДІЛІК ӨЛШЕМШАРТТАРЫ – белгілі бір экономикалық жобаның, шешімнің, инвестицияның немесе үдерістің қаншалықты тиімді және орынды жүзеге асырылатындығын бағалайтын көрсеткіштер немесе қағидаттар.

ЭКОНОМИКАНЫҢ АСҚЫНДАУЫ – ұлттық экономиканың өсу қарқыны өте жылдам болып, оның тұрақты даму мүмкіндігінен асып түскен кезең.

ЭКСПОРТ ӘЛЕУЕТІ – елдің, өңірдің, саланың немесе кәсіпорынның сыртқы нарықта бәсекеге қабілетті және шетелге шығаруға болатын тауарларды өндіру мен қызметтерді көрсету қабілеттерінің жиынтығы.

ЭКСПОРТ БАҒАСЫ – тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің бірлігін шетелге сату кезіндегі белгіленген құны.

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҚҰЖАТ – ақпарат электрондық-цифрлық нысанда ұсынылған және электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылған құжат.

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҚҰЖАТТЫҢ ҚАЗАҒАЗ КӨШІРМЕСІ – ақпараттық жүйеде жасалған электрондық құжаттың қағазға басылып шығарылған нұсқасы.

устанавливается особый правовой режим для привлечения инвестиций, развития определенных видов деятельности, стимулирования производства или экспорта.

КРИТЕРИИ ЭКОНОМИЧЕСКОЙ ЭФФЕКТИВНОСТИ – показатели или принципы, по которым оценивают, насколько выгодно и целесообразно реализуется тот или иной экономический проект, решение, инвестиция или процесс.

ПЕРЕГРЕВ ЭКОНОМИКИ – период, когда темпы роста национальной экономики становятся чрезмерно высокими, превышая ее потенциал устойчивого развития.

ЭКСПОРТНЫЙ ПОТЕНЦИАЛ – совокупная способность страны, региона, отрасли или предприятия производить товары и оказывать услуги, которые могут быть конкурентоспособны на внешнем рынке и реализованы за границу.

ЭКСПОРТНАЯ ЦЕНА – установленная стоимость единицы товаров и услуг при их продаже за рубеж.

ЭЛЕКТРОННЫЙ ДОКУМЕНТ – документ, в котором информация представлена в электронно-цифровой форме и удостоверена посредством электронной цифровой подписи.

БУМАЖНАЯ КОПИЯ ЭЛЕКТРОННОГО ДОКУМЕНТА – распечатанная версия электронного документа, созданного в информационной системе.

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ТАСЫҒЫШ – ақпаратты цифрлық форматта жазу, сақтау және оқу үшін пайдаланылатын материалдық құрылғы немесе орта.

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ЦИФРЛЫҚ ҚОЛТАҢБА – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың анықтығын, оның иесіне тиесілі екенін және мазмұнының өзгермейтінін растайтын электрондық цифрлық нышандар жиынтығы.

ЭМОЦИЯЛЫҚ ҚЫСЫМ – адамның мінез-құлқына, ерік-жігеріне, шешімдеріне немесе әрекеттеріне ықпал ету мақсатында қорқыныш, кінә, ұят, айла-шарғы, қауіп-қатер, айыптау және басқа да психологиялық мәжбүрлеу түрлері арқылы күшті эмоционалдық күйзеліс туғызатын психологиялық ықпал ету нысаны.

ЭТНОСТЫҚ ҚҰРАМ – белгілі бір аумақтағы, елдегі немесе қоғамдағы халықты этностық тобына және үлесіне қарай бөлу.

ЭЛЕКТРОННЫЙ НОСИТЕЛЬ – материальное устройство или среда, используемые для записи, хранения и считывания информации в цифровом формате.

ЭЛЕКТРОННАЯ ЦИФРОВАЯ ПОДПИСЬ – набор электронных цифровых символов, созданный средствами электронной цифровой подписи и подтверждающий достоверность электронного документа, его принадлежность и неизменность содержания.

ЭМОЦИОНАЛЬНОЕ ДАВЛЕНИЕ – форма психологического воздействия, при которой человек испытывает сильное эмоциональное напряжение, вызываемое страхом, виной, стыдом, манипуляцией, угрозами, обвинениями и т.п., с целью повлиять на его поведение, решения или действия.

ЭТНИЧЕСКИЙ СОСТАВ – распределение населения определённой территории, страны или общества по этническим группам и их доле.

ОРЫСША-ҚАЗАҚША ТЕРМИНДЕР ТІЗБЕСІ

абонентская задолженность	абонент берешегі
абонентская линия	абонент желісі
абонентский почтовый ящик	абоненттің пошта жәшігі
абонентское устройство сотовой связи	ұялы байланыстың абоненттік құрылғысы
абсолютное большинство	абсолют көпшілік
абсолютное право	абсолюттік құқық
абстрактная сделка	абстракт мәміле
авансированные средства	авансталған қаражат
авансовая отчетность	аванс есептілігі
авансовые платежи	аванс төлемдер
авансовый отчет	аванс есебі
аварийная ситуация	авариялық жағдаят
аварийный взнос	авариялық жарна
авария	авария
авторизация	авторизация
автороведческая экспертиза	автортану сараптамасы
авторский договор	авторлық шарт
авторское вознаграждение	авторлық сыйақы
авторское право	авторлық құқық
авторское свидетельство	автор куәлігі
агентское вознаграждение	агент сыйақысы
агентское соглашение	агенттік келісім
агитация	үгіттеу
адаптация	бейімделу
адаптивность	бейімділік
адвокатская должность	адвокат лауазымы
адекватность	барабарлық
адекватный человек	адекватты адам
административная ответственность должностного лица	лауазымды адамның әкімшілік жауаптылығы
административно-процессуальное право	әкімшілік процестік құқық
административное задержание	әкімшілік кідірту
административное право	әкімшілік құқық
административное правонарушение	әкімшілік құқық бұзу
административное пресечение	әкімшілік негізде жолын кесу

административное принуждение
 административное усмотрение
 административные методы
 воздействия
 административные процедуры
 административный арест
 административный надзор
 административный проступок
 административный расход
 администратор
 администрирование
 адресация платежа
 адресное субсидирование
 адресование документа
 аккордная заработная плата
 аккумулярование денег
 акт дипломатический
 акт контрольных обмеров
 акт на списание
 акт приема-сдачи
 акт прокурорского реагирования
 акт специального расследования
 акт списания товарных потерь

 активация
 активизация
 актовая книга
 актуализация сведений
 актуарный расчет
 акция привилегированная
 альтернативное обязательство
 амбулаторное принудительное
 наблюдение
 амнистия
 амортизация
 аналитический дашборд
 анкетные данные
 аннулированный чек
 анонимное заявление

әкімшілік мәжбүрлеу
 әкімшілік ықтиар
 әкімшілік ықпал ету әдістері

 әкімшілік рәсімдер
 әкімшілік қамақ
 әкімшілік қадағалау
 әкімшілік теріс қылық
 әкімшілік шығыс
 әкімші
 әкімшілік ету
 төлемді бағыттау
 атаулы субсидиялау
 құжатты адресстеу
 аккорд жалақы
 ақшаның жинақталуы
 дипломатиялық акті
 бақылап өлшеу актісі
 есептен шығару актісі
 қабылдау-тапсыру актісі
 прокурорлық ден қою актісі
 арнайы тергеп-тексеру актісі
 тауар жоғалтымын есептен
 шығару актісі
 активтендіру
 жандандыру
 акті кітабы
 мәліметтерді өзектендіру
 актуар есептеу
 артықшылық берілген акция
 балама міндеттеме
 амбулаториялық мәжбүрлі
 байқау
 рақымшылық
 амортизация
 аналитикалық дашборд
 сауалнама деректері
 күші жойылған чек
 аноним арыз

анонимное обращение
антидемократические действия
антидатирование
антиобщественное действие
апробация
арбитраж
арбитражное разбирательство
арбитражное соглашение
арбитражный расход
арбитражный суд
аргумент
аргументированный ответ
аргументированный отказ
арендный подряд
арест (в отношении лица)
арест на имущество
архивный документ
ассигнование
аудиторская деятельность
аудиторский отчет
аукционное правило
аукционный торг
аутентификация
аффилированное лицо
аффилированное лицо
потенциального поставщика
база данных
база данных кредитных историй
базисная цена
базисный риск
базовые правила
баланс интересов потребителей
балансовые убытки
банк с государственным участием
банк с иностранным участием
банкнотное обращение
банковская декларация
банковская деятельность

аноним жолданым
демократияға қарсы әрекеттер
өткен күнін қою
қоғамға қарсы әрекет
апробация
төрелік
төрелік талқылап-таразылау
төрелік келісім
төрелік шығыс
төрелік сот
аргумент
аргументті жауап
аргументті бас тарту
жалға алу мердігерлігі
қамақ, қамау (адамға қатысты)
мүлікке тоқтам салу
мұрағат құжаты
қаржы бөлу
аудиторлық қызмет
аудиторлық есеп
аукцион ережесі
аукциондағы сауда-саттық
сәйкестендірме
үлестес тұлға
әлеуетті өнім берушінің
үлестес тұлғасы
дерекқор
кредит тарихының дерекқоры
базистік баға
базистік тәуекел
базалық ереже
тұтынушы мүдделерінің теңгерімі
баланстық шығын
мемлекет қатысатын банк
шетел қатысатын банк
банкнот айналысы
банк декларациясы
банк қызметі

банковская заемная операция
банковская комиссия
банковская ликвидность
банковская пластиковая карточка
банковская практика
банковская система
банковская тайна
банковская учетная ставка
банковские билеты
банковские операции
банковский вексель
банковский депозит
банковский документ
банковский кредит
банковский маркетинг
банковский надзор
банковский перевод
банковский риск
банковский чек
банковское право
банкротство банка
бартерная сделка
бартерная торговля
безвозвратная ссуда
безвозмездная сделка
безвозмездная финансовая помощь
безгражданство
безнадежные к взысканию
задолженности
безналичные деньги
безубыточность
беспошлинная торговля
беспристрастность
бессрочный заем
бизнес ангел
биометрические данные
биржевая единица
биржевая прибыль
биржевая сделка

банктің қарыз операциясы
банк комиссиясы
банк өтімділігі
банктің пластик картасы
банк практикасы
банк жүйесі
банк құпиясы
банктің есепке алу мөлшерлемесі
банк билеттері
банк операциялары
банк векселі
банк депозиті
банк құжаты
банк кредиті
банк маркетингі
банктің қадағалауы
банк аударымы
банк тәуекелі
банк чегі
банк құқығы
банк банкроттығы
бартерлік мәміле
бартерлік сауда
қайтарымсыз несие
өтеусіз мәміле
өтеусіз қаржылай көмек
азаматтығы жоқ
өндіріп алуға келмейтін берешек

қолма-қол емес ақша
шығынсыздық
бажсыз сауда
бейтараптық, бұра тартпаушылық
мерзімсіз қарыз
бизнес жебеушісі
биометриялық дерек
биржа бірлігі
биржа пайдасы
биржа мәмілесі

биржевая торговля
биржевая цена
биржевой оборот
биржевой расход
биржевые торги
благотворительная деятельность
бланковый документ
бланковый кредит
борьба с преступностью
брокерская деятельность
брокерская записка
брокерский счет
бумажная копия электронного документа
бумажный документ
бумажный носитель
бухгалтерская отчетность
бухгалтерский учет
бытовое насилие
бытовой подряд
бюджетная деятельность
бюджетная классификация
бюджетная программа
бюджетное обязательство
бюджетное планирование
бюджетное устройство (структура)
бюджетные отношения
бюджетный запрос
бюджетный контроль
бюджетный мониторинг
бюро пропусков
бюрократия
вакансия
валидация
валидность
валютная отчетность
валютная премия
валютное законодательство

биржа саудасы
биржа бағасы
биржа айналымы
биржа шығысы
биржадағы сауда-саттық қайырымдылық қызметі
бланкідегі құжат
бланкілік кредит
қылмысқа қарсы күрес
брокерлік қызмет
брокерлік жазба
брокерлік шот
электрондық құжаттың қағаз көшірмесі
қағаз құжат
қағаз тасығыш
бухгалтерлік есептілік
бухгалтерлік есепке алу
тұрмыстағы зорлық-зомбылық
тұрмыс мердігерлігі
бюджеттік қызмет
бюджет жіктелімі
бюджет бағдарламасы
бюджет міндеттемесі
бюджеттік жоспарлау
бюджет құрылымы
бюджет қатынастары
бюджеттік сұраным
бюджеттік бақылау
бюджет мониторингі
рұқсатнама бюросы
төрешілдік
бос орын
валидаттау
валидтілік
валюталық есептілік
валюталық сыйлықақы
валюта заңнамасы

валютное колебание
валютный договор
валютный контроль
валютный риск
ведение специальных учетов
ведомство
ведомость
ведомственный архив
ведомственный учет
ведомственный финансовый контроль
вексельное законодательство
вексельное обязательство
вексельное право
вексельной договор
величина утраты товарной стоимости
вербовка
версия следователя
верховенства закона
верховенство
верховенство права
вечный вклад
вещевое довольствие
вещное право
вещное право на землю
вещные права лиц, не являющихся собственниками
взаимодействие
взносы
взыскание
взыскание
взыскание задолженности
взыскание алиментов
взять ответственность
вид на жительство
видение
видимость дороги
виды обращений
вклад

валюта өзгермелігі
валюталық шарт
валюталық бақылау
валюталық тәуекел
арнайы есепке алуды жүргізу
ведомыс
тізімдерек
ведомыстық мұрағат
ведомыстық есепке алу
ведомыстық қаржылық бақылау
вексель заңнамасы
вексель міндеттемесі
вексель құқығы
вексель шарты
тауар құнының жоғалу шамасы
арбау
тергеуші версиясы
заң үстемдігі
үстемдік
құқық үстемдігі
мерзімсіз салым
заттай ризық
заттық құқық
жерге заттық құқық
меншік иесі емес тұлғаның заттық құқығы
өзара әрекет ету
жарна
жазалау
өндіріп алу
берешекті өндіріп алу
алимент өндіріп алу
жауапкершілік алу
ықтиархат
пайым
жол көрінімі
жолданым түрлері
салым

вкладчик добровольных профессио-
 нальных пенсионных взносов
 владелец
 владелец оружия
 владелец ценных бумаг
 владение
 властное отношение
 вменяемость
 внесудебная экспертиза
 внешнее наблюдение
 внешнеторговая сделка
 внешний контроль
 вовлечение, вовлеченность
 водоохранные зоны и полосы

 военизированное формирование
 военнотруженик, проходящий
 воинскую службу
 возмездная сделка
 возмещение
 возмещение вреда
 возмещение государству судебных
 расходов
 возмещение затрат
 возмещение имущественного вреда
 возмещение потерь
 возмещение сторонами судебных
 расходов
 возмещение ущерба
 вознаграждение
 вознаграждение за работу
 вознаграждение за риск
 вознаграждение за услуги
 вознаграждение по кредиту
 возраст привлечения к
 административной ответственности
 возрастание стоимости
 воинский учет
 вотум недоверия
 вправо

ерікті кәсіптік зейнетақы
 жарналарының салымшысы
 ие
 қару иесі
 құнды қағаздар иесі
 иелену
 билік қатынасы
 есі дұрыстық
 соттан тыс сараптама
 сыртқы байқау
 сыртқы сауда мәмілесі
 сыртқы бақылау
 тарту
 су қорғау аймақтары мен
 жолақтары
 әскериленген құралым
 борышын өтеп жүрген әскери
 қызметші
 өтеулі мәміле
 өтем, өтеу
 зиянды өтеу
 сот шығыстарын мемлекетке өтеу

 шығынды өтеу
 мүлікке келтірілген зиянды өтеу
 жоғалтымды өтеу
 тараптардың сот шығыстарын
 өтеуі
 залалды өтеу
 сыйақы
 жұмыс сыйақысы
 тәуекел сыйақысы
 көрсетілген қызмет сыйақысы
 кредит бойынша сыйақы
 әкімшілік жауапқа тарту жасы

 құнның өсуі
 әскери есепке алу
 сенімсіздік білдіру
 құқылы

вред
временное свидетельство
о страховании
всеобъемлющий контроль
вскрытие
встречное условие
встречный контроль
вторичный землепользователь
вторичный рынок
выборщик
вывод
выдворение за пределы страны
выделенная доля
выделенные сети связи
выкуп
выкуп долга
выкуп кредита
вымогательство
вынесение
выписка
выписка с лицевого счета
выплата
выплата неустойки
выпуск в обращение
выработка мер
выработка предложений
выработка рекомендаций
выручка
выселение должника
выставление распоряжения
счет-фактур
вычеты по основным средствам
выявление
выявление коррупции
выявление налоговых
правонарушений
выяснение
гарантийная выплата
гарантийное возмещение

зиян
сактандырудын уақытша куәлігі

бәрін қамтитын бақылау
мәйітті ашу
қарсы талапшарт
қарсы бақылау
қосалқы жер пайдаланушы
қайталама нарық
таңдаушы
тұжырым
ел аумағынан шығарып жіберу
бөлінген үлес
байланыстың бөлектелген желілері
өтеп алу
борышты өтеп алу
кредитті өтеп алу
бопсалау
шығару
үзінді көшірме
жеке шоттан үзінді көшірме
төлем
айыпақы төлемі
айналысқа шығару
шараларды тұжырымдау
ұсыныстарды тұжырымдау
ұсынымдарды тұжырымдау
түсім
борышкерді шығарып жіберу
шот-фактура өкімін ұсыну

негізгі қаражат шегерімі
анықтау
сыбайлас жемқорлықты анықтау
салықтық құқық бұзуды анықтау

айқындау
кепілдікті төлем
кепілдікті өтем

гарантийное обязательство
гарантийный срок
гарантирование депозитов
гарантированный государством заем
гарантия
гармонизация
гендерная политика
генеральное соглашение
генеральный акт
гербовая печать
гласность
годность
голосовое сообщение
голосующие акции
горячая линия
горячая точка
государственная налоговая служба
государственная собственность
государственная
судебно-экспертная деятельность
государственная тайна
государственное казначейство
государственные долговые
обязательства
государственные доходы
государственные закупки
государственные финансы
государственный займ
государственный инвестиционный
проект
государственный кредит
государственный фонд
грабеж с насилием
гражданин
гражданская ответственность
гражданская правоспособность
гражданский служащий
график
гриф секретности

кепілдікті міндеттеме
кепілдікті мерзім
депозиттерге кепілдік беру
мемлекет кепілдік берген қарыз
кепілдік
үндестіру
гендер саясаты
бас келісім
бас акті
елтаңбалы мөр
жариялық
жарамдылық
дауыстық хабарлама
дауыс беретін акциялар
жедел желі
шиеленіс ошағы
мемлекеттің салық қызметі
мемлекет меншігі
мемлекеттік сот-сараптама қызметі

мемлекет құпиясы
мемлекеттік қазынашылық
мемлекеттік қарыз міндеттемелері

мемлекеттік кірістер
мемлекеттік сатыпалым
мемлекет қаржысы
мемлекеттік қарыз
мемлекеттің инвестициялық
жобасы
мемлекеттік кредит
мемлекеттік қор
күш көрсетіп тонау
азамат
азаматтық жауаптылық
азаматтық құқық қабілеттігі
азаматтық қызметші
кесте
құпиялық белгісі

грубое нарушение норм закона
грузовой сбор
дата упаковки
дача показаний
движимое имущество
двойная форма вины
двойное замещение
двойное налогообложение
двойное складское свидетельство
дебиторская задолженность
дееспособность
действительная стоимость
действительность
декриминализация
делопроизводство по обращениям
денежная масса
денежное довольствие
денежное обязательство
денежное отношение
денежное средство
денежные знаки
денежный перевод
денежный поток
деофшоризация
депозитарная деятельность
депозитный банк
депутатский запрос
держатель облигации
дети с особыми потребностями
деяние
деятельность
диверсия
дискредитирование
дискриминация
дисперсия
дистанционное обучение
дисциплинарная ответственность
дисциплинарное взыскание

заң нормаларын өрескел бұзу
жүк алымы
қапталған күні
айғақ беру
жылжымалы мүлік
кінәнің қос нысаны
екі міндетті қатар атқару
қосарланған салық салу
қойманың қос куәлігі
дебитор берешегі
әрекетке қабілеттік
нақты құн
жарамдылық
қылмыссыздандыру
жолданым бойынша іс жүргізу
ақша жиыны
ақшалай ризық
ақшалай міндеттеме
ақшалай қатынас
ақшалай қаражат
ақша белгілері
ақша аударымы
ақша ағыны
офшорсыздану
депозитарлық қызмет
депозиттік банк
депутаттық сауал
облигация ұстаушы
ерекше күтім қажет балалар
қылық
қызмет
диверсия
беделін түсіру
кемсіту
дисперсия
қашықтан оқыту
тәртіптік жауаптылық
тәртіптік жазалау

дисциплинарный проступок
добровольное исполнение
добровольное пожертвование
добросовестный приобретатель
доверенное лицо
доверенность с правом передоверия

доверительное управление
доверительный управляющий
договор
договор банковского счета
договор доверительного
управления имуществом
договор уступки исключительного
права
договор целевого вклада
договора найма (поднайма) жилища

договорная сумма
договорная цена
договорный режим имущества
дознание
доказательство
документы личного происхождения
документы по личному составу
долг
долг
долг солидарный
долговое требование
долговые товарные обязательства
долговые ценные бумаги
долевое обязательство
долевое участие в жилищном
строительстве
должник
должностная инструкция
должностная функция
должностная халатность

тәртіптік теріс қылық
өз еркімен орындау
ерікті қайырмалдык
адал иемденуші
сенім білдірілген адам
қайта сенім білдіру құқығы
берілген сенімхат
сенімгерлік басқару
сенімгерлік басқарушы
шарт
банк шотының шарты
мүлікті сенімгерлікпен басқару
шарты
айрықша құқықты басқаға беру
шарты
мақсатты салым шарты
тұрғынжайды жалдау (қосымша
жалдау) шарты
шарттық сома
келіскен баға
мүліктің шарттағы режимі
анықтаушы
анықтап-білу
дәлелдеме
өмірдерек құжаттары
жеке құрам құжаттары
борыш
қарыз, борыш
ортақ борыш
борыш талабы
борыштық тауар міндеттемелері
борыштық бағалы қағаздар
үлестік міндеттеме
тұрғынжай құрылысына үлестік
қатысу
борышкер
лауазым нұсқаулығы
лауазымдық функция
лауазымдық салғырттық

должность
 домашний арест
 домашний карантин
 доменное имя
 доменное пространство
 доминирующее положение на
 рынке
 домовладелец
 домовладение
 доплата
 дополнительная судебная экспертиза
 допрашиваемый
 допуск
 допустимость
 допустимость доказательств
 дорожное движение
 дорожный чек
 досмотр
 досмотр транспортных средств
 достижение совершеннолетия
 достоверность доказательства
 доступ
 досудебная претензия
 досудебное расследование
 досье
 доход
 доход предприятия
 доходность
 доходы, подлежащие налогообложению
 дочернее предприятие
 дубликат
 единая бюджетная классификация
 единовременный страховой взнос
 единоличная экспертиза
 единый государственный кадастр
 недвижимости
 единый пенсионный
 накопительный фонд
 ежемесячная отчетность

лауазым
 ұйқамақ
 үйдегі карантин
 домен атауы
 домен кеңістігі
 нарықтағы үстем жағдай
 үй иесі
 үйге иелік ету
 қосымша ақы
 қосымша сот сараптамасы
 жауап алынушы
 рұқсат беру, рұқсаттама
 жол берушілік
 дәлелдеменің жарамдылығы
 жол қозғалысы
 жол чегі
 жете тексеру
 көлік құралдарын жете тексеру
 кәмелетке толу
 дәлелдеменің дәйектілігі
 рұқсат
 сотқа дейінгі кінәрат-талап
 сотқа дейін тергеп-тексеру
 дерекнама
 кіріс
 кәсіпорын кірісі
 кірістілік
 салық салынатын кіріс
 еншілес кәсіпорын
 телнұсқа
 бюджеттің бірыңғай жіктелімі
 біржолғы сақтандыру жарнасы
 жеке-дара сараптама
 жылжымайтын мүліктің бірыңғай
 мемлекеттік кадастры
 бірыңғай жинақтаушы зейнетақы
 қоры
 ай сайынғы есептілік

жалоба
жизнедеятельность
жизнеобеспечение
жизнеобеспечение гражданского населения
жилая площадь
жилище
жилой дом
заведомо ложное показание
заведомо ложный донос
заведомо неправосудный приговор
заверение
заверенный нотариусом
завещание с условием
завещательный отказ
завладение
завладение имуществом
заговор
задаток
задача
задержание
задержание под стражу для выдачи
задолженность
задолженность по алиментам
заем
заем рентный
заемщик
казак-наряд
закладка
заключение
заключение правительства
заключение соглашения
заклучение эксперта
законный
законодательный акт
закономерность развития
оперативной обстановки
законоположение
законотворческая деятельность

шағым
тыныс-тіршілік
тіршілікті қамтамасыз ету
тұрғындардың тіршілігін қамтамасыз ету
тұрғын ауданы
тұрғынжай
тұрғын үй
көрінеу жалған айғақ
көрінеу жалған сөз жеткізу
көрінеу әділетсіз үкім
қуәландыру
нотариус растаған
талапшарты бар өсиет
өсиет міндеттемесі
иеленіп алу
мүлікті иеленіп алу
қастандық
кепілақы
міндет
кідірту
ұстап беру үшін кідірту
берешек
алимент берешегі
қарыз
ренталық қарыз
қарыз алушы
тапсырыс-жүктелім
жасырылған есірткі
қорытынды
үкімет қорытындысы
келісім жасасу
сарапшы қорытындысы
заңды
заңнама актісі
жедел ахуалдың даму заңдылығы
заң ережесі
заң шығару қызметі

законотворчество
закредитованность
закуп
закуп товара
залог
залоговое обязательство
залоговое свидетельство
замечание
замысел действий
запас
запретительные нормы
запрещено законом
запрос
заработная плата
заработок
затрата
захват заложника
зачисление денег
зашифровка агента
защита информации
заявитель
заявление
злоупотребление опекунами
обязанностями
знак отличия
идентификация
иждивенец
избиратель
извещение
изготовитель
издержка
изъятие
имидж
имущественное отношение
имущественное положение
имущественное право
имущественный доход
имущественный комплекс
имущественный спор

заңшығарым
шамадан тыс кредит алу
сатыпалым
тауар сатыпалымы
кепіл
кепілді міндеттеме
кепілді куәлік
ескерту
әрекеттің түпкі мәнісі
кор
тыйым салу нормалары
заңда тыйым салынған
сауал, сұраным, сұрау салу
жалақы
табыс
шығын
адамды кепілге алу
ақшаны есепке жатқызу
агентті шифрлау
ақпаратты қорғау
арызданушы
1. арыз. 2. мәлімдеме. 3. өтініш
қорғаншы міндеттемесін теріс
пайдалану
айырым белгісі
сәйкестендіру
асыраудағы адам
сайлаушы
хабархат
өнім шығарушы
шығасы
алып қою, шығарып тастау
имидж
мүлік қатынасы
мүліктік жағдай
мүліктік құқық
мүлік кірісі
мүлік кешені
мүлік дауы

имущественный ущерб
 инвентарный номер
 инвестиционная прибыль
 инвестиционный заем
 инвестиционный портфель
 индивидуальная система
 теплоснабжения
 индивидуальные правовые акты
 индивидуальный предприниматель
 инициатива
 инициировать
 инструктаж
 инструмент
 инструменты монетарной политики
 интеллектуальная собственность
 интенсивность
 информатизация
 информационное агентство
 информационное освещение
 информационное пространство
 информационные услуги
 информация
 информирование
 информирование потребителей
 услуг
 инфраструктурное развитие
 иск
 исключение из правил
 исключительное право
 исковое требование
 исполнение бюджета
 исполнение сделки
 исполнительное производство
 использование дохода
 исправления
 исправность
 исправность оборудования
 истец
 источники, не запрещенных
 законами

мүліктік залал
 инвентар нөмірі
 инвестиция табысы
 инвестициялық қарыз
 инвестиция портфелі
 жылумен жабдықтаудың жеке
 жүйесі
 жеке құқықтық актілер
 дара кәсіпкер
 бастама
 бастама жасау
 нұсқаулық беру
 құрал
 монетарлық саясат құралы
 зияткерлік меншік
 қарқын
 ақпараттандыру
 ақпарат агенттігі
 ақпараттық жазып-көрсету
 ақпарат кеңістігі
 ақпараттық көрсетілетін қызмет
 ақпарат
 хабар беру
 қызмет тұтынушыларына хабар
 беру
 инфрақұрылымды дамыту
 дауталап
 ережеден тысқарылық
 айрықша құқық
 дауталап талабы
 бюджеттің орындалуы
 мәмілені орындау
 атқарушылық іс жүргізу
 кірісті пайдалану
 түзеу
 ақаусыздық
 жабдықтың ақаусыздығы
 дауталапшы
 заңдарда тыйым салынбаған
 дереккөздер

истребование
 кадастровый номер
 кадровая служба
 кадровое обеспечение
 капитальный расход
 карательная функция государства

 квалифицированное большинство
 квитанция
 классификатор
 классификация
 коллегияльность
 коллективная валюта
 комментарий
 комментарий к кодексу
 коммерческая база данных
 коммерческий подкуп
 компенсационный договор
 компенсация
 компонент
 конвертация
 конвертируемая валюта
 конвертируемая облигация
 конкретная миссия
 конкретный
 конкурент
 конкуренция
 конкурсная документация
 конкурсная заявка
 конкурсное ценовое предложение
 конкурсные обязательства
 конкурсный управляющий
 консолидирование бюджета
 консолидированный бюджет
 конспиративная квартира
 конспиративный адрес
 конспиративный передаточный
 пункт
 конспирация

талап етіп алдырту
 кадастр нөмірі
 кадр қызметі
 кадрмен қамтамасыз ету
 күрделі шығыс
 мемлекеттің жазалаушы
 функциясы
 білікті көпшілік
 түбіртек
 жіктеуіш
 жіктелім
 алқалық
 ұжымдық валюта
 түсіндірме беру
 кодекске түсіндірме беру
 коммерциялық дерекқор
 коммерциялық паралау
 өтемақы шарты
 өтемақы
 құрамбөлік
 конвертация
 конвертацияланатын валюта
 конвертацияланатын облигация
 нақты миссия
 нақты
 бәсекелес
 бәсеке
 конкурс құжаттамасы
 конкурсқа өтінім
 конкурстық баға ұсынысы
 конкурс міндеттемелері
 конкурсты басқарушы
 бюджетті шоғырландыру
 шоғырландырылған бюджет
 астыртын пәтер
 астыртын мекенжай
 астыртын табыстау пункті

 астыртын әрекет ету

конституционный контроль
конституционный надзор
консультативно-совещательные,
наблюдательные органы
консультационная услуга
контекст
контракт
контрактная деятельность
контроль
контроль за уплатой налогов
контроль на соответствие
контрольная функция
контрольные органы верховной
власти
контрольный пакет акций
контрольный пост
контрольный чек
конфиденциальность
конфиденциальный
конфликт
конфликт интересов
конфликтная ситуация
концепция
координация
копия документа
короткая продажа
корректировка
косвенная принадлежность
косвенное владение
косвенные убытки
крайняя необходимость
кредит (в экономике)
кредит вещный
кредитная линия
кредитная организация
кредитная система государства
кредитная технология обучения
кредитное бюро

конституциялық бақылау
конституциялық қадағалау
консультативтік-кеңесші және
байқаушы органдар
консультациялық қызмет
мәнмәтін
келісімшарт
келісімшарт қызметі
бақылау
салық төлемдерін бақылау
сәйкестікті бақылау
бақылау функциясы
жоғарғы биліктің бақылау
органдары
акциялардың бақылау пакеті
бақылау бекеті
бақылау чегі
құпиялылық
құпиялы
1. шиеленіс, 2. жанжал, 3. қақтығыс
мүдделер қақтығысы
шиеленісті жағдаят
тұжырымдама
үйлестіру
құжат көшірмесі
қысқа сатылым
түзетім
жанама тиесілік
жанама иелену
жанама шығын
мәжбүрлі қажеттілік
кредит (экономикада)
зат кредиті
кредит желісі
кредит ұйымы
мемлекеттің кредиттік жүйесі
кредиттік оқыту технологиясы
кредит бюросы

кредитные риски
кредитный договор
кредитный отчет
кредитный ресурс
кредитование
кредитоспособность
кривая доходность
кризисная ситуация
кризисный период
криминализация
криминалистические учеты
критерии экономической
эффективности
критерий
критерий практики
критическая группа населения
крупный ущерб
купля-продажа
курьерский лист
легализация
легализация имущества
легальная разведка
легитимность
ликвидация
ликвидация актива
ликвидация организаций
ликвидность капитала
линия
лист (справка) о временной
нетрудоспособности
лицензионный договор
лицензионный сбор
лицо без гражданства
лицо, осуществляющее досудебное
производство
лицо, подлежащее
административной ответственности
лицо, подлежащее уголовной
ответственности

кредит катері
кредит шарты
кредит есебі
кредит ресурсы
кредит беру
кредит төлеу қабілеті
кірістілік қисығы
дағдарысты жағдаят
дағдарыс кезеңі
қылмыстандыру
криминалистік есепке алу
экономикалық тиімділік
өлшемшарттары
өлшемшарт
практика өлшемшарты
халықтың сынамды тобы
ірі залал
сатып алу-сату
курьер парағы
зандастыру
мүлікті заңдастыру
рұқсаты бар барлау
заңға сәйкестік
тарату, жою
активті жою
ұйымды тарату
капитал өтімділігі
желі
еңбекке уақытша жарамсыздық
парағы (анықтамасы)
лицензиялық шарт
лицензия алымы
азаматтығы жоқ адам
сотқа дейінгі істі жүргізетін адам

әкімшілік жауапқа тартылатын
тұлға
қылмыстық жауапқа тартылатын
адам

личные неимущественные права и
иные нематериальные блага
личный вклад
лишение звания
лишение прав
лишение свободы
локальное экспертное заключение
локальные акты
льготный период
максимальная сумма
малолетние дети
малообеспеченная семья
манипулирование
массовая распродажа
материальный носитель
материальный ущерб
материнская компания
медицинское показание
мелкое хищение
мероприятие
меры административного взыскания
меры вскрытия
меры запретительно-
ограничительного характера
меры оперативного предупреждения
меры пресечения
меры процессуального принуждения
местное содержание
местные налоги
место назначения
место преступления
местоположение
микрокредитная организация
минимальная заработная плата
мировое соглашение
миротворчество
мироустройство
мнение, отзыв
мнимая сделка

мүліктік емес жеке құқықтар және
өзге бейматериалдық игіліктер
жеке салым
атақтан айыру
құқығынан айыру
бас бостандығынан айыру
локалдық сараптама қорытындысы
локалдық актілер
жеңілдік кезеңі
ең жоғары сома
жеткіншек
табысы төмен отбасы
айла-шарғы жасау
жаппай сатылым
материалдық тасығыш
материалдық залал
баскы компания
медициналық көрсетілім
ұсақ-түйек жымқыру
іс-шара
әкімшілік жазалау шаралары
ашу шаралары
тыйым салу-шектеу сипатындағы
шаралар
жедел ескерту шаралары
бұлтартпау шаралары
процестік мәжбүрлеу шаралары
жергілікті қамтылым
жергілікті салықтар
межелі орын
қылмыс орны
орналасқан жері
микрокредит ұйымы
ең төмен жалақы
татуласу келісімі
бітімгерлік
әлемдік тәртіп
пікір
жалған мәміле

мобильность
 модификация
 мониторинг
 морально-психологическое состояние
 моральный вред
 моральный износ
 мотив
 мотивационный анализ
 мотивация
 мотивированный ответ
 мошенничество
 наблюдатель
 наблюдательный пост
 наблюдение
 наведение справок
 наглядно-образная фиксация
 доказательств
 наградной лист
 награждение
 нагрузка
 надбавка
 надзор
 наем (аренда) имущества
 наемник
 наемничество
 наемный труд
 назначение на должность
 наказание
 накопительный фонд
 накопление
 наличные деньги
 налоговая дееспособность
 налоговая проверка
 налоговая экспертиза
 налогово-бюджетная политика
 налоговое администрирование
 налоговое заявление
 налоговое обязательство
 налоговое поступление

мобильдік
 түрлендіру
 мониторинг
 моральдық-психологиялық жай-күй
 моральдық зиян
 моральдық тозу
 уәж
 уәждемелік талдау
 уәждеме
 уәжді жауап
 алаяқтық
 байқаушы
 байқау бекеті
 байқау
 анықтама жинау
 дәлелдемелерді көрнекі-бейнелі
 нықтау
 марапаттау парағы
 марапаттау
 жүктеме
 үстемақы
 қадағалау
 мүлікті жалға алу (жалға беру)
 жалданушы
 жалдамалық
 жалдамалы еңбек
 лауазымға тағайындау
 жаза
 жинақтаушы қор
 жинақтау
 қолма-қол ақша
 салық төлеу қабілеттігі
 салық тексеру
 салық сараптамасы
 салық-бюджет саясаты
 салық әкімшілігін жүргізу
 салық өтініші
 салық міндеттемесі
 салық түсімі

налоговый период
налоговый платеж
налоговый режим
налоговый учет
налогообложение процентов по
вкладам
налогообложение
наложение ареста
намерение
нанесение ущерба интересам
правосудия
направление запроса
нарушение закона
нарушение порядка
нарушение правила
наряд-допуск
насилие
настоящее местоположение
настоящий закон
наступления смерти
наукоемкое производство
научная разработка
начисление
начисление зарплаты
неадекватность
неадекватный человек
невиновное причинение вреда
невменяемость
негаторный иск
негласные следственные действия
негодность
недвижимое имущество
недействительность
недействительность брака
недобросовестные участники
недоимка
недостоверная информация
нежилое помещение
незаконное задержание или арест

салық кезеңі
салық төлемі
салық режимі
салықты есепке алу
салымнан түсетін пайызға салық
салу
салық салу
тоқтам салу
ниет
сот төрелігі мүддесіне залал
келтіру
сұраным жіберу
заңды бұзу
тәртіп бұзу
ереже бұзу
жүктелім-рұқсат
зорлық-зомбылық
дәл орналасқан жері
осы заң
қайтыс болу
ғылымды қажетсінетін өндіріс
ғылыми эзірлеме
есепке жазу
жалақы есептеу
бейбарабарлық
адекватты емес адам
кінәсіз зиян келтіру
есі дұрыс еместік
негаторлық дауталап
жасырын тергеу әрекеттері
жарамсыздық
жылжымайтын мүлік
жарамсыздық
неке жарамсыздығы
жосықсыз қатысушылар
бересі
дәйексіз ақпарат
тұруға арналмаған орынжай
заңсыз кідірту немесе қамау

неисправность
ненадлежащее лицо
неналоговые поступления
необходимая оборона
неоплачиваемый труд
неопровержимость
неотвратимость
неотвратимость наказания
неотложные меры
неплатежеспособность
непогашенный кредит
неправомерное поведение
неправомерность
неправомерные действия
непригодность
неприкосновенность
неприкосновенность достоинства
человека
неприкосновенность личности
неприкосновенность свидетеля
неприкосновенность собственности
непроизвольное действие
несистемный риск
несовершенная кадровая политика
несостоятельный должник
несчастный случай
нетрудовой доход
неуважение к суду
ниже порогового значения
нижеперечисленные способы
ничтожная сделка
номенклатура
номинальная стоимость
нормативно-правовой акт
нормативный договор
нормообразование
нормотворчество
нормы законодательства
носители информации

ақаулық
қатысы жоқ адам
салықтан тыс түсім
шарасыз қорғаныс
ақы төленбейтін еңбек
бұлтартпаушылық
бұлтартпау
жазадан бұлтартпау
кезек күттірмейтін шаралар
төлем қабілетсіздігі
өтелмеген кредит
құқыққа сыйымсыз мінез-құлық
құқыққа сыйымсыздық
құқыққа сыйымсыз әрекет
жарамсыздық
қол сұқпау, тиіспеу
адамның қадір-қасиетіне
тиіспеу
адамның жеке басына тиіспеу
қуәға тиіспеу, қуәгерге тиіспеу
мүлікке қол сұқпау
ықтиярсыз әрекет
жүйесіз қатер
жетілмеген кадр саясаты
дәрменсіз борышкер
жазатайым оқиға
еңбектен тыс кіріс
сотты құрметтемеу
шекті мәннен төмен
төменде санамаланған тәсілдер
маңызсыз мәміле
номенклатура
номинал құн
нормативтік құқықтық акті
нормативтік шарт
норматүзім
нормашығарым
заңнама нормалары
ақпарат тасығыш

нотариальная деятельность
нотариальные документы
о применении налоговых вычетов

обвинение
обеспечение иска
обеспечение правовой
определенности и справедливости
обеспечение прозрачности и
публичности
обжалование
обжалование действий
должностного лица
обжалование заочного решения
обжалование решения
обладатель
обладатель информации
областной реестр
облачный документооборот
обмен опыта
обнародование закона
оборот
обоснованный риск
образец специальной одежды
обратная задача
обращение
обращение
обращение взыскание
обращение граждан

обременение
обслуживание
обстановка
обстоятельства непреодолимой
силы
обстоятельства, исключающие
возможность участия в уголовном
процессе
обстоятельство

нотариат қызметі
нотариат құжаттары
салық шегерімдерін қолдану
туралы
айыптау
дауталапты қамтамасыз ету
құқықтық айқындылық пен
әділдікті қамтамасыз ету
ашықтық пен жариялықты
қамтамасыз ету
шағымдану
лауазымды адамның әрекетіне
шағымдану
сырттай шешімге шағымдану
шешімге шағымдану
иегер
ақпарат иеленуші
облыстық тізілім
бұлттық құжат айналым
тәжірибе алмасу
заңды халыққа жария ету
айналым
негізді тәуекел
арнаулы киім үлгісі
кері міндет
айналыс
1. жолданым, 2. жүгіну
өндіріп алуға жүгіну
азаматтардың жолданымы,
азаматтардың жүгінуі
ауыртпалық
қызмет көрсету
ахуал
еңсерілмейтін күштің мән-жайы

қылмыстық процеске қатысуға
мүмкіндік бермейтін мән-жайлар

мән-жай

обусловленный	шартты, шартталған
обусловленный срок	шартталған мерзім
общее положение	жалпы ереже
общественное давление	қоғамдық қысым
общественный долг	қоғамдық борыш
общественный контроль	қоғамдық бақылау
общественный порядок	қоғамдық тәртіп
объект	объект
объекты жизнеобеспечения	тіршілікті қамтамасыз ету объектілері
объем выполненных работ	орындалған жұмыс ауқымы
объявленные акции	жарияланған акциялар
объяснительная записка	түсініктеме жазба
обыкновенные (простые) акции	жай акциялар
обязанность	міндет
обязательственное право	міндеттемелік құқық
обязательство	міндеттеме
оговорка	ескертім
ограничение в праве	құқығын шектеу
ограниченная обзорность	шектеулі шолым
ограниченный доступ	шектеулі қолжетімдік
однократность налогообложения	бір реттік салық салу
однородные товары	біртекті тауарлар
оклад	айлықақы
окончательный вариант	түпкілікті нұсқа
оконченное уголовное правонарушение	аяқталған қылмыстық құқық бұзу
опасные вещества и предметы	қауіпті заттектер мен заттар
опекун	қорғаншы
опекунство	қорғаншылық
оперативное наблюдение	жедел байқау
оперативность	жеделдік
